

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕК АРДАҒЕРІ,
ҚР ЕҢБЕК СІҢІРГЕН МҰҒАЛІМІ, ПЕДАГОГИКА
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ПРОФЕССОРЫ
ТӘЖІБАЙ РАХМЕТОЛЛАҰЛЫ ШӘЙМЕРДЕНОВТЫҢ
95-ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР»
АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«НОВЫЕ ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ
В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 95-ЛЕТИЮ ВЕТЕРАНА
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ТРУДА, ЗАСЛУЖЕННОГО УЧИТЕЛЯ РК,
КАНДИДАТА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА
ШАЙМЕРДЕНОВА ТАЖИБАЯ РАХМЕТОЛЛАЕВИЧА**

**ПАВЛОДАР
2023**

ӘОЖ 001
КБЖ 72
Ш18

Редакция алқасының бас редакторы:

Садықов Е.Т., э.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы – Ректор

Жауапты редактор:

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Басқарма мүшесі-проректоры

Редакция алқасының мүшелері:

Жұматаева Е., Бегимтаев А.И., Жусупов Н.К., Бейсова А.Е., Крыкбаева М.С., Исенова Б.К., Омарова А.Р., Ибраева А.Д.

Жауапты хатшы:

Тулкина Р.Ж.

Ш18 «Білім беру жүйесіндегі жаңа инновациялық технологиялар»: педагогикалық еңбек ардагері, ҚР еңбек сіңірген мұғалімі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессоры Тәжібай Рахметоллаұлы Шәймерденовтың 95-жылдығына арналған Республикалық ғылыми конференциясының материалдары. – Павлодар : Торайғыров университеті, 2023. – 424 б.

ISBN 978-601-345-373-6

2023 жылғы 15 ақпанда Қазақ КСР еңбек сіңірген мұғалімі, ағарту үздігі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Тәжібай Рахметоллаұлы Шәймерденовтың туғанына 95 жыл толады. Т.Р. Шәймерденовтың кәсіби өмірбаяны 70 жылдан астам уақытқа созылған педагогикалық қызметпен байланысты. 1965 жылдан 1988 жылға дейін облыстық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды, оның басқарудағы жұмыс кезеңі білім беру жүйесіндегі терең инновациялық қозғалыстармен тұспа-тұс келді. Т.Р. Шәймерденов – басқарушылық және педагогикалық қызмет тәжірибесінен кәсіби жалпыланған материалды сіңіретін бірқатар ғылыми және ғылыми-әдістемелік мақалалардың, кітаптардың авторы. 2012 жылы «Ұстаз – ұлағатты ұым. Все начинается с учителя» атты шығармасын жариялап, онда Павлодар облысының еңбек сіңірген мұғалімдерінің тағдырлары бейнеленген, 2018 жылы «Воспоминания» кітабы жарық көрді, онда алғашқы мектептердің құрылуынан бастап бүгінгі күнге дейін Павлодар облысының білім беру жүйесінің тарихы туралы айтылады. «Білімнің шексіз көкжиегі» кітабы 2021 жылы қайтыс болғаннан кейін жарық көрді. Білім беру саласына қосқан үлесі үшін Т.Р. Шәймерденов екі Еңбек Қызыл Ту орденімен, бес КСРО медальмен, үш рет – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, сондай-ақ Павлодар облысының Құрметті азаматы болып табылады.

Конференцияның жинағында педагогика және білім беру, оның ішінде білім беру жүйесіндегі жаңа инновациялық технологиялар бағыты бойынша мақалалар жарияланған.

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.

Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001
КБЖ 72

ISBN 978-601-345-373-6

© Торайғыров университеті, 2023

САДЫКОВ Е. Т.
д.э.н., профессор, академик НАН РК,
Председатель Правления-ректор,
НАО «Торайғыров университет»

Құрметті достар, Торайғыров университетіне қош келдіңіздер! Бүгін ТоU кезекті рет республикалық ғылыми конференцияны өткізу алаңына айналды, оның тақырыбы – білім беру жүйесіндегі инновациялар.

Біздің конференция ұлы жерлесіміз Тәжібай Шаймерденовтің 95 жылдығына арналған.

Дорогие друзья, я рад приветствовать вас в Торайғыров университете! Сегодня ТоU в очередной раз стал площадкой для проведения республиканской научной конференции, тема которой – инновации в системе образования.

Наша конференция посвящена 95-летию великого земляка Тажибая Шаймерденова. Практически всю свою жизнь – больше 70 лет – он посвятил педагогической деятельности. Будучи руководителем областного отдела народного образования, всегда стремился к чему-то новому. Его новаторские идеи вдохновляли не одно поколение педагогов в нашей стране. Он искренне верил в свою миссию – развитие системы образования в Казахстане и был авторитетом для своих последователей.

Тема инноваций в сфере образования актуальна уже который год, мир вокруг меняется, а технологии развиваются небывалыми темпами. Мы должны принять эти изменения и изучить, как их можно использовать для повышения качества образования и обучения. Эта конференция предоставляет платформу для учёных, исследователей и практиков, которые могут поделиться своими идеями, результатами исследований и практическим опытом во всех областях образования.

Я уверен, что дискуссии и общение, которые состоятся в ходе этой конференции, станут полезны для развития системы образования в нашей стране.

Еще раз приветствую всех вас в Торайғыров университете и желаю продуктивной работы!

Спасибо.

**Пленарлық отырыс
Пленарное заседание**

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

ЖҰМАҒҰЛ САҒЫМБАЙ

ф.ғ.д., профессор, «Қазақ әдебиеті» кафедрасы,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Қазақ руханиятының кемелденуіне өлшеусіз үлес қосқан Жүсіпбек нақылдары – ұлттық ұстынға айналған қастерлі құндылық. Өр мінезімен халқының құрметіне бөленген асыл сөз алыбы журналистика, көркем аударма, әдеби сында өзіндік өрнегін қалдырды. Ұлт топырағында тыңнан тамыр жайған педагогика, психология ғылымының негізін қалаушылар көшбасынан табылды. Бастапқыда Баянауыл, Кереку мектептерінде, кейіннен Семей оқытушылар семинариясында білім алған Аймауытұлы аласапыран дәуірде қоғам ісіне кірісіп, қайраткерлік тұлғасымен көрінді. Ұлт зиялыларымен етене араласып, әлеумет жұмысына жегілді. Мемлекеттік басқару және ұлт автономиясы бойынша шешімдер қабылданған Семей облыстық қазақ сиезіне қатысады. Алаш үні «Сарыарқа» (1918-1919) газетінде мақалалары жарияланады. М. Әуезовпен «Абай» (1918) журналын шығарады. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатында, Семей губерниялық оқу бөлімінде, Ташкенттегі Қазақ институтында, «Қазақ тілі» және «Ақ жол» газеттерінде, Шымкент педагогикалық техникумында, Қарқаралы мектебінде еңбек етті.

Қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғыртқан Алаш элитасының сарабдал саяси қадамдарын қолдаған Жүсіпбек «Енді қазақ елеулі ел болам десе, санаулы сыбаға алам десе, алатын кезі келді. Алғанда немен алады? Әрине, белдесіп, теңдесіп отырып айтысса алады. Белдесуге күш керек, теңдесуге жол керектігін» ұрпақтар сабақтастығының өрелі де өміршең биігінен ұғындырды. Алаш автономиясына қол жеткізудегі жанкешті тайталасты «Әлде болса, «Ханның қара сыбағасы» деп алдымызға әкеліп беретін автономия жоқ, бұ заманда сыбаға ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен алынады» (Қазіргі саяси хал), «Бұ күнде тіршілік күресінде майданға түспеген, мәдениетке талпынбаған жұрт болмайды» (Қазір екі нәрсе керек) деген кесімді ойымен үстеді. «Артынан елі ермеген басшы – басшы бола алмайды. Басшының артынан ермеген ел – ел бола алмайтынын» айтқанда, «Қараңғыда қан жылап қаңғырған күнде

басынды алаш жолына құрбан қылған ағамыз, асқар беліміз» Әлихан Бөкейхан бастаған үркердей шоғырға тірек болудағы әлеумет міндетін айқындады. Отаршылдықтан арылған арда жұртының саяси хұқына қатысты «Адам баласы өзінің тұрмысын түзеуге ерікті» (Мемлекет құрылысы) екенін нығырлап, «Алаш Орданың қазіргі мақсаты – қазақты жұрт қылып, автономия алу» (Қазіргі саяси хал) (Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. «Комплекспен оқыту жолдары» (оқу-әдістеме), мақалалар, хаттар. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. 6 том. 334-б.) болып отырғанын ақ алмастай ойымен шегеледі. Алаштың тұңғыш құрбаны атанған мұраттасы Қазы Нұрмұхаметұлының ерлігіне рух асқақтығын дарытты: «Өкінбе! Ұлтың үшін туып едің, ұлтың үшін өлдің».

«Ақылды дана, рахымды әділ, шынға сусаған, қыңырды жөнге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай» кемеңгерлігіне бойлап, Қаражан Үкібайұлы сынды ұлт меценаттарының қаржылай демеуімен «Абай» журналын жарыққа шығарған Аймауытұлы «Қазақта қашаннан білгіштің соңынан ергіштік береке барын» (Журнал туралы) дұрыс көрсетті. «Бұл заманда жан сақтауға, бас қорғауға, тұрмысты түзетуге қалып отырған құрал – өнер, ғылым, қысқаша айтқанда – мәдениет» құдіретінен асқан күш жоғына иландырды. «Оқымай мәдениет жоқ: мәдениетсіз ел, қандай көп болсын, күшті болсын, ұлтшыл болсын, ұлттығын сақтап, табанды ел болып тұра алмайды» (Қазір екі нәрсе керек) деген ұлағаты маңызын жойғаны жоқ.

«Ерінбей еңбек етуге таудай үміт, табанды қайрат, шамдай мұрат (идея), жалынды жүрек, терең білім керек» (Асыл қазына жиналса екен) дегенде «Тіршілік дегеніміз – дүнияға келу, ішіп, жеу, өлу ғана емес, ойлай білу» (Әдебиет) екенін түрлі тақырыптағы ой-толғамдарына үзілмес желі етіп отырды.

Жүсіпбек – қазақ классикалық әдебиетінің белді өкілі. Сондықтан «Әдебиет – ұлттың жаны. Ұлттық сана, тағдыр, жан жүйесі – көркем өнердің басты тақырыбы» (Ж.Аймауытовтың А.Байтасовқа хаты) болып қалатынын эстетикалық үйлесімде түйсінгендіктен, «Абайдан соңғы ақындар», «Абайдың өмірі һәм қызметі», «Мағжанның ақындығы», «Әдебиет мәселесі» (Талқыға), «Көркем әдебиетті саралау», «Әдебиет мұралары», т.б. мақалаларымен қазақтың асыл сөзін, әдебиет алыптарын пролеткульшілдік саяси қаралаулардан қорғауды суреткерлік парызы санады. Интеллектуалдық өрісі мен өресі бөлек проблемалық әрі полемикалық мақалаларында өнер поэтикасын теориялық саралауға,

каламгерлер шығармашылығының психологиясын бажайлауға объективтілікпен келді. Ұлттық, адамзаттық құндылықтарды қылбұрауға ала бастаған әміршіл-әкімшіл жүйеге қарсылығын «Әдебиет бақалшының қоржыны емес, қотанда жатқан қықым-сықымды балалар алдап сатып тыға беретін» (Абайдан соңғы ақындар), «Өзі өмірді анық, жете біліп, өзгелерге жөн сілтеп, қараңғыны жарық, бұлдырды ашық көрсете алмаған ақын – ақын емес» (Мағжанның ақындығы), «Өлең еместі өлең деп, жұрттың алдына тартуымыз ұят. Бұл туралы өлеңшілер ойлану керек» (Көркем әдебиетті саралау), «Әдебиетке баға берген ел ақынға етік тіккізбес болар» («Жоққа» ескерту), «Жазушылық, ақындық сүйекке бітетін өнер: қанша машықтаса да, кім болса сол жазушы бола алмайды, кемелдікке жете алмайды» (Жан жүйесі мен өнер таңдау) іспеттес нақылдарымен жеткізді.

«Ақынның жүрегі не нәрсенің болсын жарастығын, келісімін, сұлудың сұлуын іздейтінін» (Абайдың өмірі һәм қызметі) түйгенде, «Мағжан – табиғат қойнында туып, табиғат анасының бауырында өскен нағыз табиғат ұлы» (Мағжанның ақындығы туралы) бағытындағы эстетикалық талдауларын классикалық филология қағидаттарымен дәйектеп отырды. «Тіршіліктің ауыр соққысына иленіп күйсіз, құл болып жүрген өнер өркендемек емес. Жақсы нәрсе шығару үшін камсыз тұрмыс, көтеріңкі көңіл керек. Күйсіз жүйрік жүгірмейді» (Қазаққа пайдалы жас талап), «Әдебиет – өнер. Өнер азды-көпті еркіндік тілейді» (Әдебиет мәселесі Талқыға) деп шығармашыл тұлға азаттығын, сөз бостандығын қызғыш құстай қорғады.

«Жүрекке, ихтихатқа, иманға қолқа салу кімге де болса зорлық, әсіресе ақынға зорлық» (Ардақты Мағжан!), «Ақын – елінің тілі ғой, адал туған ұлы ғой, бұлк-бұлк еткен жаны ғой, жанын жеген ары ғой, айта алмай жүрген зары ғой. Жайынан, ардан безбесе, ақынын қандай ел қастерлемекші» (Ашық хат Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына атсалысыңыздар), «Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған сырын, оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толғаулы сөзімен айта білуінде» (Мәшһүр аға!), «Әдебиетті сынауға жалаң саясатқа сауатты болу жетпес, әдебиетші де, ғалым иесі де болу керек» (Әдебиет мәселесі Талқыға) деген ақ жүрек ердің әдеби сын әдіснамасы, өнер стихиясы, сырлы сөздің әсемдік әлемі, рухани кеңістіктің ұлттық өзегі, кеңес идеологиясының қасандығы хақындағы нақылдары өрелі тақырыптарға батыл бойлауымен өміршен.

«Адамның жанына азық беретін, жабыққан көңілдің пердесін көтеріп, ой сәулесін жіберетін, адамды тербететін, оятатын (музыка) күй саймандардың үні, тамылжыған тәтті әндер болады» (Музыканың пайдасы), «Жалпы мәдениет, әдебиет мәселесі – әрбір ұлттың тарихының төрінен орын алатын қиын мәселе» (Ән-күй жайында), «Көңілдің көлеңкесі ән-күйге түседі. Әдебиеттің айта алмағанын ән-күй айтып береді. Күй халықтың жүрегі ғой, жүрек қалай қақса, әуез де солай толқымақ, бармақ та солай билемек. Ән-күй қазақ тарихына бір қымбат дерек, ән-күй (музыка) ұлттықтың бір нысанасы» (Күйлерді жинау керек) (Қараңыз: «АҚ ЖОЛ». Көптомдық. 21 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы, Үсен Жанбайұлы. – Нұр-Сұлтан, «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. Т. 21. – 2020. 339-б) сипатында ой сабақтаған энциклопедиялық білім иесінің музыка, театр, өнер хақындағы «Театр кітаптарын қалай көбейтеміз?», «Театр кітабы туралы» (Театр кітапсыз түрленбейді, көгермейді), «Музыканың пайдасы», «Ән-күй жайында», «Күйлерді жинау керек», т.б. толғаныстарындағы нақылдары өнертанудың тылсым иірімін екшеудегі жаңашыл қадам болуымен сипатталады.

«Адамшылықты, өнерді сүйген таза жүректе біреуді олай, біреуді бұлай ұстайтын тар мінез болмайды. Адам табысы адам баласына ортақ. Қазақстан Затаевичтерді адал ұлындай көру керек» деп білген әнші, композитор Жүсіпбек өнерпаздығына ұлы даланың музыкалық мұрасын жаңғыртушы А.Затаевичтің сүйсінуі тегін болмаса керек.

«Күн көру тәсілін сырттан жұқтырып, үйрене беруге болады. Рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруге болмайды» (Асыл қазына жиналса екен) іспеттес нақылымен ұлттық құндылықтарды ардақтауға, елдік қасиеттерді қастерлеуге үнемі ой салып отырған Аймауытұлы «Ұлтты сүю» мәселесіне жанкешті толқынның жаңаша өредегі танымымен үнілді. Ұлттың сүю өткеніне орынсыз тамсану, бұрынғынды жөнсіз дәріптеу, қандасынды мән-мағынасыз мадақтау емес екенін ұғындырды. Өркениет аламанында озғандар тағылымы, оқығандар міндеті, жұртқа қызмет ету қағидаттары байыпталған толғамындағы нақылдары ұлттық ойлау жүйесіне сыни көзқарас дарытты. Аламан ғасырдағы қандасының ойлы, арлы, жігерлі, харакетшіл болуын дйттеген арман-аңсары көрініс тауып жатты.

«Ұлттың шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін

елетіп отыр. Ұлты үшін қызмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр».

«Оқығандар өзін-өзі тәрбие қылу керек. Қара халықтан жиренбей, жақын жүріп, сырласып, мұң-мұқтажымен таныс болып, өзі ұлтын сүюге, халыққа өзін сүйгізуге жаһат қылуы керек».

«Оқығандар! Бұл уақыт жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойлаңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғамыз, олай болса, мойынымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр».

Санаткер «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі мен өнер тандау» (1926), «Комплекспен оқыту жолдары» (1929) іргелі еңбектерімен қазақ ғылымында педагогика, психология ілімдерінің негізін қалап, тың ізденістер мен жаңа бағыттарға жол ашты. «Бізді ерекше таңғалдыратыны – адам психологиясын зерттеуде математиканы, оның вариациялық статистика дейтін саласын қалайша пайдалануға болатындығы жайлы мәселе. Қазақ топырағында мұны Аймауытовтан басқа ешкім күні бүгінге дейін көтермеген. Біздегі ғылыми психологиялық терминдердің алғаш жүйеге түсуі де Аймауытов есімімен байланысты» (Қ.Жарықбаев). «Психология» оқулығында 320 шамасында термин қолданылған (Ш.Құрманбайұлы).

«Тәрбие», «Әдет заңы», «Бұл әдеттен арылу керек», «Жастар кім?», т.б. мақалаларындағы нақыл сөздері ұлттық болмыстан суарылған шешендік қуатымен әсерлі де әуезді. «Адам баласына дене тәрбиелеудің үстіне жанын (рухын), ақылын, сезімдерін, жігерін-мінезін тәрбие қылу керек. Денесі мен жаны бірдей тәрбиеленбеген кісі сыңар жақтау бола беретінін» (Тәрбие) зерделеуімен жантану ілімінің терең қатпарларын үңгіді.

«Тәрбиеге туған жұрттың тіл, мінезі, тұрмысы да әсер қылмақ. Қысымшылық көрген, жасқаншақ болған, жалыншақ, жабыңқы елдің баласы да сондай болмақ. Ашық көңілді, сауықшыл ер-жұрттың баласы да сауықшыл ер болмақ. Діндар елдің баласы діндар келеді» (Тәрбие).

«Жылауық, байбалам, жалыншақ, сұраншақ, жағыншақ, жарамсақ елдің жаны құл болады» (Бұл әдеттен арылу керек), т.б. нақылдары ұлттық тәлім-тәрбие ерекшеліктерін бағамдаудағы келелі мәселелерді көрсетеді.

Қазақ тіл білімінің дамуына еңбек сіңірген ұстаз, әдіскер, лингвист ғалымның ана тілі, емле, әдістеме, терминология хақындағы «Қазақ тілін іске асыру қамы», «Емлені өзгертуге жоба»,

«Жазу таңбамызды азайту туралы жоба», «Жазу мәселесі туралы соңғы сөз», «Ана тілін қалай оқыту керек?», «Пән сөздері қалай табылады?», «Тіл туралы», «Қазақша қат таныту әдістері», «Қат таныту әдістері», «Үлгі мектептері керек», «Мектеп қандай болу керек?», «Емлені оңайлату жобасы», «ҰУ, БУ, ІУ, ҰУ (Емле жайында айтыс ретінде)», «Емле, әріп жайынан (айтыс ретінде)», «Дәйекші жөнінен» (жаңа әліппешілер сиезінің қарсаңында), «Жаңа әліпби емлесіне түсінік», «Әдебиет тілі мен емле (ойласу ретінде)», «Ана тілінің оқыту әдісі (Қат таныту алдындағы жұмыс)», «Жаңа әліпті тез үйрету жолы (барлығы 6 сағатта)» (Қараңыз: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы», 2013.) ғылыми мақалаларының айшықты өрнектері ұлттық бояуы қанық нақылдарға табан тіреп отырады.

«Қазақ жоғалса, тілі де жоғалады: жасаса, өркендесе, тілі де өркендейді» (Жазу мәселесі туралы соңғы сөз).

«Білімнің қиқымы бейне бір суда жүзген жеміс: бес бармақты батырып, шенгелдемесең, уысына түк ілінбейді, іліксе де, аз келеді. Ендеше, білім алуға қармақты тұс-тұсынан салу керек. Ол қармақтар – санылау мүшелеріміз (көз, құлақ, тіл, мұрын, қол – дене). Балаға сөйленіз (тыңдасын!), жазыңыз (көрсін!), айтқызыңыз (тілімен қызмет етсін), жаздырыңыз (қолымен, денесімен істесін!). Міне, тұс-тұсынан қармақ салған деп осыны айтады. Мүшелері жегілсе, оқушы тез меңгеріп, тоқып алады. Сабақ сайын оқушының есінде болатын бір мықты әдісі осы болу керек» (Ана тілін қалай оқыту керек?).

«Білім – бір судағы меруерт, шенгелдемесең, уысыңа міз ілінбейді. Білім – бір алтын балық, қармақты тұс-тұсынан қамы салсаң, жылп береді. Білім – бір қызыл түлкі, қағушыны қаптатып, үстінен құс салып, астынан ит жүгіртіп, толайламасаң, ұстатпайды. Білім ұстайтын сол құралдар бізде бар ма? Бар. Көз – бүркіт, құлақ – қағушы, тіл – тазы, қол – қармақ, ой – шенгел. Сөйлеңіз – бала тыңдасын (қақсасын), жазыңыз – көрсін (шолысын), сөйлетіңіз – тазы боп қусын, жаздырыңыз – қармақтансын, сұраныз – ойлансын, оқысын, сабақ сайын есте болатын ереже, әдіс осы» (Ана тілінің оқыту әдісі).

«Тіл» деген нәрсе біліммен бірге өсетін, өрбитін жанды нәрсе. Тілдің өсіп, өркендеуі де табиғи жол болу керек. Жанды нәрсе өз ағынымен, өз еркімен, қысылмай, зорлық көрмей, өсіп жетілмек. Мәдениетіміз күшейсе, тіліміз өзінен-өзі күшейеді» (Пән сөздері қалай табылады?).

Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды ұлт қайраткерлерінің саяси және рухани мектебінде

шыңдалған Жүсіпбек 1920 жылдардағы аштық алапатында азаматтық парызын өтеуде иісі қазақ баласына өрнек шашты. Семей губерниялық Аштарға көмек комиссиясының уәкілі қоғамдық қызметін атқарған қайраткер «Ашыққан ел һәм Семей азаматтары» (Ақ жол. 1922. 25 апрель), «Атқа мін азамат!» (Ақ жол. 1922. 15 июнь), «Торғай аштарына апарылған жәрдем туралы (Ақ жол. 1923. 27 май) мақалаларымен дүйім жұртты қасіретке тап болған кандастарына қорған болуға үндеді.

«Қазіргі мемлекет жұмысының ең зоры, ең тығызы – аштарға жәрдем беру. Россияда отыз миллиондай халық ашаршылыққа ұшырап отыр. Біздің Қазақстанда үш жарым миллион ел аштық ажалының құшағында» («АҚ ЖОЛ». Көптомдық. 7 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы. – Нұр-Сұлтан, «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. Т. 7. – 2020. 306–б.) екенін нақты деректермен бекітіп, осынау қиын-қыстау күндердегі әлеумет жауапкершілігін жеріне жеткізе айтты.

«Қазақтың үлеспеген еншісі бар. Қазақтың бірінен-бірі жейтін қонағасы, алатын қолқасы бар. Аштарға жәрдем беретін малым кісіге беретін қонағасым, қимас досыма беретін қолқам деп ойласын. Бұл қолқа берілетін жолды бірінші туысқандық бауырлығы, қарындастығы үшін беруге, екінші ұлтты сақтау үшін, қазақ атын жоғалтпас үшін беруге, үшінші әлеуметшіл, адамшыл, азаматтық борышымызды атқару үшін беруге міндеттісіздер» (Жүсіпбек. Атқа мін азамат! // «АҚ ЖОЛ» (газеті). Көптомдық. 7 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 308–б.).

«Қырылып жатқан елді ажалдан құтқару көп көмек керек қылды. Ашаршылықпен алысудың қасында өзге жұмыстың бәрі ойыншық көрінді.... Семейдің губерниялық аштар комиссиясы Қазақстанның орталық комитетімен телеграмма арқылы тілдесіп, осы жобамен іс қылуға рұқсат алды. Май айынан бастап Семей азаматтары түгел атқа мінді. Сатбаев, Ермеков, Сәрсенов, Шынарбаев, Ғаббасов, Кочиков, Дулатов, Әлімбеков, Аймауытов, Бөгенбаев, Қарабаев, тағы толып жатқан жүзден артық кісілер жәрдем жинауға кірісті» (Аймауытұлы Ж. Торғай аштарына апарылған жәрдем туралы // «АҚ ЖОЛ» (газеті). Көптомдық. 11 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым

Қасымханұлы, Үсен Жанбайұлы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 262-бет).

Жүсіпбектанушы Н.Қуантайұлы атап көрсеткеніндей, «Сүйтіп, 1922 жылы әуелгі кезекте жиналған 4-5 мың малды айдап жаз ішінде шыққан, бетегелі Сары-Арқаның күншығысынан күнбатысына, Торғай төңірегіне қара күзде өрең жеткен мал жеткізуші топтың басшысы да қалам қайраткері Жүсіпбек Аймауытұлы болған» (Қараңыз: «Алаш Орда баспасөзі және Жүсіпбек Аймауытұлы». – Өскемен: «Altay-Пресс», 2013. 102-бет).

«Көз жасымызды көргендерге амандық берсін, тәңірі жарылқасын!». Семейден Торғайға екі рет мал келді, алдыңғы ретте 4249 қара, соңғы ретте 3836 қара, барлығы 8085 қара; мұның 2711-і жылқы, 5189 сиыр, 185 түйе.

...Бұрында талай жұттар болған, бірақ мұндай жәрдем еткенді көз көріп, құлақ естіген жоқ. Бұл жәрдем шын ағайындық, адамгершілікпен етілген жәрдем, мұны алушылар түсініп, күн сайын мың-мың алғыс айтып отыр» (Семей елін тәңірі жарылқасын! // «АҚ ЖОЛ» (газеті). Көптомдық. 9 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы, – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 191–б.).

«Партия», «Қазақтың өзгеше мінездері», «Ұлтты сүю», «Қазақ партиясын жою туралы бір-екі ауыз сөз», т.б. мақалаларымен әлеумет санасы, қоғам тынысындағы кейбір кем-кетіктерге сын көзімен қараған тектінің «Сотты сұрыптау» мақаласында «Жауыздықтың мұрты қисайған жоқ. Енді бұған не дауа?» («АҚ ЖОЛ» (газеті). Көптомдық. 6 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы, – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. Т.6. 103–б.) деп күйінуі тегін емес еді. «Еңбекші қазақ» газетінде Аймауытұлына жала жабылды. Орынсыз ғайбаттауға жауап жазған қайраткер (Жүсіпбек. Жауап // Қазақ тілі. 1923. №42) атақты «Торғай ісі» бойынша қуғын-сүргінге түсті.

«...Жеке адамдарға, қызметкерлерге мал бергенде комиссияның ұйғарған адамдарына ғана бердім. Малдың дұрыс бөлінуіне, мұқтаждарға, аштарға берілуіне көңіл бөлдім. Бірақ елмен таныс болмағандығымнан кеткен қаталар болмаса, мал бөлу жөнінде орынсыз қиянат істеген жоқпын» (Жүсіпбек Аймауытұлының жауабы // Социалистік Қазақстан. – 1990. – 20 қараша. Материалды газетке әзірлеген Дихан Қамзабекұлы) деген арлы азаматқа қатысты қанды қол биліктің имансыз үкімі шықты (Қараңыз: Қаленова Т.

Жүсіпбек Аймауытовтың қуғындалу тарихы немесе «Торғай ісі» сот процесі // e-history.kz › news › show).

Сол бір тұманды жылдардағы бейуақ күндердің куәгері әдебиеттанушы ғалым Б.Кенжебаев Жүсіпбектің азаматтық тұлғасын тебіреніспен еске алды: «Сот үш күнге созылды. Үшінші күні Жүсіпбек соңғы сөзін сөйледі. Оны түгел жазып алған екен, мәнерлеп оқып шықты. Залда отырған көпшілік өте риза болды. Соңғы сөзін Жүсіпбек түгелдей қазақ халқының әдет заңы негізіне құрған еді. Асылы былай болды: «Қазақ ежелден қарыз беріп, қарыз алады; күн беріп, күн алады; қалың мал береді, қалың мал алады. Сонда ол бірінен-бірі ешуақытта қолхат алмайды; ешбір протокол жасамайды; Бәрі ауызша, сөзбен жүргізеді. Бұл әбден әдет болып кеткен.

Аштарға жәрдем беріп үлестіргенімде менің бойымда да, ойымда да осы заң күшті болды. Мен атам қазақтың осы заңын ұстандым. Аштарға не берсем де, ешқайсысынан қолхат алмадым. Хат білмейтін, аштан көзі қарайып, өлейін деп отырған адамнан қолхат сұрауды қолайсыз көрдім» дегенді айтты» (Қараңыз: Кенжебаев Б. Телегей теңіз (Жүсіпбек Аймауытов жөнінде есімдегілер) Алғы сөзін жазып, әзірлеген Құлбек Ергөбеков // Лениншіл жас. – 1989. – 6 январь).

Түйіп айтқанда, ұлт перзентінің қайраткерлік болмысы, шығармашылық тұлғасындағы қайталанбас қасиеттерін жаңа ғасыр биігінен тану үрдісі толастамақ емес. Ұлтына алғаусыз қызмет еткен Жүсіпбек нақыл сөздері Алаш өркениетінің рухани қайта түлеуіндегі мәңгілік саркылмас қазынасы болып ғасырлардан ғасырларға ұласа бермек.

Мақала AP14870415 «Алаш кезеңі әдебиеті: интегративті фольклортану контексті және жаңа ғылыми парадигма» жобасы аясында дайындалып жарияланды.

АСЫЛ-ТҰЛҒА АМАНАТЫН БҮГІНГІ БІЛІМ ЖҮЙЕСİNДЕ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ

ЖҰМАТАЕВА Е.

п.ғ.д, профессор, академик,

Ж. Аймауытов атындағы Этнопедагогика және білім берудің инновациялық технологияларының ғылыми-практикалық орталығының директоры, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Әр халықтың уақыт, заман ағымындағы тарихи көшінде жылдар жылжып, зымырап ғасырлар ауысса да, уақыт сынына бой алдырмайтын, тот баспайтын мәңгілік біліми-ғылыми, рухани құндылықтары болады. Мұндай құндылықтар адами болмыстың табиғи тектілігіне қатысты. Табиғи болмысында Тәжібай Рахметоллаұлы Шаймердентегінде адалдықтың лебі есіп, оны өзіне пір тұтқаны, көзі қаракты, сөзі шырынды, көңілі бай, ішкі – сыртқы біліктілігі ұдайы өрлеу үдерісінде екендігіне қарамағындағы қызметкерлерінің көзі жеткен еді.

Кешегі волонтаристік-кеңес дәуірінде білім игертуге қатысы бар қалалардың, аудандардың оқу ісін меңгерушілері мен «ұстаздық корпусын» басқару оңай болмағаны өз-өзінен түсінікті. Тәжекеңнің Облыстық оқу бөлімін басқаруының кредосы (бүгінгі өлшеммен айтсақ): (Оқу-білім нысанын басқаруда сергек, сақ жүру; рахат пен машахаттың қатар екенін түсіну, ескеру; Сүйініш пен күйініштің жұптасуына мән беру, қатты қуанудың өзі қайғыны шақыру». Бұндай өз-өзін нәпсіліктің қақпанына түспеуіне бір қалыпты, байыпты, салиқалы, салмақты, мінез-құлықпен өмір сүргеніне таныстары, жолдастары, дүйім жұрт күмән келтірмейтініне сенімдемін.

Тәжекеңнің қамқорлығы – тәртіп орнату, оның өзін дауыс көтермей, сабырмен бір-екі сөйлемін шегелеп айтуымен ықпал ететін. Эмоциямен қарым-қатынас құру сол қоғамның басымдығына айналса да, бастығымыз ешуақытта сезім жетегінде кетпей, тұғырлы бағыт-бағдар беретін. Жүсіп Баласағұнның ізгілікті жан үлгісіндегі: «Тәртіп орнап, жұрт байыды, білісті, Бәрі мен қой бірге тұрып, су ішті» деген пәлсапалық талабына Тәжекеңнің басқару стилі дәлме-дәл үндесіп келетін.

Тәжекең кадр мәселесін шешуде алдына жан салмайтын. Инспектор-әдіскерлері, директорлары, оқу ісінің аудандық, қалалық, облыстық, аймақтарындағы мамандарды өзі таңдап, іскерліктері мен білікті-шығармашыл қабілеттерінің бір-біріне ұқсамайтын даралық болмыстарына, ізгілікті ұстанымдарына

қарай, іс-сапарға барғанда өз міндеттерін нәтижеге бағындырып орындауларына мән беретін.

Кенес үкіметінде өз ұлтының мүддесін бақырайтып сырт көзге көрсетпегенімен, біздер, қарамағындағылар, жықпай танитын едік. Тәжекеңнің еңбекқорлығы білім мен ғылым жасау тұрғысындағы үздік іс-әрекеті ерекше.

Зейнетке шыққаннан кейін Облыстық оқу бөлімінен автономды болып бөлініп шыққан «ИПК» (институт повышения квалификации) мекемесінде

«Педагогика кафедрасының меңгерушісі» қызметін атқарды. Ол қызметте де өзінің ізгілікті де тынымсыз еңбегінен жаңылған жоқ. Осындай жұмысты атқару барысында талай-талай әртарапты басқару стилінде пайдалы оқу құралдарын, монографияларын, ғылыми еңбектерін кейінгі ұрпаққа аманат етті.

Қабыш жеңгеміз – Павлодар педагогикалық училищесінде (педколледж) оқытушы болып, еңбегінен із қалдырып, маман даярлаған тұлға. Нағима, Сәуле, Нәйла атты үш періштелері мен және Асқар атты бір ұл баланы өмірге әкеліп тәрбиелеген. Нағима музыка саласының маманы болса, Сәуле мен Нәйла дәрігерлер. Ал Асқар мамандығы бойынша инженер. Тағы да басқа ауызға толтырып айтарлықтай ұрпағы бар. Шаймерденов Тәжібай Рахметоллаұлы облыстың білім басқармасын 1965–1988 жылдар арасында 24 жылдай басқарып, үлкен абыройға ие болып, облыстың білім беру саласын республика және Одақ көлемінде танымал ғалым дәрежесіне жетті.

Дос – жарандары: Қ. Нуркин, Х. Демесинов, С. Сағынаев және т.б. Тәжібай Рахметоллаұлын «Луначарский» деп атаған. Бұл жай ұқсату емес, Елін, Отанын, Отбасын сүйген Тәжекең – өзінің қайталанбас мәртебесімен болашақ ұрпаққа із қалтырған тұлға.

Отбасылық құндылықтары- адалдық, ізгілікті жол, адамдарға құрмет, кітап пен қажетті ақпарат көздерінен білім мен ғылымды өмір сүру тәжірибесінде қолдану. Тәжібай Рахметоллаұлының біздерге берген ақыл-кеңесі кәсіби құзыретімізді мемлекеттік тапсырысқа сай орындап, оны аса саясаттандырмай қызмет ету деген сындарлы аманатын орындау – біздердің парызымыз. Конференция тақырыбына сай ой-толғам жасасақ, Жаңа Қазақстанның білім жүйесін басқаруда инновациялық білім технологияларын іске асырудың құрылымын, ұйымдастыру техникасын, қағидаларының өзара бір-бірімен ұштастығын қайта қарау, заманауи мүддесіне унификациялау қажеттігі туып отыр. ХХІ ғасыр білімді ғылыми

негізде білімденудің озық инновациялық технологияларымен меңгеру ғасыры болып табылады.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жанарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. «Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э. Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді. Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді.» Масырова Р. Линчевская Т. – «Жаңару» дегенімізді былай деп түсіндіреді: «Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея. Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау,

меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н. Нұрахметов «Инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктелуінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке – дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке – дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Әдіскер С. Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілігін арттырады;
- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;
- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;
- саралап деңгейлел оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.
- ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;
- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

– ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала – субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады.

Жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады.

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В. Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады. Инновациялық процестерді ендіру үш өзара байланысты күштер анықталады: енгізілген технологияның ерекшеліктерімен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен; жаңалықты енгізу жолдарымен. Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы.

Мотивациялық өлшемдеріне танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді. Мазмұндық өлшемдеріне болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен мәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас

педагогикалық үрдістің заңдылықтары, мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін және жеке тұлға теориясының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі, білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады. Бейімділік өлшемдерін болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті жатады: бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, микроорта өзгерістеріне сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ маманның білімгер мәртебесінен оқытушы, ұстаз мәртебесіне ауысуының ерекшелігін сезіне білуімен бейімділік іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана алуларымен ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Сындарлы қоғамдық диалог– Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі: Қазақстан халқына жолдау// [https:// www.akorda.kz/kz/addresses.25.04.2020](https://www.akorda.kz/kz/addresses.25.04.2020)
- 2 ҚР білім жүйесін басқарудағы білімденудің инновациялық технологияларын іске асыру негізі ретінде. Инновациялық қызметі туралы Заңы. ҚР – 2002.– 3 шілде. – № 333.
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы №1459 Жарлығымен бекітілген // САПП РК. – 2004. – №39. – 3 – 53 б.
- 4 Жұматаева Е., Қадысова Р. Ж. Қазақстан Республикасындағы білім жүйесін басқаруда білімдену инновациялық технологияларын жүзеге асыру. –Павлодар, 2008.
- 5 Полат Е. С., М. Ю. Бухаркина, Моисеева М. В., Петрова А. Е. «Новые педагогические и информационные технологии в системе образования». – М., 2004.
- 6 Горовая В. И., Тарасова С. И. Педагогическая деятельность как категория педагогики: основные проблемы и направления исследования // Наука. Инновации. Технологии. 2004. №36. URL: <https://pedagogicheskaya-deyatelnost-kak-kategoriya-pedagogiki-osnovn-e-problem-i-napravleniyaissledovaniya.pdf>

Докторанты Жуматаевой Е. О.

- 1 Ахмеджанов Асад Бейсенгазизович «Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастырудың негізі ретінде білім мазмұнындағы халықтық дәстүрлер».
- 2 Нурғалиева Муршида Елубаевна «Студенттердің интеллектуалды әлеутін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық шарттары».
- 3 Кударова Назгуль Абильбековна «Жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуде ұлттық кодтың атқарар рөлі».
- 4 Кодекова Галия Бикеновна «Жоғары оқу орнында студенттердің көшбасшылық қасиеттерін өркендетуде ұлттық кодтың атқарар рөлі».
- 5 Кажикенова Гульнар Муратовна «Развитие рефлексивного диалога в педагогическом процессе ВУЗа».
- 6 Суюндикова Маргисат Кабиденовнаның «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері».

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ТҰЛҒАТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚАЛИЕВ Ж. Н.

п.ғ.к., ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары

Отан тарихы ғылымының «ақтандақ беттерін» қайта қарау арқылы, елдің бүгінгі мен ертеңі үшін маңызды, өзекті мәселелерді ой елегінен өткізіп, тәуелсіздік тарихнамасы тұрғысында жаңаша көзқарас қалыптастыру қажеттілігі туып отырғаны белгілі.

Кезінде Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ – жоқ іздеген халық», – деп жазған еді. Яғни рухани және материалдық мұраларын өзге жұрт тасып әкеткен, жоғалтқан замандар болды. Осы күнге дейін халқымыз соны түгендеу, іздеумен келеді.

Бүгінгі қоғамдағы түбегейлі өзгерістер халқымыздың ауыз бірлігін, белсенділігін, әр азаматтың жеке басының жауапкершілігін талап етеді. Қоғамдағы келісім мен бейбіт өмір, саяси тұрақтылық үшін жан аямай қызмет ету, өз Отанына, отбасына, елі мен жеріне деген сүйіспеншіліктен ғана туады. Шынайы тарихты білу мен құрметтеу кемел келешекті, патриоттық рухтағы жастарды қалыптастырып, жаңа Қазақстанның құрылуы мен дамуына жол ашады.

Қасиетті Тәуелсіздік, бұл ата-бабаларымыз аңсаған тұғыры берік елдігіміз бен мемлекеттігіміздің жарқын көрінісі. Тәуелсіздігімізді құрметтеу ол әрбір тәуелсіз елдің азаматының парызы болмақ. Тарих тұлғалармен жазылады деген сөз бар. Сондықтан, тәуелсіздігіміздің символына айналған тұлғаларды құрметтеу, есімдерін өскелең ұрпаққа насихаттау ол – Тәуелсіз елдігімізді құрметтеу екендігі анық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында: «Ең ғажайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету...

Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі», – деп атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласының «Ұлы Даланың ұлы есімдері» тарауында «Көпшіліктің

санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. Мысалы, өткен дәуірлердегі Тутанхамон, Конфуций, Ескендір Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин және Джордж Вашингтон сияқты дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады ірі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр. Ұлы дала әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге келді», – деп айтылған.

Тарих ғылымындағы тұлғатанудың өзекті мәселелерін талқылау, тұлға тарихын зерттеу арқылы ұлттық тарихтың өзекті мәселелерін саралау, аталған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қызметі, ұлтқа сіңірген еңбегі арқылы республиканың өскелең ұрпағын отансүйгіштік пен адамгершілікке тәрбиелеуді мақсат етіп отыр. Бүгінде артында мол мұра қалдырған қайраткерлеріміздің еңбегі өз деңгейінде бағаланып, дәріптелуі қажет екендігін Ұлы дала тұлғалары тақырыбының арқауына айналған ел мен жердің мүддесі әлі күнге өзекті тақырып екендігі белгілі. Сондықтан да ұлт қайраткерлерінің еңбегіне назар аудару бүгінгі ұрпақ үшін аса маңызды.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «...ғұмырнама – (араб, иран сөзі) біріншіден, жеке адамның өмір жолы мен өмірбаянын баяндайтын жылнама. Ғұмырнама жазу дәстүрі көне дәуірден басталады. Көне түркі ескерткіштері де ғұмырнама үлгісімен жазылған. Екіншіден, ұзақ әңгіме, хикая, басынан кешкен оқиға», деген анықтама берілсе, академик Манаш Қозыбаев: «...ғұмырнама негізінен өмірбаяннан құралған тарих», деп сөздің ұғымын ашады.

Профессор Жамбыл Артықбаев – тұлға туралы қанша айтсақ та, оған қандай мағына берсек те, тұлғаның маңызы ешқашан жоғалмауы керек дей келе, «...қазақ шежіресі толыққанды тұлғаны тәрбиелеуге ерекше мән береді, шынтуайтқа келгенде, шежіренің басты міндеттерінің бірі және көшпелілерде тарих мағынасы негізінен осыған келіп тіреледі. Осылайша, ерте уақыттан бері қазақтың далалық тарихтану дәстүрінде тарихтың негізгі категориясы тарихи заман емес, тұлға болып саналады. Нақты айтқанда, тұлғалар өзінің ел басқарудағы ұлы істері арқылы тұтас замандар мен тарихи кезеңдерді алмастырады», – деген тұжырым жасайды.

Мәселен, академик Манаш Қозыбаев: «Тұлға – интеллект, ақыл, парасат иесі. Ол – өткірлігімен, тапқырлығымен, көрегендігімен, қажымас күш-қуатымен, ақыл-парасатымен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастыруымен, ұлтжандылығымен ерекшеленген жан. Халық басына күн туып, қиын қыстау заман келгенде ғана тұлға өзінің өзгеден ерек ірі ісімен, пәрменді күшімен, күдіретті көріпкелдігімен танылады. Ендеше, тұлға – табиғат сыйы, табиғи ортаның туы... Мұндай тұлғалар тарихта күнде тумайды. Табиғат адам баласына оны анда-санда сыйлайды...», - деп пайымдап, ой қорытады.

Тарихшы ғалым Хангелді Әбжанов: «Тұлға – өзіне тәуелді емес объективті әлемдегі (ортадағы) қажеттілікті (экономикалық, ғылыми, саяси, өндірістік т.с.с.) практикалық-қолданбалық, теориялық-шығармашылық жаңашылдықпен шешкен (жүзеге асырған) немесе шешу (жүзеге асыру) жолын дұрыс нұсқаған әлеуметтік субъект», – деп анықтама беріп, тарихи тұлғатануды автор былай түсіндіреді. «Тұлға тұғырының биік әрі көрнекі өлшемі халқының санымен, оның халықаралық қатынастар мен сыртқы саясаттағы бәсекеге қабілеттілігімен, азат немесе отарлық күй кешуімен анықталатынын тарих әлденеше дәлелдеді». Осы тезисті дәлелдей түссек қазақ тарихының тұлғалары дүние жүзі тарихынан ойып тұрып орын ала алмай келеді. Ол үшін біз дамыған елдер қатарында әлем өркениетінен көрінсек, онда Қазақстанға яғни қазақ тарихына қызығушылық артып тұлғаларымыз әлемдік деңгейде тұғырға қонады.

Профессор Тұрсын Хазретәлі: «Тұлғатануда ең бастысы – оның өмірі мен қызметін жан-жақты бағалау. Кімді де болса біржақты мақтау немесе біржақты қаралауға жол беру – тарихтың шынайы мазмұнын ашуға кедергі болады. Қазіргі кезде кейбір тарихшылар жеке тұлғаларға тарихи баға беруден тартынады. Олардың пікірінше, шамшылдық сипатына қарай тарихи тұлғалардың кемшіліктерін талдап, оны жарнамалаудың қажеті жоқ деп «Жабулы қазан жабулы күйінде жата берсін», «Сен тимесең мен тимен, бадырақ көз» деген психологияға ерік береді. Ал кейбір тарихшылар бұл миссияны үлкен құлшыныспен атқарып, кейде тым асыра сілтеп жібереді», - дейді. Ғалым ары қарай ойын «Ұлылы-кішілі бабаларымыздың тұлғасын тану көпшіліктің танымдық қызығушылығын арттыруға қызмет жасайды. Тұлғаларды түрлі тарихи жағдайларда жол берген қателіктері болса да сабақ алуға шақырып, тарихи тұлғаға толық та шынайы бағаны жеке адам емес, тек уақыт береді», деп, тұжырымдайды.

Мемлекет тарихы институтының ғалымдары «Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы аясында жарық көретін «Ұлы Дала тұлғалары» сериясы бойынша мемлекет және қоғам қайраткерлеріне қатысты еңбектер жариялау ісіне қатысуда. Атап айтатын болсақ «Жұмабек Тәшенев», «Әлімхан Ермеков», «Ілияс Есенберлин», «Нұртас Оңдасынов», «Шәбден Ералиев», «Кәрім Мыңбаев» және «Сабыр Ниязбеков» басылымдары Институт ғалымдарының жемісті еңбектері.

Осы аталған институттың ғалымы Қанат Еңсенов «Нұртас Оңдасынов» атты еңбегінде тұлға феноменіне – ерекше, дара, қайталанбайтын қасиеттерге ие қайраткерге тән болмыс деп анықтама береді. Автор тұлға феноменіне «еңбек, тәлім-тәрбие алған ортасы, ұстаздары, көшбасшылық, тектілік, адамтану қасиеті, сезімталдық түйсік, туа біткен өткірлік, ұлт жанашыры, ұқыптылығы, таза дидарлығы, мәдениеттілігі, ұлағаттылығы», - деп бірнеше белгілерін атап көрсеткен.

Біздіңше болашақ тарих өткен заманалар сырын ұғып, кемшілігі мен жеткен жетістігін саралап, дұрыс тұжырым жасаса ғана болады. Ал, болашақ тарих келешекте елдің үмітін ақтайтын жастардың бойына зор парасаттылықты, Отаны үшін отқа түсуге дайын жанпидалықты қалыптастыруы тиіс. Осы тұрғыдан келгенде елге тұлға болып, дауыл тұрғанда халқына пана бола білген есіл ерлеріміздің саяси, тарихи портретін жасап, бүгінгі жас ұрпақтың жүрегіне жеткізіп, тұлғасын танытуымыз заман талап етіп отырған басты бағыт екенін ұмытпағанымыз абзал.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

ДҮЙСЕН С. Ж.

жетекші ғылыми қызметкері, п.ғ.к., қауымд. профессор,
ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты, Астана қ.

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы, өйткені ол білім сапасын жақсартады. Қазақстан Республикасы Білім туралы заңының 8 бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен [1].

Қазіргі уақытта жаңа педагогикалық технологиялар туралы жарияланған еңбектер өте көп. Бұларда осы жаңалықтар жан-жақты, әр түрлі қырынан баяндалады. Ғылыми мақалаларда «педагогикалық технология» ұғымының қазір 300-ден астам балама анықтамалары бар екендігі жазылып жүр. Мәселен, осы проблеманы зерттеп жүрген Ресейдің белгілі педагог және т.б. ғалымдары оған төмендегідей анықтамалар береді.

«Педагогикалық технология дегеніміз – оқыту үрдісін жүзеге асыратын мазмұнды техника» (В. П. Беспалько).

«Педагогикалық технология дегеніміз – оқытуды жоспарланған нәтижесіне жеткізетін қағазға жазылған барысы (үрдісі)» (И. П. Волков).

«Педагогикалық технология дегеніміз – оқушы мен мұғалім үшін барлық жағынан өте қолайлы жағдайлар жасай отырып, оқыту үрдісін жобалаудың, оны ұйымдастырудың және өткізудің бүгешігесіне дейін ойластырылған, әрі бірлесіп жүзеге асырылатын педагогикалық қызметтің моделі» (В. М. Монахов).

«Педагогикалық технология дегеніміз – педагогикалық мақсаттарға жету үшін қолданылатын тұлғалық, инструменталдық, методологиялық құралдардың жүйеленген жиынтығы және олардың ретімен қызмет етуі» (М. В. Кларин) т.б. [2].

Танымал педагог ғалымдардың пікірінше оқыту технологиясы төмендегідей құрылымдардан тұрады: оқытудың мақсаты; оқыту мазмұны; педагогикалық әрекет етудің құралдары; оқыту үрдісін ұйымдастыру; оқушы, мұғалім; жасалған қызметтің (іс-әрекеттің) нәтижесі. Жоспарланған нәтижеге, мақсатқа жетудің басты шарты – оқытылатын тақырыптың, сабақтың мақсатын дәл, әрі нақты анықтау, оған нәтижеге жетудің жолдарын жобалап қолданылатын

әдіс-тәсілдерді, құралдарды барынша тиімді іріктеу және дәл көрсету, нәтижені тексеру, не тексеріп отыру.

Жоғарыда есімі аталған танымал ғалым В. М. Монаховтың тұжырымына сәйкес мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің негізгі өлшемдерінің бірі – оқушының өзіндік танымдық жұмысын ұйымдастыру және оқушыны өздігінен оқып, ой-өрісін тереңдетуге баулу, ғылыми ізденіске жетелеуі болып табылады.

Елімізде жаңа білім парадигмасы маңызды орынға оқушының білім-білігі мен дағдысын ғана емес, білім алу арқылы отаншыл азамат ретінде дамуын қойып отыр.

Тарих пәнін оқытудағы негізгі мақсат әлемдік дамудағы адамзаттың рөлін, ол жасаған бүкіләлемдік құндылықтардың қадірін білетін, Қазақ мемлекеті дамуының тарихи тамырларын, қоғамдағы орнын түсінетін белсенді азаматтарды қалыптастыру болып отыр.

Тарих пәнін оқыту арқылы жас ұрпақ бойына тарихи сананы дарыту көп ізденістерді, сан түрлі әдістемелік тәсілдерді қажет етеді. Жаңа заман оқытушысы жан-жақты, білімді, өз ісін өте жақсы білетін ұлттық идеологиямен сусындаған азамат болуға тиісті.

Қазақстанда тарих ғылымының бір бағыты саналатын «өлкетану» әлі де өз деңгейіне көтерілмеген саланың бірі. Бұрын кеңестік ғылымда жалпылама өлкетану деп айтылса, қазір ТМД ғылыми кеңістігінде экономика, география және елтану ғылымдарымен байланыста «аймақтану», «жергілікті тарих» деген жаңа ұғымдар қолданылуда [3]. Сондықтан да еліміз президенттерінің өзі мектептегі білім беру мәселесіне қатысты сөздерінде өлкетанудың маңызына бірнеше рет тоқталғандары тегін емес.

Қазақстанның әрбір азаматы мектеп жасынан бастап өздерінің «кіші отанын» яғни, туған өлкесінің (облыс, аудан, ауыл-село, көше) тарихын, өлкесіне адал еңбегімен, қызметімен үлгі болған адамдарын және сол өңірге еңбегін сіңірген өздерінің отбасылық шежіресін де біліп өсулері керек. Біз бүгінгі ғылыми жиын Ертіс өңірінде өтіп жатқандықтан баяндамамыздың негізгі мазмұнын осы аймақ тарихымен байланыста жасауды жөн көрдік.

Биыл Павлодар облысының құрылғанына 85 жыл болады екен. Бұл ел мен жер тарихын облыс азаматтарына кеңінен таныстыруға, насихаттауға, беделін көтеруге, отансүйгіштік сананы көтеруге мүмкіндік беретін оқиға.

Қазіргі Павлодар облысы ерте ортағасырлардағы Қимақ қағанатының негізгі орталығы болуымен де белгілі. Кейбір еңбектерде бұл мемлекет 656 жылы Батыс Түрік қағанаты құлаған

соң құрылған деп жазылады. Дегенмен бес томдық академиялық басылым тұжырымына сүйеніп Қимақ мемлекеті 893 жылдан XI ғасырдың басына дейін негізінен Ертіс өңірінде өмір сүрген деген хронологиялық шеңберге тоқталдық [4, 511].

Орта ғасырлық деректерде қимақтарды «иемектер» деп атайтыны да белгілі. Араб саяхатшысы Абу Дулаф Қимақ мемлекетінің жерін 35 күнде кесіп өткенін жазып қалдырған [4, 333].

«Дәуірлеген тұсында Қимақ мемлекетінің жері шығысында Алтай мен Ертістен, батысында Еділ мен Оңтүстік Оралға дейінгі, солтүстігінде Ресейдің Құлынды даласынан, оңтүстігінде Балқаш көлі мен Жоңғар Алатауына дейінгі аумақта орналасты. Қимақтардың ежелгі жерлері Ертісте орналасты, онда Қимақ қағанатының екі астанасы-ескі және жаңа астаналары болған», - деп жазылған бестомдық тарихи еңбекте [4, 333].

Осы арада мұғалімнің оқушылардың назарын аударатын бір мәселе – қазіргі жетекші тарихшы ғалымдардың ортақ пікірінше ортағасырларда Қазақстан жерінде Батыс Түрік, Қарахан, Түркеш, Оғыз, Қимақ, Қыпшақ, Қарлұқ т.с.с. әртүрлі мемлекеттер болып олар жойылып кеткен жоқ, олар біртұтас Түрік қағанатының тарихи мұрагерлері, кейін Ұлық Ұлысты (Алтын Орданы), одан кейін Қазақ хандығын құраған процестің, мемлекеттіліктің пайда болып, қалыптасып, дамуының эволюциялық көрінісі, яғни қазақ мемлекетінің бір ізашары екенін [5, 50-162] екенін түсіндіру өте маңызды екенін еске салғымыз келеді.

Тарихшы-академик Карл Байпаков ортағасырлық түркі ғұламасы Махмуд Қашқари еңбегіне сілтеме жасай отырып Қимақ мемлекеті туралы:

- Ертіс бойы иемектер;
- Сыбанады жеңдерін;
- Ержүрек олар жауынгер;
- Кім білер бізді жеңерін» - деген сол замандағы белгісіз түркі

ақынының өлеңінен бір шумақ үзінді келтіреді [6, 251].

Қазір қолданыста жоқ Сәйдің Жолдасбаевтың авторлығымен 2003 жылы шыққан мектеп оқулығында [7, 28] Қимақ мемлекеті тарихына арналған тақырыпта Түркі мемлекеттерінің жер-су, қала аттары жазылған әл-Идрисидің картасының көшірмесі болатын. Жаңартылған бағдарлама бойынша 6-сыныпқа арналған Қазақстан тарихы оқулығын жазған авторлар бұл карта оқушыларға түсініксіз деп есептеді ме екен, оны жаңа оқулыққа қоспай, Қимақ мемлекетінің қалалары көрсетілмеген, тек жалпы аумағын бедерлейтін картасын

салыпты [8, 30]. Біздің ойымызша, әл-Идрисидің картасын да салып, екеуін салыстыра оқытуға қалдыру керек еді.

Әл-Идрисидің бұрынғы 7-сыныпқа арналған оқулыққа салынған картасын тікелей оқып, түсініп пайдалану мұғалім үшін шынында қиындық туғызады, өйткені қазіргі Қазақстанның картасына толық сәйкес келмейді, сондықтан ұстазға қосымша ізденіп тарихшы ғалымдар еңбектерімен танысуы керек болатын.

Тарих оқулықтарында ортағасырлық араб саяхатшысы әл-Идрисидің кітабынан (географиялық карталары да бар) түркілердің Қимақ мемлекетінде XIII-XIV ғасырларда 16 қала болған деген мәліметін мектепте оқыған барлық адамдар біледі. Он алты қаланың сегізі Ертіс өзені бойында орналасқандығы туралы да болжам айтылады.

Б. Көмеков, К. Байпаков, Ж. Артықбаев, Ж. Сәбитов және т.б. қазақ тарихшылары ортағасырлық картадағы жер-сулардың, қалалардың, елді мекендердің атаулары және қай жерде орналасқанын қазіргі заманға сай етіп анықтап берді. Бірақ сол аталған қалалардың қайсысы Ертістің Павлодар өңірінде орналасқаны белгісіз. Олардың тауып анықтау болашақ зерттеушілер, өлкетанушылар еншісінде.

Дегенмен әлемдік тарихнамада мойындалған жоғарыдағы араб географтарының еңбектерінде Қазақстанның Солтүстігі мен орталығы және шығыс өңірінде XVIII ғасырдың басында Ресей отаршылдары қазақтарды бағынышта және бақылауда ұстау үшін қалалар мен әскери бекіністер салғанға дейін, кемінде сегіз ғасыр бұрын қазақтардың арғы ата-бабалары түркілердің, яғни қимақтар мен қыпшақтардың қалалары өмір сүргені, бұл аймақтың иесіз бос жатпағанын көрсеткен бұлтартпас деректер.

Әл-Идрисидің жазуынша Қимақ мемлекетіндегі қалалар жақсы бекінген, әр қалада әскер орналасқан. Ең үлкені Карантия, ұзындығы 9 миль, (14,4 км), көлденеңі 3 миль (4,4 км), ол Гаган (Алакөл) көлінің жағасында орналасқан Карантиядан қимақ патшасының астанасына дейін 24 күншілік жол. Гаган көлінен 4 күндік жерде Дамурия қаласы орналасқан. Араб авторлары қимақтар мемлекетінде Дамурия, Сараус, Банджар, Наджа, Дахлан, Ханауш, Астур, Бурах, Мастанох, Хакан, Йемекия, Фаварег сияқты қалаларды көрсеткен. Астур қаласы маңында темір кеніші барын, Қимақ мемлекетінде алтын көп, тұрғындары ет-сүт тағамдарымен бірге күріш пайдаланады деп жазған араб саяхатшылары [6, 255]. Осы қалаларды ғалымдар жазба деректерге сүйеніп қазба жұмыстары арқылы іздестіруде, болашақта табылуы да мүмкін.

Қазіргі Павлодар, Абай және Шығыс Қазақстан облыстары арқылы өтетін Ертіс өзені араб деректерінде Гамаш өзені деп аталады. Ертіс өзені Қытай жерінен бастау алғанымен ол жақтағы бөлігі 525 шақырым ғана, 1835 шақырымы Қазақстан жері арқылы ағып өтеді. Сондықтан сол кезде өмір сүрген бірнеше қала Павлодар облысы аумағында орналасқандығы күмән туғызбауы керек.

Кезінде археологтар Ф. Х. Арсенева, Е. И. Агеева және А. Г. Максимова Х-ХІІІ ғасырлардағы Ертіс өңірінде қимақ-қыпшақ қоныстарын, атап айтқанда Покровка, Трофимовка, Ждановкада қазба жұмыстарын жүргізіп олардың шаруашылығы, тұрмысы, діни сенімдері туралы деректер тапқанымен нақты қалалар атаулары туралы мәлімет кездеспейді [9, 30–31].

Орыс зерттеушілері С. У. Ремезов пен Ф. И. Миллер Ертіс өңірінде «Қарабалғасун мұнарасы» ескерткіші болғаны туралы жазған. 1654 жылы орыс зерттеушісі Ф.И. Байков алғаш рет атап өтеді қалмақша атауы «Кабан-Гасун» (Кабан-Гусан), орысша «кірпіш палата» деп жазған. Танымал орыс тарихшысы Ф. И. Миллер 1734 жылы осы мұнараның суретін салғызып қалдырған. Павлодар энциклопедиясында «Қарабалғасун мұнарасының» суреті берілгенімен қай жерде болғаны айтылмаса, академик К. М. Байпақов бұл қоныс Май ауданының «Жұмыскер» және «Қызыл еңбек» ауылдарына жақын жерде және Павлодар-Семей автожолын салу кезінде қалашық орны қопарылып тасталғанын көрсетеді [6, 254–255].

Біздің ойымызша оқушы жастар өз өлкесінде ортағасырларда тек 16 қала болған деген санды ғана емес, әлем тарихында есімдері жазылған ғұламалар еңбектерінде жазылып қалғандарын біліп, ерте заманнан Ертіс өңірі қалалар елі болғанын мақтанышпен біліп өсулері керек. Бұл мағлұматты алғаш рет оқушылар мектептің тарих курсынан оқып біледі.

Оқыту тәсілдерінде компьютердің рөлі барынша артуда. Нашар оқитын оқушының өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, себебі балаға компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Тарих пәні мұғалімдері 6-сыныпта орта ғасырлар тарихы курсына «Қимақтар мемлекеті» тақырыбын оқыту барысында компьютерде осы мемлекеттің қазіргі Павлодар жерінде осыдан 1 мың жыл бұрын өмір сүргенін сол замандағы араб географтары әл-Идриси, әл-Истрахи, әл-Масуди, ибн-Хауқал бұлтартпастай етіп жазып, сызып қалдырғанын оқушылар санасына сіңіру аса маңызды шаруа болып табылады. Қазіргідей алмағайып уақытта қазақтың

солтүстік, солтүстік-шығыс аймақтарына Ресейдің шовинистік пиғылдағы кейбір саясаткерлері мен қалам иелері көз тігіп, бұлар қазақтың жері емес, жоңғардыкі, немесе «қазақтар мемлекеті болмаған, иесіз жер, баққан малының сонынан еріп, мал тұяғы тиген жердің бәрін өздеріне тели берген», - деген пікірлерінің негізсіз екеніне бұлтартпас дәлелдер болып табылады.

Мұғалім осы тақырыпты түсіндіру барысында оқытудың педагогикалық қағидаттарын және қолайлы әдіс-тәсілдерін ескере отырып оқушыларға компьютерлерінде әл-Идрисидің еңбегіндегі Қимақ мемлекетінің орналасқан аумағын, жер-су атауларын және саяхатшы көрсеткен 16 қаланың орналасқан жерлерін қазіргі Павлодар облысы аумағының картасына түсіртіп түсіндірсе бұл материалды меңгеру тиімділігі арта түсері сөзсіз. Оқушылар мұғалімнің басшылығымен компьютерде Қимақ мемлекетінің жер аумағын, қалаларының Ертіс бойында орналасуын, сол қалалар қазіргі Павлодар облысының қандай аудандары, елді мекендері аумағында болғанын өздері анықтайды және бұл жұмысты өз қолдарымен, ақылымен тиянақты атқарып шықса оны ешқашан ұмытпайды. Оқушылардың бойында Павлодар өңірінің ежелгі, орта ғасырлардағы тарихын терең білуге деген ынтасы артуына септігін тигізуі мүмкін.

Біздің ойымызша Ертіс өңірінде болған орта ғасырлық бірнеше қаланы араб географтары жазып қалдырған жазба деректермен, әл-Идрисидің картасына сүйеніп компьютерде өздері сызған облыс аумағының картасына түсіріп үйренсе бір жағынан өлке тарихын зерттеуге деген сезімі артады.

Мемлекет басшысы үнемі ескертіп жүргендей егемендігіміздің қадір-қасиеті жердің тұтастығы мен елдің тыныштығында. Отансүйгіштік тәрбиеге елеулі үлес қоса алатын мектептегі өлкетанушылық жұмыстар елімізде әлі де болса кенжелеу дамуда. Кеңестік білім беру жүйесінде жақсы жолға қойылған «Жас археологтар» жұмысын қайта жандандыру қажеттігі байқалуда. Өлке тарихын білуге деген қызығушылығы бар балаларды археология негіздеріне үйретіп ел жер тарихын танып білуге үйретсе өлкетану бағыты жандана түсер еді.

Қ-Ж. К. Тоқаев тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде: «Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады», - деген еді [10].

Еліміз педагогтары да өздерінің жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласындағы күнделікті жұмыстары арқылы тәуелсіздігіміздің елдік саясаттың бір тірегі болатын рухани негізін нығайтуға өздерінің үлестерін қосуда деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2007 жыл 27 шілде. «Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік актілерінің жинағы.
- 2 Бөрібаева Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Оқулық. – Алматы, 2014.
- 3 Юркина Н. Н. Значение краеведения и регионоведения для познания Отечественной истории. (<https://cyberleninka.ru/article/n/znachenie-kraevedeniya-i-regionovedeniya-dlya-poznaniya-otechestvennoy-istorii>) Кірген уақыты: 28.01.2023.
- 4 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1- том. – Алматы: Атамұра. 2010. – 544 б.
- 5 Қазақстан тарихы. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. / Е. А.Әбілдің жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты, ҚР ҒЖБМ Ш:Ш:Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. 2022. – 352 б.
- 6 Байпақов К. М. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: «Аруна Ltd. 2005. – 316 б.
- 7 Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. 7-сыныпқа арналған оқулық. Жолдасбаев С., Бабаев Д. – Алматы: Атамұра, 2003. – 224 бет.
- 8 Омарбеков Т., Хабижанова Г., Қартаева Т. Қазақстан тарихы (Орта ғасырлар). 6-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2018. – 184 б.
- 9 Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. / Бас ред. Б.О.Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 2013. – 776 б.
- 10 Тоқаев Қасым-Жомарт. Тәуелсіздік бөрінен де қымбат // Егемен Қазақстан, 2021 жыл 5 қаңтар № 2 (29981).

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ТАЛАБЫНЫҢ АЯСЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ДАМУЫНЫҢ КӨКЖИЕКТЕРІ

АЛПЫСБЕС М. А.

т.ғ.д., профессор, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институтының Тарих және қоғамдық
ғылымдар Академиясының академигі

**Құрметті әріптестер, ұстаздар!
Қадірлі студенттер, тәлімгерлер!**

Қазақстанның заманауи білім беру талаптары бүкіл әлемнің тұрақты даму сұраныстары мен еліміздің қарқынды даму мүддесінен туындайды. Ел мұраты мен адамзат пен әлемнің ұмтылыстарынан бөліп қарауға болмайды. Ойға ой қосып, санаға шырағдан болатын сол өзгерістерді дүниеге әкелетін білім мен ғылымның иелері. Заманауи білім, өнер, ғылым, дағдықалыптастырудың ошағы – жоғары оқу орындары -зиялы мәдени ортасы екені белгілі.

Қазақстанның қазіргі жоғары білім жүйесі үлкен өзгеріс үстінде екенін білеміз. Бүкіл әлем дамуға бет алған бағытта біз де дамып келеміз. Ол заман талабымен қалыптасқан жаңа технологияларға, үздік инновацияларға, академиялық еркіндік негізінде құрылған университет, колледждік жүйе бүгінгі таңда әлемдегі үздік еуропа стандарттарына сай болу жолында 2010 жылдан бері Болон үдерісі негізінде толық қалыптасты. Болон үдерісі беруді және ғылыми зерттеулерді ынталандыру мен жақсарту құралы, транспаренттілік пен ұтқырлықты арттырады.

Осындай маңызды жүйелі өзгерістің нәтижесінде қазір біздің жоғары оқу орындары елімізде оқытудың кредиттік технология, қосдипломдық білім беру, модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бакалавриат, магистратура, PhD докторантурада деңгейінде үздіксіз білім жалғастыру мақсаттарына қызмет көрсететін, жоғары білім беруде интернационализация мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге қызмет ететін оқу үшін қажетті үш-деңгейлік еуропалық кредиттер тасымалдау жүйесі, білім алушыға керек академиялық ұтқырлықты, білім беру бағдарламаларын аккредитациялануы, рейтингтік бағалау мен сараптауға алынатын оқу орындарының атқарып жатқан қызметіне ашықтық беру жасалды. Бұл шаралардың барлығы Қазақстанның стратегиялық даму мүддесіне сай келетін, еліміздің әлем елдері қатарлы озық ел болуына жетелейтін

шешім болып табылады. Негізі, әлем елдері мен халықтардың тұйыққа түспей, бір адамзат қауымдыстығы ретінде демократия мен адам құқы талаптарын қамтамасыз етуге, өзара тиімді технологиялық, инновациялық белсенді түрдегі әрекеттестік ету қызметін атқарады. Біркелкі білім беру жетістіктерін бағалау, білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын жүзеге асыруға, пайдалы тәжірибелердің жылдамырақ оқыту жүйесіне енуіне де қажетті.

Әлемүлкен өзгеріс үстінде. Мұның барлығы біз өмір сүріп жатқан ақпараттық ғасыр, сандық технологияларға негізделген дәуірдің тудырып жатқан жаңа талабы. Бәсекелестік күн сайын артып келе жатқанын әрқайсымыз күнде байқаймыз. Ол тұлғаның жеке дамуын да, елдің де әлемдік дамудағы бәсекелестікке даяр болуын уақыт күттірмейтін заманның сұранысы етіп отыр. Он тоғызыншы ғасырда Шоқан Уәлиханов, өткен ғасыр басында қазақ халқының Алаш қайраткерлері қалай ұлтты әлем елдерінің даму қатарынан қалмауға үндеп, шақырған болса, қазіргі таңда да біздің жаңа буын ұрпақтың ізденісі сол болуы тиіс. Адамзаттың даму эволюциясының өзі әрқашан, әр мезгілде, осындай бәсекелестіктің арқасында жүргені белгілі, тек қана бүгінгі таңда ол қатынастардың барлығы әлдеқайда тез, жылдам ойлап, жылдам шешім қабылдап, бөгелмей әрекетке жетелейді. Сол өзгерістерді біз әрқашан адамзаттық даму құндылықтарының заңдылықтарынан табамыз. Бұл өзі тарихи үдеріс, оған ешкім де бөгет бола алмайды. Осы Павлодар қаласында да Сұлтанмахмұт Торайғыров ағартушылық насихатшысы болды. Қайырлы білім мен ізгілікті тәрбиенің ортасы болып табылатын мектеп, колледж, институт, университеттер адам баласына жақсылық әкелетін, мәдени көркейтетін, санасын қараңғылықтан қорғайтын, надандықтан құтқарып, адам баласының жасампаздық қасиетін ашатын маңызды институт ретінде өз қызметін жетілдіре беруі керек. Ұстаз болу – адамға үлкен мерей, адамға халыққа адал еңбек сіңіру, жақсы атымен танылудың бірден бір жолы, өйткені қазақта «Алты Алаш баласы бас қосса, төр ұстаздыкі» деген ұлағатты ұстаным, маңызды қағида бар. Биыл ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150-жылдық мерейтойын ел болып, тіпті ЮНЕСКО аясында бүкіл әлем болып, егер атап өткен болсақ, міне Павлодар қаласының төріндегі Павлодар педогогикалық университетінің 60-жылдығын атап өтіп отырмыз. Павлодар қаласын бұрын Кереку дейді, ол тарихи қарталарға, Керегежар атынан шыққанын көреміз. Өткен ғасыр басында осында

Алаш қайраткерлерінің шоғыры қуғын-сүргінге ілігіп, саяси репрессиялар құрбанына айналды. Павлодар облысының білімді мамандар даярлау тарихы одан да ертерек бастау алатынын білеміз. Оның бір бағыты 1872 жылы ашылған Омбы мұғалімдер семинариясында оқу оқып, мұғалім болған әйгілі тұлғалар болса, екінші жағынан 1903 жылы ашылған Семей мұғалімдер семинариясы тарихымен тығыз байланысты. Қазіргі Павлодар облысының жоғары оқу орындары – университеттері тарихы кеңінен мәлім болғанымен, ол дәстүрдің қалыптасуын ресми тарихтан кеңірек қарауды қажет етеді. Одан кейінгі кезеңде 1928 жылы ашылған Қазақ педагогикалық институтының Павлодар облысы үшін дайындаған мұғалімдер кадрларының қызметі де ерекше болды. Ол патша отаршылдығынан кеңестік дәуірге өту кезеңі болатын еді. Одан кейін, 1991 жылы еліміз ұлттық тәуелсіздікке қол жетізген кезең келгенге дейінгі уақытта, тоталитарлық режим орнатылған казармалық социализм дәуірі орнаған қоғамдық қалыпта тұрды.

Павлодардағы екі кластық училищесінде ұстаздық еткен мұғалімдер қатарында Әбікей Сәтбаев, Ахметолла Барлыбаев, сол оқу орнында білім алған Жүсіпбек Аймауытов, Жұмат Досқараев, Хабиб Барлыбаев, Қаныш Сәтбаев Мұқыш Боштаев есімдері қазақ ұлтының тарихында алтын әріппен жазылатын әйгілі тарихи тұлғалар қатарында. Бұрын үлкендер өскелең жас ұрпаққа «молда бол», «мұғалім бол» деп бата беріп жататын еді. Оның мәні – аталарымыз, бабаларымыз, молданың алдынан хат танып, мұғалімнен ізгілікті тәрбие алып, мектеп іргесінен білім алып, ел қатарына игілікті, сауатты, тәрбиелі, пайдалы азамат болып қосылатын еді. Осы аталған оқыған Алаш азаматтары сондай дәстүрлі мектепті шыққанын ұмытуға болмайды. Бүгінгі таңдағы стратегиялық даму бағдарламалары алға қойып талабы мен мұратын айтқан уақытта тек алға ғана қарап, өткен заман игілікті, мәнді дәстүрлерімен сабақтастырмай отыруға болмайды. Заманауи жоғары білікті кадрларды даярлауда, әлемдік озық тәжірибемен қатар, жаңа технология, интерактивті оқыту тәсілдері, инновациялық жаңашылдықтармен бірге өткен заманның рухани мұрасын қатар алып жүру керек.

Әйгілі «Болашаққа бағдар. Рухани Жаңғыру» бағдарламалық мақаласы да осыны айғақтайды, оның өз аты айтып тұрғанындай білімнің салтанат құруы, ашық сана, бәсекелестікке қабілеттілік, прагматизм ұстанымдары, ұлттық кодты сақтау басымдығы, болашақ даму талаптарымен бірге тарихи өткен кезеңнің рухани

мұрасын жалғастырып отыруын алға шығарады. Академик Әлкей Марғұлан есімін алып отырған Павлодар педагогикалық институтының алғашқы құрылып, өмірге келген кезеңі кеңестік 1960-шы жылдар басы болғанымен, оның руахни іргетасы әуелде бар еді. Біздің халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбиелік, білім беру, тәлім үйрету дәстүрлері ежелден жалғасқан. Ол, ең алдымен, «әлемнің екінші ұстазы» даңқыменен танылған Әбу Насыр Әл-Фараби ғұламаның есімінен бастап, «Диуани лұғатат-Түрк» деп аталатын «Түрк тілінің сөздігі» атты алғашқы еңбекті жазған Махмұт Қашқари, «Құтты білік» еңбегін жазған Жүсіп Баласағұни, «Ақиқат сый», «Даналық кітабын» жазған Қожа Ахмет Яссауи сынды ғұламалардың рухани-тәрбиелік мұраларымен жалғасқан.

Сондықтан біз өзімізді енді ғана білім көзін тауып жатқан жас халық ретінде көрсетуден гөрі, көнеден өркениетін қалыптастырған, әлемдік білім мен ғылымаға әр кезеңдерді өз үлесін қосқан, өз мәдениеті мен білім дамытқан ел, ертедегі қауым ретінде танылып, мәлім болғаны туралы ілім сабақтастырып жастарды тәрбиелеуіміз керек.

Осы конференцияның Павлодар облысының білім беру саласына үлкен еңбек сіңірген ұстаз, педагогика ғылымдарының кандидаты Тәжібай Рахметоллаұлы Шаймерденовтің еңбек жолын, мұрасын, тәрбие-тәлімін еске алып, дәстүр сабақтастығына қызмет ету аса маңызды шаралардың бірі болып табылады.

РАХМЕТУЛЛИН А.

І. Есенберлин атындағы № 67 гимназия директорының
тәрбие жұмысының орынбасары, Астана қ.

Қадірменді ағайын, ханымдар мен мырзалар!

Бүгін С. Торайғыров атындағы университетте кезектен тыс Республикалық ғылыми-практикалық конференция өтуде. Конференция Екібастұз қаласының, Павлодар облысының құрметті азаматы, педагогика ғылымдарының кандидаты профессор Шаймерденов Тәжібай Рахметоллаұлына арналып отыр. Осы орайда С.Торайғыров атындағы университет ректоры Садыков Ерлан Токмухамедұлына және педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жұматаева Еңлік Өсербайқызына үлкен ризашылығымызды білдіреміз және бүкіл университет ұжымына шығармашылық табыс тілейміз. Кезінде осы мекеменің экс-ректоры Е. М. Арын мырза Тәжеке ағамызды жақын тартып, әкесімен бірге бір салада болғаныңыз, ал қазақта «жақсының жақсысы» деген сөз бар, әкең өлсе де, олардың жолдастарымен араласа біл деген бар, осы орайда Ерлан мырза өзінің адамгершілігін, ақылдылығын, үлкен-кішіні сыйлауды көрсете білді. Ол азаматқа да ризашылығымызды айтамыз. Ал, елге кеңінен танымал, сыйлы аға болған Тәжібай Рахметоллаұлы – ұстаз, әрі білім беру мен оқу ағарту ісін ұйымдастыру саласында үздік басшы болған адам. Елге сыйлы Тәжеке атанғанға дейін, сонау ат жалын тартып, алғашқы еңбекке араласа бастаған уақыттан бастап, мұғалім, үлкенді-кішілі қызмет саласында да, әр басқан қадамын ойланып басуға, әр іске жауаптылықпен қарап, бастаған ісін тынғылықты аяқтап, үлкен мен кішіге сіз деп сөйлейтін, естіген ақпаратты ұмытпайтыны (құйма құлақ) өзін-өзі адалдық пен тазалыққа тәрбиеледі, үздіксіз ойланумен ізденіс–оның болмысына тән кәсіптер еді. Ал ғылыми-педагогикалық шығармашылығының толық айғағы–көп жылғы еңбектің барысында жазылған «Мектепті басқарудың негіздері» «Мектеп басқаруды жетілдіру», «Тәрбие тағлымы», «Тәлімгер тұлғалар», «Ұстаз ұлағатты ұғым», «Все начинается с учителя», «Өмір өткелдері» атты кітаптары. Т. Р. Шаймерденовтің қызмет атқару стилі, адамдармен мәдениетті қарым-қатынасы, айрықша ұйымдастыру қабілеті, рухани-ізгілік келбеті биік тұлға екендігін айта отырып, көпшілік сол кісіден үлгі алып, ұйымдастырушылық өнегесінен үйреніп, тіпті, еліктеуге тырысатынбыз» – дейді көз көргендер. Сонымен, Тәжібай Шаймерденов облыстың білім бөлімін

1965-1988 жылдар арасында 24 жылдай мінсіз басқарып, абырой биігіне жетті. Облыстың білім беру саласын Республика және Одақ көлемінде таңымал етіп, үш рет қатарынан Ауыспалы Қызыл Туды жеңіп алған соң, сол кезде облысқа білім саласы басшысы ретінде өзгеріссіз қалдырғандығы тайға таңба басқандай ақиқат еді. Адал еңбек, таза ар-мінез деген осы. Одақ пен Республика өңірінде тәжірибелі, әрі білім беру жүйесінде алдыңғы қатарлы бірінші басшысы ретінде Одақтың, Республикалық көптеген ғылыми конференцияда сөз сөйлеп, облыстың білім саласының жұмысы жөнінде тәжірибиесі ондағы мұғалімдер мен тәрбиешілердің жұмысы туралы жаңа ой-пікірлері ғылыми-деректі дәйекті іс-әрекетпен бөліскенін айтап өткеніміз жөн. Бүкілодақтық мұғалімдер съезінің секцияларында, оқу ағарту мәселелері жөнінде өткен Мәскеудегі конференцияға, Одақтың Оқу және Сауда министрліктері ұйымдастырған оқушыларды тамақтандыру проблемасына арналған Львов қаласындағы ғылыми конференцияға да қатысады. Сондай-ақ «Оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу және Отанды сүйу» мәселесіне арналған Ташкент қаласында өткен ғылыми-теориялық конференцияда Қазақстанның атынан сөйлеу мәртебесіне ие болды. 1984 жылдың тамыз айы КСРО Оқу министрлігінің Орталық партия комитетінің мектеп жөніндегі қауылысын іске асыру мәселесіне арналған үлкен мәжіліске шақырылып, республика атынан министр Балахметов емес, облыстың білім басқармасының басшысына Т. Р. Шәймерденовке сөз беру үлкен сенім мен абырой болатынды. Тәжібай Рахметоллаұлы 1988 жылы өзінің туған күнінде яғни, он бесінші ақпанда «Қазақ мектептерін ғылыми жолмен басқару, жас жеткіншектерді жан-жақты зерттеу жолдары туралы» атты кандидаттық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алып зейнеткерлікке шығып, әріқарай еңбек жолын ғылымға арнады. Павлодар мемлекеттік университеттің 2002 жылғы 27 қазанында ғылыми кеңестің шешімімен Профессор академиялық атағына ие болғаны бар. Қазақ ССР, ҚСРО білім саласының үздігі, 1976 жылдың 17 желтоқсаны күні Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Президиумының жарлығы бойынша «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» құрметті атағы, «Еңбек Қызыл Ту» ордені, бірнеше медальдармен қоса көптеген құрмет грамоталарымен марапатталған. Ағамыздың өмірбаяны туралы толық мәлімет «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» деген үлкен кітаптің VII томынада келтірілген. Ағамыз облыстық деңгейде өтетін тамыз конференцияларына қатысып, мұқият тындап, білім

саласында болып жатқан өзгеріс, жаңалықтардың барлығында хабардар болып отырды. Бұл дегеніміз бүкіл өмірін білім саласына, оның ішінде мектепке жан-тәнімен берілген адал, таза адам екендігінің айғағы.

Қорытындылай келе, бүгінгі білім басқарма мекемесінде осы Облыс құрылған кезден бастап білім саласын басқарған басшылардың фото-галереясын жасау жөнінде ұсыныс айтқым келеді.

**Білім беру жүйесіндегі жаңа инновациялық технологиялар
Новые инновационные технологии в системе образования**

HOW MODERN EDUCATIONAL PROCESS SOLVE BULLYING IN A SCHOOL ENVIRONMENT.

EMEMANDU Q. N.
Masters Degree In Psychology,
Toraighyrov University, Pavlodar.

What is modern educational process?

The modern educational process refers to the current approach to education that emphasizes student-centered learning, hands-on and experiential activities, technology integration, and a focus on critical thinking, problem-solving, and collaboration skills.

This approach is characterized by a shift away from traditional lecture-style teaching towards more interactive and student-led methods, to foster creativity, innovation, and adaptability in students

Before the introduction of modern educational process, students were limited within the constraints of classroom activities.

For example, consider a student interested in technology and coding, but in a traditional classroom that primarily uses lectures and textbooks. They may struggle to stay engaged and motivated in their studies, as the traditional approach does not align with their learning style.

Anything related to technology is practical; to make more impact, there is no visual representation.

Several theories have been propounded about the modern educational process.

Constructivism [7]: This theory posits that students construct their own understanding and knowledge through experience and interaction with the world around them. In a modern educational setting, this means creating learning experiences that allow students to actively construct their own knowledge and understanding.

Connectivism [5]: This theory emphasizes the importance of connectivity and collaboration in learning. In a modern educational setting, this can be seen in the integration of technology and online resources, as well as a focus on group projects and collaborative problem-solving activities.

Experiential learning [6]: This theory holds that the most effective way to learn is through direct, hands-on experience. In a modern

educational setting, this could take the form of project-based learning, field trips, and other experiential activities that allow students to directly apply what they have learned.

Differentiated instruction [4]: This theory recognizes that students have different learning styles and abilities, and therefore requires instructional approaches to be tailored to meet their individual needs. In a modern educational setting, this can be seen in the use of a variety of teaching methods and the integration of technology to support diverse learning needs.

Practical benefits of modern educational process compared to traditional educational process

The practical benefits of a modern educational process compared to traditional educational approaches include:

Student engagement: Modern educational approaches prioritize student engagement and interaction, making learning more enjoyable and relevant for students.

Personalized learning: The modern educational process emphasizes differentiated instruction, allowing teachers to tailor their approach to meet each student's individual needs and learning styles.

Critical thinking and problem-solving skills: Modern educational approaches, such as project-based learning and hands-on experiences, foster critical thinking and problem-solving skills.

Collaboration and teamwork: Modern educational settings often emphasize collaboration and teamwork, preparing students for success in the workplace and in life.

Integration of technology: The modern educational process recognizes the importance of technology in learning and integrates it in meaningful ways to enhance student engagement and learning outcomes.

Relevance and practical application: Modern educational approaches often focus on real-world applications and the practical use of knowledge and skills, making learning more relevant and meaningful for students.

Preparation for the future: By emphasizing student-centered learning and critical skills such as critical thinking and problem-solving, the modern educational process prepares students for success in the rapidly changing job market.

Compared to traditional educational approaches, which may rely on lecture-based teaching and rote memorization, the modern educational process offers a more engaging, personalized, and relevant learning experience that better prepares students for success in the future.

How Modern Educational Process Solve Bullying in a School Environment.

First of all, let's talk about bullying.

Bullying is when someone repeatedly hurts, threatens, or picks on another person on purpose. This could be physical bullying, like hitting or pushing, or emotional bullying, like teasing or name-calling. It can make someone feel sad, scared, or ashamed. It's important to remember that bullying is never okay and there are people who can help.

Bullying is a complex and multifaceted phenomenon that has been the subject of much research in recent years.

The theoretical foundations of bullying can be divided into three main categories:

Individual factors.

Relational factors.

Environmental factors.

Individual factors include personality traits such as low self-esteem, impulsivity, and aggression.

Relational factors include the dynamics of the bully-victim relationship, such as power imbalances and social norms within peer groups.

Environmental factors include factors such as school climate and parental involvement.

The Social Learning Theory (SLT) is a well-known theory that posits that individuals learn to bully through observation, imitation, and reinforcement of aggressive behavior [1].

According to SLT, individuals learn to bully by observing and imitating the aggressive behavior of others, such as parents, peers, or media figures. They also learn to bully through reinforcement, which means that they continue to engage in bullying behavior when it is rewarded with attention, power, or social status.

Research has found that children exposed to aggressive models, such as bullies or aggressive parents, are more likely to bully themselves [2].

Additionally, studies have shown that children who observe aggressive behavior being rewarded, such as bullies receiving attention from peers, are more likely to bully themselves [3].

The relationship between the modern educational process and bullying is complex, but it can be characterized as a proactive approach to reducing the incidence of bullying in schools.

Modern educational approaches prioritize creating a safe, supportive, and inclusive learning environment for all students and strongly emphasize positive social and emotional development.

For example, the modern educational process may focus on student engagement and interaction, personalized learning, and developing critical thinking and problem-solving skills. By empowering students and creating a sense of ownership over the learning environment, the modern educational process can reduce the likelihood of bullying behaviors.

Additionally, integrating technology into modern education can provide students with access to counseling and support services, helping to prevent bullying.

REFERENCES

1 A., B. (1977). *Social Learning Theory*. Englewoods Cliffs, New Jersey: Prentice Hall.

2 Bandura, A., R. D. (1961). Transmission of Aggression Through Imitation of Aggressive Models. *Journal of Abnormal and Social Psychology*, 63(3), 575-582.

3 Bandura, A., R. D. (1963). Imitation of Film-mediated Aggressive Models. *Journal of Abnormal and Social Psychology*, 66(1), 3-11.

4 C. A., T. (1999). Differentiated Instruction: 12 ways to differentiate instruction. *Association for Supervision and Curriculum*.

5 G., S. (2005). *Connectivism: A learning theory for the digital age*. *International Journal of instructional Technology and Distance Learning*, 2(1), 3-10.

6 Kolb, D. (1984). *Experiential Learning: Experience as the source of learning and development*. Upper Side River, New Jersey: Prentice Hall.

7 Piaget, J. (1952). *Constructivism*. New York: International Universities Press.

OLAP-ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-ТАЛДАУ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

АБДУВАЛОВА А.

т.ғ.к., доцент, М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
МЫРЗАБАЕВ Н.

студент, М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
РАХЫМБЕКОВА Р.

студент, Халықаралық IT университеті, Алматы қ.

Жоғары оқу орнында көптеген ақпарат көздері бар, бұл оқу орнының негізгі сұрақтарына жауап алу процесін қиындатады және жалпы көріністі көруге мүмкіндік бермейді. Егер қажетті ақпарат қолданылатын жүйелердің бірінде немесе жергілікті файлда болса, онда ол көбінесе ескірген немесе басқа жүйеден алынған ақпаратқа қайшы келеді.

Қарастырылған мәселені OLAP технологиялары негізінде құрылған ақпараттық-аналитикалық жүйені әзірлеу арқылы тиімді шешуге болады. OLAP технологиясының негізгі идеясы-болашақта аналитикалық пайдаланушы сұрауларын жүзеге асыру үшін пайдалануға болатын көп өлшемді деректер кубтарын құру. OLAP кубтарын құруға арналған бастапқы деректер әдетте деректер қоймалары (Data Warehouse) деп аталатын реляциялық дерекқорларда сақталады. Әдетте көп өлшемді кубтардың көрінісі кросс-кесте түрінде қолданылады-күрделі қақпақтары бар жалпак кесте. Көп өлшемді куб операциялары кросс-кесте операциялары ретінде жүзеге асырылады. Мысалы, текшені айналдыру операциясы жолдар мен бағандарды ауыстыру, жолдар/бағандар ішіндегі өлшемдердің бағыныштылық ретін өзгерту және өлшемдердің бір бөлігін жолдардан бағандарға ауыстыру және керісінше орындауға мүмкіншілік береді [1, б. 56].

Ақпаратты тұтынушы үшін OLAP қолдану нәтижені интерактивті өзгерту мүмкіндігі арқылы алынған шешімдердің жоғары икемділігін қамтамасыз етуге мүмкіншілік береді. Маман қатаң реттелген есепті емес, тапсырманы шығармашылық зерттеуге арналған құралдарды алады. Мәліметтерді еркін манипуляциялау мүмкіндігі, қажетті мәліметтер жиынтығын алуды жеңілдетеді. OLAP -тың маңызды артықшылығы – маманның пәндік облыстан таныс терминдерді қолдануы болып табылады.

OLAP жүйелері пайдаланушыға нақты уақыттағы деректердің үлкен көлемін талдау, динамикалық есептерді жобалау, бақылау

және тағы басқа құралдарын ұсына отырып, бұрыннан бар есепке алу жүйелерін біріктіреді.


Ақпараттық-аналитикалық жүйенің (ААЖ) типтік архитектурасы: буферлік аймақ (жедел деректер қоймасы - ЖДҚ), орталық деректер қоймасы (ОДҚ), деректер витриналары (ДВ) және аналитикалық қосымшалар болып табылады [2, б.70].

Клиенттік аналитикалық бағдарлама аналитикалық мамандар пайдаланатын деректер қоймасынан ақпаратты алу, талдау және қамтамасыз ету үшін қажет құралдар жиынтығынан тұрады.

Қолданылған әдебиеттер негізінде OLAP технологиясына негізделген бағдарламалық өнім жасалды. Бағдарламалық өнімнің құрылымын жобалау кезінде OLAP сервері мен клиенттік бөлік арасындағы өзара әрекеттесу мәселесін жою үшін құрамға клиенттік бөлікпен өзара әрекеттесудің ішкі жүйесі ендірілген. Бұл ішкі жүйе клиентке арналған қосымша бағдарламалық бағдарламаны орнату қажеттілігін болдырмайды.


Енгізілген ішкі жүйе өзінің деректермен алмасу хаттамасын пайдаланады, нәтижесінде OLAP серверінің әртүрлі түрлерімен жұмыс істеу кезінде ақпаратты қарау мен талдаудың бірыңғай ішкі жүйесін пайдалану мүмкіндігі пайда болады. Ішкі басқару жүйесі мәліметтер базасын (ДБ) ақпаратпен толтыру процесінде OLAP серверімен өзара әрекеттесуді жеңілдету үшін орнатылған.

Қолданылған деректер қоймасы (data warehouses) әртүрлі көздерден жиналған және біріктірілген жедел деректерді қамтиды. Мәліметтер қоймасын енгізудің оң сәті деректерді алу жылдамдығының едәуір артуы, сондай-ақ деректерді кесу және деректерді салыстыру мүмкіндігі, шығуда толық және сенімді деректердің болуы керек. Әдеттегі қоймаға кіретін компоненттер 1-суретте көрсетілген.




Сурет 1 – Мәліметтер қоймасының құрылымы

Репозиторийдегі мәліметтер желі арқылы одан әрі тарату үшін қол жетімді файлдар түрінде сақталады. Деректерді сақтау схемасы «жұлдыз» (star schema) типіне сәйкес 2 - ші суретке сәйкес келтірілген.



Сурет 2 – Өңделген «Жұлдыз» типті программалық өнімнің деректер қоймасының сызбасы

Ақпаратты талдау барысында пайдаланушы оны реляциялық деректер қорынан (РДҚ) таңдайды. Содан кейін бағдарламалық өнім іріктеу сұранысын орындайды. Бағдарламалық өнім SQL тіліндегі бағдарламалау құралдарын пайдаланып іріктеу сұрауын орындайды. Бағдарламалық өнімді жобалау кезінде мәліметтер базасынан пайдаланушы интерфейсіне деректерді көрсету үшін ADO- компоненттері қолданылды. Қолданбаларға әртүрлі деректер көздеріне қол жеткізудің біркелкі әдісін қамтамасыз ету үшін OLE DB интерфейсін қолданатын ADO технологияларын 3- ші суретке сәйкес пайдалану қажет [3, б.60].



Сурет 3 – ADO арқылы деректерге қол жетуізу схемасы

Object Linking and Embedding (OLE) технологиясы – басқа қосымшалардың бағдарламалық интерфейсі арасында ақпаратты басқару және бөлісу технологиясы. Ол бір қолданбада нысандарды (сызбалар, сызбалар және мәтін) жасауға, содан кейін сол объектілерді басқа қосымшаларда көрсетуге мүмкіндігі бар. Оны пайдалану кезінде ақпарат алмасуға екі қосымша қатысады - сервер қосымшасы және клиент қосымшасы. Сервер қосымшасы OLE объектілерін (сызбалар, сызбалар, мәтіндер) құру және өңдеу үшін қолданылады. Объект жасалғаннан кейін ол клиент қосымшасына орналастырылады. OLE-байланыстырылған объект жеке файлға қосылады. Кестелерді байланыстыру және сұраныстарды құру кезінде TCustomADODataset класының деректер жиынтығының келесі компоненттері қолданылады:

- ADOConnection – деректер қорына қосылу;
- ADOCommand – SQL командаларын орындау;
- ADODataset – Tdataset- тің көп мақсатты мұрагері;
- ADOTable – кестені инкапсуляциялау.

Алынған нәтижелер негізінде есептер жасалынады. Бұл жүйені енгізу жоғары оқу орнында еңбек нарығындағы қарқынды өзгеріп отырған сұранысқа жауап беру жылдамдығын арттыруға, сондай-ақ оқуға кететін уақыт пен шығындарды қысқартуға әкеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Косуруков, О.А. Методы количественного анализа в бизнеса: Учебник/ Косуруков О.А. -М.: Инфра-М, 2005. – 368 с.
- 2 Белоногов, Г.Г. Автоматизация процессов накопления, поиска и обобщения информации / Г.Г. Белоногов, А.П. Новоселов. – М.: Наука, 2017. - 256 с.
- 3 Бьюли, А. Изучаем SQL / А. Бьюли. - М.: Символ-плюс, 2014. – 108 с.

ПОГРАНИЧНЫЕ ПРОБЛЕМЫ БИОМЕХАНИКИ, ПСИХОЛОГИИ И ТЕОРИИ ОБУЧЕНИЯ ДВИЖЕНИЕМ

АЙГУЖИНОВА Г. З.

магистр «Социальная работа», ст.преподаватель,
Образовательная программа «Физическая культура и спорт»,

Высшая школа искусства и спорта,

Павлодарский педагогический университет

имени Әлкея Марғұлана, gulumira_aiguzhinova@mail.ru

ТЕМИРГАЛИЕВА С. Е.

магистр психологии,

ст. преподаватель «Физической культуры»,

Факультет Гуманитарных и социальных наук,

Торайгыров университет, г. Павлодар,

Samal-t81@mail. ru

В настоящее время психология становится все более ёмкой наукой, вмещающая в себя целый ряд смежных дисциплин, лежащих на грани с другими науками о человеке. Содержание данных дисциплин во многом детерминировано закономерностями и особенностями, присущими и психической деятельности. В этом плане весьма актуальными становятся создание и дальнейшая разработка специальной области человеческого знания, которую следует назвать психо biomechanicой. Исследования в этой области связанные с изучением взаимосвязи психологических факторов двигательными действиями и движениями, выполняемыми людьми в разных видах деятельности. В частности, огромный интерес

представляет изучение психо biomechanicеских явлений в сфере физической культуры и спорта.

На основании данных исследований стало очевидным, что внешние характеристики всех без исключения движений несут в себе большей или меньшей степени отражение предшествующего двигательного опыта. Но наряду с двигательным опытом, закрепляющимся в навыках вследствие занятий тем Иллиным видом физических упражнений, существенное влияние на формирование двигательных навыков могут оказывать очень многие факторы, в том числе и отдельные последствия спортивных травм. Усложнении условий выполнения двигательных заданий может вызвать проявление охранительного закрепощения тех двигательных звеньев, которые когда-то были травмированы.

Следовательно, в число причин, которые необходимо рассматривать при оценке возможного влияния формируемых двигательных установок, следует включать сложное сочетание последствий предшествующих отрицательных влияний на двигательные навыки.

Влияние установок на качество выполнения двигательных заданий было исследовано с помощью педалирования на Велоэргометре и гребли в гребном бассейне. Испытуемые контролировали свои действия по экранам векторных осциллографов. На экранах просматривались годографы усилий педалирования и гребли, а также графики связи между различными контролируемыми характеристиками движений.

Было выявлено, что эталонные годографы усилий позволяют не только добиваться значительно лучших качественных показателей техники педалирования или гребли, но и успешно решать задачи более длительного сохранения избранных двигательных режимов. Использование нескольких экранов для представления информации в форме графиков связи между различными характеристиками движений позволило увидеть чёткую соподчинённость характеристик, а это, в свою очередь, – выборочно использовать информацию более высокого иерархического уровня в процессе самоконтроля за выполнением сложных двигательных заданий.

Характеристики мышечной электроактивности, контролируемый визуально по изменению кривых на осциллографических устройствах или по световым и цветовым вспышкам, а также использование звуковых сигналов о наличии мышечной электроактивности позволили создать экспериментально апробировать целую группу

технических средств. Каждый из них был предназначен для формирования движений с нужными свойствами путём детерминации прежде всего их внутреннего содержания.

Использование миоскопических устройств, основанных на экранах демонстрации векторных графиков, характеризующих связь между усилием и интегрированной электро активностью, позволило решать не только такие чрезвычайно сложные двигательные задачи, как, например, достижение более полного вкладок какой-либо из контролируемых мышц в результирующие усилия, ну и задания на ограничение участия второстепенных мышц в выполнении максимальной интенсивный движений. Подобного же рода двигательные задания могут быть реализованы с ещё большим успехом при использовании звукового автоконтроля за мышечной электро активностью.

Поскольку электромиографии чешская характеристика движений позволяет довольно чётко проследить за изменениями акцентов мышечных напряжений, можно предложить что запись электро активности мышц при попытках мысленного выполнения упражнений позволит увидеть прежде всего активность тех мышц, переключение акцентов напряжения которых находится под контролем сознания.

При регистрации электромиограмм в процессе проследить за условиями появления электро активности в тех мышцах, которые при смене фаз движения играет роль ведущих элементов в сменяющих друг друга системах межмышечной координации.

В ходе эксперимента испытуемые, находившиеся в экранированной камере, пытаюсь представить Себе выполнение различных спортивных упражнений, освоенных большие или меньшей степени. Первоначально им предлагали представить себе выполнение движений в разных позах (стоя, сидя, лёжа на спине и на животе). Результаты показали, что в положении лёжа и сидя испытуемые не могут чётко представить себе выполнение требуемых двигательных заданий. Как правило, данных поза не было даже генерации электро активности в тех мышцах, которые в естественном движении должны выполнять роль ведущих элементов без мышечной координации.

Тот факт, что переход в положении стоя позволил добиться достаточно чётких электромиограмм, близких по характеру своего временного распределения электромиограмм естественных спортивных движений, приводит к ряду заключение. Во-первых,

двигательная мышление, несомненно, чрезвычайно изменчива. Его чётко зависит от многих условий, среди которых не последнюю роль играет поза. Во вторых, если изменением позы, то есть введением фактора гравитации каких-то тонических рефлексов, можно повысить чёткость двигательного мышления, то этого же можно добиться какими-то другими методическими путями.

Во всяком случае, широко известные факты из практики и йогов, рекомендующих применять определённые позы для достижения наилучших условий для мышления, могут иметь достаточно весомое обоснование.

Возвращаясь к спортивным движением, вполне можно предположить, что комбинированием условий для выполнения этих движений и применением соответствующих образом организованных воздействие можно существенно усилить чёткость двигательного мышления.

Интересные проблемы возникают при рассмотрении материалов исследований, в которых испытуемые как бы совместно с вычислительная машиной стремились достичь лучших качественных показателей в выполнении задания на меньшее число колебаний, а следовательно, лучшую устойчивость тела. Испытуемого выполнял указанные задания, стоя на стабилографической платформе.

Социальная потребность в очень высоких спортивных результатов ставит вопрос о том, что обучать перспективных спортсменов следует не вообще движениям, а тем движениям, в содержание которых входит этот высокий результат. Следовательно, методика обучения, основная на постоянном балансировании средств, направленных на формирование, закрепление и стабилизацию двигательного навыка, и средств, предотвращающих эту жёсткую стабилизацию как условия дальнейшего совершенствования, должна быть заменена другой.

Основные принципы этой другой методики обучения движением исходит из необходимости выведение занимающихся на определённый результат и формирование навыка не на основе нескольких этапов переучивания, а на основе первоначального формирование ритмо-скоростных компонентов навыка в условиях выполнения Перестроена нова движения при достижении тем не менее планируемого результата. При такой методике в ритма скоростную канву движения, формируемого в специально созданы для этого искусственных условиях, как бы притаится силовое содержание. Занимающиеся, находящийся в искусственных условиях тренажера и получающие в ходе выполнения

задания электростимуляция, принципиально может воспроизводить не все, а лишь главные параметры движения, обеспечивающие запланированный результат. При этом создается возможность реализовать такие психические установки, которые невозможно в условиях естественного обучения. в их числе прежде всего более высокие по частоте ритмически акценты и установки на расслабление.

Сейчас появились тренажеры нового класса. Они позволяют не только стандартизировать условия воспроизведения упражнения, обеспечивать возможность контроля за его избранным ми характеристиками, ну и внести в процесс выполнения осваиваемого или совершенствуемого упражнения такие искусственным образом организованные силовые добавки, которые помогает существенно превысить уровни лучших рекордов спортсмена.

Следует остановиться на некоторых перспективах рационализации теории и практики обучения движениям, обусловленных сочетаниям биомеханических и психолого педагогических подходов к их совершенствованию. Прежде всего, следует проанализировать спортивные упражнения с целью выявить те главные характеристики, которые не только определяют его основное содержание, ну и в наибольшей мере детерминирует результат. Далее необходимо выявить и проранжировать факторы, препятствующие максимально полной реализации двигательных возможностей занимающиеся. Анализ упражнения должен дать ранговый перечень всех тех основных постоянных причин, которые потенциально препятствуют его выполнению. Следует, кроме того, выявить те причины, которые препятствуют реализации потенциала двигательных возможностей занимающиеся в данном спортивном упражнении. В числе этих причин надо видеть не только, например, отрицательные феномены межмышечной координации, то есть феномены, которые могут проявиться у любого занимающегося, но также и причины, которые связаны с характерными индивидуальными особенностями спортсмена.

На основе учёта данных проведённого анализа необходимо сконструировать комплекс условий, которые следует искусственно создать, чтобы, во-первых, максимально уменьшить вероятность возможных помех выполнению осваиваемых движений, а во вторых, обеспечит воспроизведение двигательного задания с максимальной полной реализацией самоустановок. Эти самые установки могут быть акцентированы с помощью методических приемов, основанных на искусственной активизации мышц. Дополнение

к этому следует продумать возможность использования таких методических приемов, способствующих лучшему выполнения двигательного задания, которые основывается на привнесении в выполняемое движение искусственных силовых добавок с помощью механических приспособлений.

Нужно подчеркнуть, что исследование позволили рассматривать применяемые в них способы индикации изменений качественных состоянии при выполнении двигательных заданий как своеобразный искусственный усилители естественный рецепции спортсмена. Искусственное расширение разрешающей способности человека в различение им тончайших качественных особенности – именно в этом состоит принципиально новое (одно из главных) положение, на котором основывается возможность построения оригинальная система обучения. Важной дополнительной особенностью этого положения следует считать возможность управлять комбинациями систем контроля с разной разрешающей способностью (искусственно повышая разрешающую способность анализа какого-то важного для нас контролируемого параметра, мы тем самым как бы загружаем возможности контроля других параметров).

Положение о формировании движения изнутри (со стороны его внутреннего содержания) имеет ввиду организации структуры взамен связей деятельности элементов исполнительного двигательного механизма, рабочими звеньями которого является мышцы. У нас, естественно, интересуются отношение рабочих вспышек мышечной активности, согласование их между собой как по времени, так и по уровню активности. Но, помимо этого, не меньше интерес представляет возможность ограничения работы таких звеньев двигательного механизма, которые не должны вступать в действие, ибо это означало бы разлад в деятельности данного механизма. Таким образом, положение о налаживании движения изнутри дополняется частным положением о том что следует найти и реализовать такие установки, которые позволяют предотвратить не своевременную или излишнюю активность определённых мышц.

Следует подчеркнуть, что процесс формирования внутреннего содержания движения должен идти через реализацию требуемый последовательности сменяющих друг друга ведущих элементов межмышечной координаций. Поэтому содержание установок на последовательность фаз движения должно быть, с одной стороны, конкретизирована до вербальных инструкции на последовательность

напряжение мышечных групп, а с другой – дополнена стимуляция зоны активизации требуемых мышц.

Постановка дидактических задач, ориентированных на основании сразу мастерского варианта выполнения спортивного упражнения, возможно лишь при использовании соответствующего тренажёрного стенда, Дополненного комплексом средств для стимуляции работы двигательного аппарата. Нельзя, конечно, утверждать, что в этих искусственных условиях формируются сразу в полный аналог мастерского выполнения упражнения; получается лишь ритма скоростная основа движения при упрощение его второстепенных деталей. Можно сказать, что имеется пространственно-временной костяк, основные контура будущего движения, ну контуры, характеризующиеся нужным результатом, хотя и достигнутом за счёт создание искусственных условий и при внесении движение дополнительных искусственно организованных внешних сил. Но, несмотря на это занимающийся может реализовать психические установки именно в том пространственно-временном континууме, который станет основой для формирования и последующего закрепления двигательного навыка, то есть позволит обеспечить возможность обучения без переучивании на более высоком уровне спортивного мастерства.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Бадалян, Л. О. Детская неврология. – М., 1984. Учебное пособие. М.: Вузовский учебник. 2009. – 384 с.
- 2 Волков, М. В., Дедова В. Д. Детская ортопедия. – М., 1980.
- 3 Евсеев, С. П. Теория и организация адаптивной физической культуры: учебник. Т. 1. – М., 2005.
- 4 Евсеев, С. П. Теория и организация адаптивной физической культуры: учебник. Т. 2. – М., 2007.
- 5 Рожков, П. А., Сладкова Н. А., Поляков Б. А., Выходец И. Классификационный кодекс и международные стандарты. – М., 2008.
- 6 Толмачев, Р. А. Адаптивная физкультура и реабилитация слепых и слабовидящих. – М., 2004
- 7 Шапкова, Л. В. Частные методики адаптивной физической культуры: Учебник. – М., 2007.

МӘШҰР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫН МЕКТЕПТЕ ТАНЫТУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

ЖУМАТАЕВА Е. Ө.

п.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

АНЕСОВА Г. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, Қ. Бекхожин атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

БЕИСОВА А. И.

ғылыми қызметкер, Торайғыров университеті,

АНЕСОВА А. Ж.

PhD докторы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

«Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз» – деген кезінде Ахмет Байтұрсынов.

Бүгінде осы ойдың мәні тереңдей түскендей. Дамуы қарқынды, толассыз өзгеріске толы заман адамзат алдына келелі, шешімі қиын мәселелерді туындатуда, ол қоғамдық-әлеуметтік, тіпті әлемдік деңгейдегі проблемаларға айналып жатыр. Сондықтан қоғамның әр мүшесінің білімділік деңгейі - алда болатын қиыншылықтар мен дағдарыстардың дұрыс шешілуін қамтамасыз ететін дүние.

Құбылмалы қоғамда адамның да өзгеріп отыруы – заман талабы, яғни қабілеттілік пен парасаттылық, ақыл-ой шапшандығы мен іскерлік, ізденімпаздық пен шығармашылық жағынан үнемі дамып, жетіліп отыру қажеттілікке айналды. Білім беру жүйесінде түбірлі өзгерістер жүріп жатыр, мектеп одан тыс қалмақ емес. Болашақта халқымыз бен мемлекетімізді әлемнің даму қарқынына ілестіре алатын күні-бүгінгі мектеп шәкірттері. Олардың парасаттылығы мен адами қасиеттерінің қалыптасуы, алғырлығы мен қуаттылығы мектепте, мұғалім алдында бастау алады.

Ал білім беру, білімдендіру деген сөздің мәні де басқаша жаңа бір қырларынан айқындалуда, себебі білім-құндылық, білім-үрдіс, білім-күрделі жүйе, білім-нәтиже. Мұның бәрі осы ұғымдарды жүзеге асырушы, баламен жұмыс істейтін ұстаздар қауымына тікелей қатысты. Ендеше, білім меңгерту үрдісінің бірінші субъектісі – мұғалім. Ол өзінің педагогикалық әрекетін қалай нәтижелі, жүйелі, құндылық сипатындағы процеске айналдыруы керек? Қоғам талабына сәйкес ұрпақты оқытып, тәрбиелеудің шешуші жолдары қандай?

Бұл тұрғыдан енгізіліп жатқан өзгерістер мен жаңалықтардың қарқынынан қалып қоймау керектігін ұстаздар түсінді, күнделікті сабақ ұйымдастыру күннен күнге аса көп ізденіс пен шығармашылықты, терең теориялық білім мен кәсіби шеберлікті сұрайтынына көз жеткізді.

«Сабақ беру - үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол - жаңадан жаңаны табатын өнер» деген Жүсіпбек Аймауытов.

Заман талабына сай педагогика саласында инноватика кең өріс алды, ол мұғалімнен жаңаша, шығармашылыққа құрылған қызметті қажет етеді. Мұғалімнің инновациялық әрекеті дегеніміз – әлеуметтік-педагогикалық феномен, тәртіптелген әрекеттің шеңберінен шығып, шығармашылықтың мүмкіндігін көрсететін құбылыс. Оқытудың қисынын дұрыс түсініп, жүзеге асыру әр ұстаздың шеберлігі мен тәжірибесіне байланысты. Ол туралы зерттеуші Е.Жұматаева өз еңбегінде: «Оқыту - білім алу үрдісін ұйымдастырудың тәсілі. Барлық білім алу жүйесінде оқытудың жүйесі оқыту және оқу әрекетінен тұрады. Оқыту бұл әрекет мұғалімнің мынадай іс-қимылынан тұрады:

- ақпаратты жинау;
- оқушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру;
- оқу үрдісіндегі қиындықтарды шешу;
- қызығушылықты марапаттау, оқушының дербес және шығармашылық жұмысын дамыту;
- оқушылардың қол жеткен табыстарын бағалау, – деп қорсеткен.

Бұл көп үйреніп, көп ізденіп, көп оқитын, қажымас төзімділік пен жанкешті еңбектің нәтижесінде қол жететін шеберлік, өнер деуге болады. «Педагогикалық технология – тәжірибеде жүзеге асатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы», - дейді ғалым В. П. Беспалько.

Ал В. Даль: «Технология – техника туралы ғылым. Техника – өнер білім, білік, жұмыс амалдары және оны іске қосу» деп анықтама берген.

Қазіргі әлемдік білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістер білімдендірудің жетекші және қажетті тенденциясына айналды. Оны заңдылық деп қарастырсақ, төмендегі мәселелер айқындалады.

- жаңа мен ескінің қайшылықтары жүйенің және оның құрамдас бөлігіндегі өзгерістерді туындатып, оны әлеуметтік әрі педагогикалық қажеттілікке айналдырды;

– ол ғылыми-техникалық прогреске байланысты өмірдің жаңа сапасы, заманның глобалды мәселелерімен, яғни мемлекетшілік, әлемдік әлеуметтік-экономикалық және педагогикалық міндеттерді шешуді талап етеді және білім мазмұны мен білім беру үрдісін, тәрбиені кешенді түрде алып, үздіксіз білімдендірудің барлық сатысында өзгерістер енгізуді қажет етеді;

Ал ЮНЕСКО құжаттарында білім беру технологиясы техникалық және адами ресурстардың өзара қатысын ескере отырып, әдістердің жүйесін жасау, қолдану және оқытудың тұтас үрдісін анықтау ретінде қарастырылады:

– білімнің дифференциациялануы, оның үнемі ұлғаюы, білім мазмұнына үлкен тәжірибелік және теориялық материалдың енгізілуіне әкелді. Дидактиканың негізгі проблемасының бірі – базалық білімнің негізін, білімнің минимумын анықтау;

– уақыттың шектелуіне байланысты шығармашылық тұлғаны қалыптастыратын оқыту әдістерінің қажеттілігі, мысалы, проблемалап оқыту, ол көп уақытты керек етеді /иллюстративті-түсіндірмелі әдіспен салыстырғанда/;

– педагогикалық ойлаудың парадигмасын өзгерту талап етіледі;

– үздіксіз білімдену, оның құрылымы мен мазмұнының қайта жасалуын талап етеді;

– ұстаздарды жаңа педагогикалық біліммен қаруландыру қажеттілігінің өсуі. Жаңалықтарды объективті түрде бағалай алатын, инновацияның құбылмалылығын меңгеретін педагогтардың қалыптасуы. Мүмкіндік пен педагог қауымының нақты жағдайы арасындағы қайшылықтар, оның шешілуі;

– жаңалықтың жаппай енгізілуі;

Осы жағынан білім беру процесінде ұстаздардың дұрыс жол тауып, әрекетін дұрыс құруы, оны жоспарлауы ерекше көңіл бөлетін объектіге айналды. Ал нәтижелі оқытудың негізі ретінде технологиялар білім беру жүйесінің табиғи қажетті мәніне ие болды.

Жан-жақты дамыған, бәскеге төтеп бере алатын елдің ұлтжанды, рухани дүниесі мол, адамгершілік қасиеттері биік, рухы қуатты жастарын тәрбиелеуде пәрменді құрал ана тілі мен әдебиеті екені даусыз. Әдебиет пәні оқушыны өз халқының мәдени мұрасымен таныстыра отырып, жалпы азаматтық рухани байлықтарды да игеруге жол салады. Сөйтіп адам мен қоғам, әлем құндылықтары жайлы түсінігі мен тәжірибесін реттейді, мәдениетін көтереді, идеялық сенімін тереңдетеді, қоғам алдындағы жауапкершілік сезімін ұштайды, қоғамның кінәратсыз болуына өзіндік үлесін

қоса алатын қылады. Сондықтан жас ұрпақты жоғары мәдениетті, парасатты адам етіп тәрбиелеуде мектептегі әдебиет пәнінің маңызы ерекше. Әдебиет пәні - мектептегі негізгі эстетикалық, логикалық, риторикалық пән. Сондықтан оны оқытатын ұстаздардың атқарар міндеті мен жауапкершілігінің үлес салмағы зор.

Жүсіп Баласұғын, Қожа Ахмет Яссауи, Асан Қайғы, Бұхар Жырау, Абай мен Академик Қ. Жұмалиев: «Лирика өмір құбылысына ақынның көзқарасы, түсінуі, сезімі, күйініш-сүйініші, онда адам өмірінің асқақтығы да, кейде қоңыр күйі де көрінеді» – десе, З. Қабдолов: «Лирикадағы бас қаһарман – ақынның өзі. Лирикалық кейіпкер, әдетте ұнамды кейіпкер. Лириканың күші әсерлілігінде. Ал әсер баяндауда емес, суреттерде. Лирикада тартыс та болады. Лирикада негізінен мінез болады» – деп түйіндейді. Сондықтан лирикалық туындының әсемдігі мен нәзіктілігін, тереңдігі мен асқақтығын танытудың тиімді болуы оның осындай сипаттарын аша білуде, оқушыны жыр өзегіне ортақтастыра білуде. Әдебиетші мұғалім өзін ақынша сезініп, лириканың орны мен рөлін, сыры мен сипатын терең түсініп, нәзік сезінгенде ғана сабақ мәнді, мағыналы болмақ.

Жаңа буын оқулықтарының мазмұнында /10-сын./ біршама өзгерістер бар. Оның ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәңгерей Бөкеев, Нарманбет Орманбетұлы, әнші сазгер ақындар поэзиясы, Әсет Найманбаев шығармашылығымен таныстыруға көңіл бөлінген.

Мұның ішінде Мәшһүр Жүсіп атамыздың шығармаларымен, өмірімен таныстыруға 2 сағат бөлінген; «Хал-ахуал», «Фибратнама», /«Қаршыға мен Бұлбұл»/, «Шайтанның саудасы», «Сарыарқа кімдікі», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» және «Гүлшат-Шеризат» дастаны ұсынылған, айтыстары сыныптан тыс оқуға берілген. Мәшһүр Жүсіптің мол мұрасын танытуға 2-ақ сағат бөлінген, бұл аз десек те шәкірттердің танымын кеңейтіп, білім-білік, дағдыларын жетілдірудің жолдары ретінде факультатив сабақтар, «Мәшһүртану» арнайы курсы оқытуға болады. Ал сабақ үстінде де тиімді амалдарды, әдіс-тәсілдерді, зерттеу сипатындағы, іздендіретін тапсырмалар, талдау жұмыстарын қолданудың берері мол.

А. Қоңыратбаев «Әдебиетті оқыту методикасында»: «Көркем шығарманың ішкі ерекшеліктеріне оның нақтылы тақырыбы мен идеясы, жанрлары мен образдары, типтендіру, қиялдау, композиция мен сюжеті, тілі, суреттеу тәсілдері сияқты белгілер жатады.

Сабақты активтендіру ең алдымен талдау сабақтары үстінде жетіледі. Оның шарты – оқушыларға өздігінше жұмыс істету, баулу, активтендіру.

Текстіден жұмыс істеудің яғни талдау сабақтарының тағы бір ерекшелігі мынада: лекцияда біз көбіне әдебиеттің сыртқы заңдарын сөз етсек, талдауда көркем сөздің ішкі заңдарын баса айтып, көбірек жұмыс істейміз» деген.

Ал мемлекеттік білім стандартында:

– эпикалық тауындыдағы басты проблематиканы анықтау және тұжырымдау, сөйтіп, оны көркем бейнелеудегі автор позициясын және осыған байланысты композиция, көркем тіл ерекшеліктері мәселелерін айқындай білу;

– оқыған лирикалық туындыдағы идеялық-көркемдік ерекшеліктерді пайымдау және өз жүрегінен өткізіп түсіну-сезіну негізінде баға беру;

– оқып меңгерген туындының белгілі бір тегі мен жанрына қатыстылығын танытатын автордың бейнелеу әдісін түсіндіру;

– белгіленген мәселені, сұрақты, мақсатты ой толғау арқылы дәйекті, дәлелді толық ашу, баяндау;

– өз бетінше мәселелер, мақсаттар /оқылған шығарма бойынша/ айқындай алу, оны жоспарлай, жүйелей білу;

– эпиграфы мен қажетті дерек, цитаталарды орынды пайдалана алу, тұжырымдар жасай алу т.б. тәрізді талаптар қойылған.

Осы тұрғыдан оқушылардың өздігінен білім меңгеру әрекеттерін ұйымдастыруға ұстаз шығармашылық тапсырмалар жүйесін саралап, таңдап алып, балаларға бағыт беруі абзал.

Дағдылары ширап, жетілген жағдайда шағын ғылыми жоба, зерттеу жұмыстары бойынша баяндама, тезис, хабарлама, түрлі тақырыпты шығарма жазу, конференциялар, ғылыми кеңестер т.б. өткізуді ұсынуға болады. Сондықтан бағдарламада бөлінген әр сағаттың жүйелі, нәтижелі өтуін қамтамасыз ету қажеттілігі түсінікті.

Ол үшін тәжірибелік сабақтарда Қ. Тасболатовтың әдістемесі бойынша Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қаршыға мен бұлбұл» туындысын талдау жүйесін қарастырайық.

Ақынның «Қаршыға мен Бұлбұл» өлеңінің мазмұнымен танысқанна кейін, төмендегідей проблемалық сұрақтар төңірегінде ойландырып, іздендіруге болады:

1 Ақынның өнер туралы пайымы қандай, оны қай шумақтардан, тармақтардан байқауға болады?

2 Ақылдың, өнер-білімнің құны туралы автордың толғанысы қандай сөздермен берілген?

3 Қандай көңіл-күй аңғарылады, ол қалай берілген?

4 Сұңқардай биік шынды мекен қылмай, шықылдап көзге түстім сауыскандай, - деген тармақтардың мәнін түсіндіріңіздер.

5 Қаршыға мен бұлбұлға салыстырмалы мінездеме беріңдер.

6 Ақынның ішкі дүниесіндегі тартысты тауып дәлелдендер.

7 Шығармада не сыналады, ол қандай тәсілмен берілгенін нақтылаңдар.

8 Шығарманың өзіндік ерекшелігі неде екенін мысалдармен дәлелдендер.

Осыдан кейін үлгі бойынша эвристикалық тапсырмалар орындатуға болады.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларының күрделі ішкі құрылымына, стильдік бітіміне үңілу, сөз өрнегінің құбылысына зер салу тексті талдау барысында пәрменді сипат алады, себебі, өлең сырына бойламай тұрып, оның табиғатын ұғыну мүмкін емес. Сондай-ақ лирикадағы үлкен философиялық-эстетикалық, поэтикалық ой арқауын түсінбейінше, шығармадағы шынайы адамдық сезім биігіне жету қиын. Оқушы шығармадағы ақын ойының тереңі мен астарына түсініп, толғанса, тебіренсе ғана эмоциялық және эстетикалық ләззат алады. Лирикалық қаһарман бейнесі, өлеңнің поэтикалық тынысы, сыр сазы әр автордың өзіне ғана тән белгілі бір сөздер, сөз тіркестері мен сөйлем құрылымы арқылы өріледі. Мәшһүр Жүсіп туындыларынан оның сан-алуан құбылысын көруге болады. Сондықтан талдау технологиясы ақын туындыларының ерекшелігі мен өзіндік сыр-сипатын ашуға жақсы негіз екені даусыз. Әрине, әдебиетші мұғалімнің озық тәжірибелер мен ғылыми зерттеу еңбектерін, әдістемелік жаңалықтарды жүйелі түрде орынды қолдануы нәтижеге әкеледі. Мұнда Қ. Бітібаеваның конструкциялық жобалау технологиясы, ф.ғ.д. Қуандық Жүсіповтың әдеби-қисындық талдау жүйесін, Е. Жұматаеваның дидактикалық тұрғыдан әдеби туындыларды зерттеу амалдарын қажетіне қарай синтездей қолданудың берері көп.

Әдебиет-сезімге де, ақылға да, қиялға да бірдей әсер ететін қуатты құрал. Ойдың тереңдеуі, қиялдың шарықтауы, сезімнің тебіренуі адамды шығармашылық шыңына жетелейді. Ол ойға түрткі болып, туындының парқына жетуге, құндылығын танып, пайым жасауға әкеледі. Автордың пайымын, тұжырымын түсініп, оны ашу және дәлелдеу шығарманың логикалық екпін түсіп тұрған

тұстарын дөп басумен анықталады. Өлеңдегі пәлсапалық терең ойды шешу оқырманның зерделей, зерттей оқуына байланысты. Оның өзі эвристикалық тапсырмалар орындау арқылы білімнің тереңдеуіне, белсенділік пен шығармашылық қабілеттің, логиканың дамуына, сөз қорының молаюына жол ашады.

Әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби: «Поэтикалық пайымдаулар әңгіме үстінде ғана пайдаланылады, ондағы мақсат адамды бір / әрекетке/ тарту үшін оның сезімін ояту»... Сондықтан басқа емес, атап айтқанда, нақ сол поэтикалық пайымдаулар логика қарастыратын нәрселердің жәрдемімен көркемделіп, гүл жайнап, айқындалып, тамаша сәулеттеніп, жарқырап көрінеді.

Қандай істер болсын бір нәрсені растау үшін қолданылатын силлогизмнің силлогистік өнердің түрлері, пайымдама түрлері – осылар. Бұлар не бәрі бесеу: анық пайымдаулар, жорамал пайымдаулар, қате пайымдаулар, нанымды пайымдаулар мен қиялдағы пайымдаулар», - деп пайымдаудың философиялық қырларын анықтап берген. Әдебиет сабағында осылардың бәрі де көрініс тауып жатады. Сондықтан шәкірттердің оқу әрекетін проблемалы-іздендіру, проблемалық жағдаяттар шешу, логикалық және зерттеу әдістеріне негіздей құрудың мәні зор. Білім мен білігі тереңдеп, алған мәліметтері ұлғайғаннан кейін сұхбат, пікірталас, ойталқы, дөңгелек стол, конференция, тақырыптық семинарлар, пікіралысулар мен кездесулер тәрізді жұмыс түрлерін ұйымдастырудың нәтижесі жоғары болмақ. Білім жинақтау өздігінен еңбектену арқылы, өзара ізденіс пен білім алмасу, өзара ынтымақтаса жұмыс істеу, ақылдасу, қабілеттерді шындау, мүмкіндікті бір арнаға жұмылдыру арқылы жүзеге асады.

Ұлы Абайдың: «... білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі - мұлахаза /пікіралысу/ қылу, екінші - берік мұлафаза қылу /жадында сақтау/. Бұл екеуі қуатты зорайту жаһатінде /тырысу/ болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды» деген сөзі бүгін де оқытудың өзекті мәселесіндей емес пе?

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әл-Фараби. «Философиялық трактаттар» Алматы-1973.

2 А. Байтұрсынов. «Ақ жол» Алматы «Жалын» 1991.

3 Белинский, В. Т. Избранное. «Эстетика и литературная критика» М., 1950.

4 Нұрмаханов, Ж., Дайырова, Ә. «Орта мектепте лириканы оқыту» Алматы «Рауан» 1991.

- 5 Қуандық Мәшһүр Жүсіп «Көркем сөздің күдіреті» Павлодар 2002
- 6 Таубаева Ш. Т., Лактионова С. Н. «Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования». Алматы. «Ғылым» 2001.
- 7 Мәшһүр Жүсіп. Таңдамалы шығармалары 1-2 том. Павлодар 2005.
- 8 Абай. Жинақ. Алматы «Мектеп» 2003
- 9 Еңлік Жұматаева «Жоғары мектепте оқытудың біртұтас дидактикалық жүйесі» «Ғылым» Алматы 2001.
- 10 Беспалько, В. П. «Слагаемые педагогической технологии». М., «Педагогика» 1989.
- 11 Бітібаева, Қ., Құдайбергенова, Г., Мұқашева, М., «Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы» Өскемен, 2002.
- 12 Қоңыратбаев, Ә. «Әдебиетті оқыту методикасы» 1966.

ТАРИХ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ПӘНДЕРІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҮЛГІЛЕР

АНУАРБЕКОВА А. К.
магистр, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Тарих және дінтану пәндерін оқытудың маңыздылығы. Тарих – елдің кешегі күнінен хабар беретін, мемлекеттің, ұлттың, тіпті тілдің қалыптасу, даму, өзгеріске ұшырау секілді барлық процесстерін баяндап, себеп-салдарын анықтап, келешекке дұрыс жоспар құруға көмегін тигізетін ең маңызды ғылым саласы.

Ежелден-ақ қазақ халқы өз ұрпағын адамгершілікке, ізгілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді басты мақсат еткен. Ата-бабымыз жазу-сызудан кем соғып жатқан шағында көшіп-қонып жүріп-ақ ұрпақ қамын, оның болашағын жеткілікті ойластырған. Тарих – біздің игілігіміз, біз оны құрметтеп, қастерлеуіміз қажет. Сонымен бірге құпия-сырларға толы, қорқынышты, қанды, кеңес елінің есімінде мәңгілікке қалған беттерінің шындығын, ақтандақтарын ашып жеткізу тарих саласындағы мамандардың жауапкершілігінде. [4, 13].

Жер жүзінде, соның ішінде Қазақстанда қанша түрлі ұлт, адам бар болса, олардың қоршаған ортаны қабылдауы, жаратылыс пен жаратушы туралы наным-сенімдері әр түрлі. Біздің мемлекет зайырлы мемлекеттер қатарына жататындықтан, мұнда сан түрлі

дін өкілдері кездеседі. Қазақстанның басты құндылығы халық екені белгілі, яғни күллі ел түрі мен тіліне, дініне қарамастан, өзге тұлғаларға толеранттылық көзқарас танытуға, бірі екіншісінің пікірін құрметтеуге міндетті. Бұл туралы ҚР Конституциясында нақты жазылған. Әйтсе де жыл сайын қаптап шығып жатқан түрлі діни орталықтар тарапынан қауіп төнуі қорқынышы да бар. Сондықтан Қазақстан Республикасы әр азаматын оқушы кезінен білімге ғана емес, діни сауатты болуға үйретеді. Дінтану пәнін білім бағдарламасына енгізудегі негізгі мақсат та осы.

Тарих және дінтану пәндерінің басты мақсаттарының бірі – білім алушылардың бойында елжандылық қасиеттерді қалыптастыру. Өйткені елжандылық тәрбиесі – ол адамның қоғам алдындағы жауапкершілік парызын, намыстық сезімін тәрбиелеу. Сондықтан тарих және дінтану пәндері оқу үдерісінің қай форматта өтуіне қарамастан, мектептер мен өзге де оқу орындарында оқытылуы міндет.

Қашықтықтан оқыту. «Қашықтан оқыту технологиясы – оқу үрдісі кезінде оқып үйренушілер мен оқытушылар арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология. Қашықтан оқыту – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылатын, күндізгі және сырттай білім алу ретінде білімді қабылдау түрі болып табылады. Қашықтан оқыту кезіндегі білім беру үрдісінің негізін жеке кесте бойынша өзіне оқуға ыңғайлы жерде оқуға мүмкіндігі болатын, оқытудың арнайы құралдар жиынтығы өзінде бола отырып, электронды және қарапайым пошта, телефон арқылы оқытушылармен келісілген байланыс жасауына, сонымен қатар, күндізгі бөлімде де мүмкіндігі болатын, оқып үйренушінің мақсатқа бағытталған және бақыланатын қарқынды өзіндік жұмысты құрайды» [3, 145].

Айтса айтқандай, 2019 жыл ойламаған жерден тек білім саласына ғана емес, денсаулық, еңбек жүйелеріне өзгерістер керектігін көрсетті. Ойламаған жерде оқушыларды қашықтықтан оқыту қажеттілігі туды. Бұрын-соңды мектеп тәжірибесінде мұндай жағдай орын алып көрмегендіктен, ұстаздар да, оқушылар да

не істерін білмеді. Әр облыс, әр қала мен әр мектеп қолдарынан келгенін жасады: бірі ватсап желісін пайдаланса, бірі электронды поштаны қолданды. Кейбірі шәкірттермен <https://portal.kundelik.kz/> порталы арқылы байланысқа шықты. Кейіннен <https://bilimland.kz/kk> ұсынылды. Осылайша, әркім тығырықтан шығар жолды іздеп кетті. Республика бойынша ортақ шешім қабылданбады. Бұдан шығар қорытынды - болуы мүмкін емес деген жағдайлар туа қалғанда да қашықтықтан оқытуға сақадай сай дайын тұрғанымыз дұрыс екен.

Тарих және дінтану пәндерін қашықтықтан оқытудағы жаңа технологиялық үлгілер. Білім мен ғылымның дамуына байланысты күн сайын жаңа технология өнімдері пайда болып, жаңа талаптар шығарылуда. Сәйкесінше, білім саласына да жаңа құралдар, жаңа терминдер мен жаңа әдіс-тәсілдер келіп қосылуда. Ал оларды тиімді пайдалана алу пән ерекшелігі мен оқытушының шеберлігіне байланысты. Заманауи білім беру жүйесі білім беру саласын жаңарту жаңашылдығы ақпараттық технологияларды тез үйреніп, білім беру мәселелерін шығармашылықпен шешуді, білім бағдарламаларын дербес өзгешеліктермен толықтыруды ұсынады [5, 138].

Мектепте оқытылатын пәндерді қашықтықтан оқытуға қолайлы және қолайсыз деп екі топқа қарастырсақ, тарих және дінтану пәндерін екінші топқа жатқызуға әбден болады. Яғни мұнда математика секілді немесе денешынықтыру пәні сияқты оқушымен жақын жерде байланыста болуды аса қажет етпейді. Ең бастысы – оқушы ынтасы мен дұрыс таңдалып алынған технологиялық үрдістер. Ол қандай технологиялық үрдістер болуы мүмкін және таңдау барысында қандай критерийлерге мән берген жөн? Мен келесілерге назар аударғанды ұсынар едім:

- Оқушы мен оқытушыға бір мезетте қолжетімді болуы;
- Оқушының технологияны өз еркімен қолдана білуі;
- Оқу бағдарламасының мақсаттарын жүзеге асыруға ыңғайлы болуы;
- Оқушы денсаулығына зиян келтірмеуі;
- Қауіпсіздік деңгейінің жоғарылығы;
- Бір мезетте бірнеше оқушының сұранысын қанағаттандыра алуы.

Осы критерийлерге сүйене отырып, тарих пен дінтану пәндерін қашықтықтан оқытуда қолдануға болатын бірқатар технологиялық үлгілерге талдау жасасақ.

Презентация – онлайн, оффлайн және қашықтықтан оқыту кезінде жиі қолданылып жүрген технологиялардың бірі. Өткен тақырыптарды қайталау, жаңа тақырыпты түсіндіру, тапсырмаларды орындау үшін өте қолайлы, ықшамды, кез келген интернеттік желі

арқылы жіберіледі және оңай ашылады. Суреттер ғана емес, шағын мәтінді де кірістіруге болады. Жоғарыда атап өткен критерийлердің барлығына сай келеді. Бірақ қажет ақпараттарды толық қамту жағынан мүмкіндігі шектеулі. Тек қосалқы демеуші құрал ретінде пайдалануға болады.

Видеосабақтар. Мұндай сабақтарды екі түрге жіктеуге болады. Біріншісі - оқытушы мен оқушы, оқушы мен оқушы арақатынасын сол сәттегі уақыт кеңістігінде, яғни тікелей эфирде байланысқа шығуға, сабақтар мен сауалдарды, жауаптарды бір мезетте алуға болатын видеосабақтар. Сабақтың бұл түрі ZOOM немесе Skype платформалары арқылы жүзеге асырылады. Мұғалім мен шәкірті сынып тақтасы ретінде негізгі экранды қолдана алады. Қатысушы саны жүздеген қолданушыдан тұруы да мүмкін.

Видеосабақтың екінші түрі – алдын ала дайындалған сабақтарды әлеуметтік желілерде жүктеу немесе таратушы платформалар арқылы жіберілетін сабақ. Мұнда біріншісіндей тікелей байланыс орнатылмайды. YouTube, Сондықтан оқушының видеосабақты көрген-көрмегендігін алдын ала болжау мүмкін емес, тек тақырып бойынша тапсырмаларды беру нәтижесінде байқауға болады.

Аудиолар. Видеосабаққа ұқсас. Кез келген платформаны пайдаланып таратуға болады. Бірақ тек тыңдалым дағдысын қамтитындықтан, көру қабілеті арқылы тезірек қабылдайтын оқушылар үшін ыңғайсыздық тудырады. Балаларға бейтаныс көне жәдігерлер, тарихи ескерткіштер, ескі қалалар т.б. бүгінгі заманда жоқ маңызды тақырыптарды түсіндіруде қолайсыз.

Тесттік тапсырмаларды карантин кезінде мұғалімдер жиі пайдаланды. Өткен тақырыптарды қайталау үшін қолайлы. Десек те онсыз да қашықтықтан білім алып, бірін білсе, бірін білмейтін кей оқушылардың білімін одан әрі төмендетіп жіберуі мүмкін. Білмесе де білгендей болып, кез келген жауапты таңдай салатындары тағы бар. Тест жауаптарын интернет желісінен іздеп тауып, белгілейтін оқушылар да кездеседі. Яғни, тарих пен дінтану пәндерін қашықтықтан оқытуда тесттік тапсырмалар оң нәтиже береді дей алмаймыз.

Электронды оқулықтар да тарих пен дінтану пәндерін қашықтықтан оқытуда таптырмас құралдардың бірі. Кейде оқулыққа қоса электронды дәптерлер де ұсынылады. Бұл өз кезегінде оқушы мен мұғалімді сөмкесіне ең қажетті заттарды ғана салып, оқулықтарға ғаламтор арқылы оңай қол жеткізуіне мүмкіндік

береді. Алайда, екі жақтың да көз жанарына зияны тиетінін ескерсек, пайдалану уақытын неғұрлым қысқартқан жөн.

Қашықтықтан тарих және дінтану пәндерін оқытуда интернет желісінің, соның ішінде ақпарат жеткізуші платформалардың рөлі ерекше. Мақсат бір болғанымен, мүмкіншіліктері сан түрлі. Атап айтқанда, ең танымалы What's App және Telegram желілері. Аталмыш желілер кез келген жерде қолданыла береді. Видео, аудиосабактар, фотосуреттер таратылады және кері қабылданады. Хат алмасу жолымен де байланысқа шығуға болады. Бірақ біріншісі телефон жадын толтырып, соңғы файлдардың жүктелуіне кедергі келтіруі мүмкін. Оқушылардың қашықтықтан қадағалау жағынан да қолайсыз.

Microsoft Teams, Zoom және Skype платформаларына талдау жасайтын болсақ, олар дәрістер үшін өте қолайлы екенін атап өтуге болады, ақпараттың үлкен көлемін бекіту қажет болған кезде, оқытушы мен білім алушылар арасында тікелей байланыс орнатуда сабақтар өткізуге ыңғайлы. Оқу құралдары видео-сабақтар оCamPortable, Bandicam, HyperCam арнайы бағдарламалардың көмегімен түсіріліп, YouTube арнасына немесе Google дискіге сілтеме беру арқылы қолданылады.

Canva – бұл әлеуметтік желілерде суреттерден бастап макеттерге дейінгі басып шығара алатын графикалық дизайн жасауға арналған онлайн-сервис [5, 139].

Қорыта айтқанда, қашықтықтан оқытуға арналған технологиялар әр пәнге бөлек-бөлек дайындалып шығарылмайды. Дегенмен, әр пән өз ерекшеліктеріне, оқу мақсаттарына, тақырып пен тапсырмаларының ерекшеліктеріне қарай қажеттісін іріктеп алады. Сол сияқты тарих пен дінтану пәндерін қашықтықтан оқытуда пайдалануда тиімділігі жоғары деген бірнеше жаңа технологиялық үрдістерден мысалдар келтірілді. Қашықтықтан оқытуда оқытушыға да, оқушыға да ыңғайлы технология таңдалынғанда ғана оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарастарын, адамгершілік қасиеттерін, имандылық пен ізгілік қасиеттерін тәрбиелейтін тарих пен дінтану пәндерін жоғары деңгейде жүргізе аламыз. Дұрыс таңдалынған технология нәтижесінде қашықтықтан оқыта отырып та оқушылардың өзін-өзі бағалау, өз бетімен іздену дағдыларын қалыптастыруға қол жеткіземіз. Бұл орайда басты жауапкершілік тарихшы мұғалімнің мойнында. Жауапкершілігі бар, біліктілігі жоғары, білімі мол ұстазға оқудың онлайн немесе оффлайн өткізілуінде аса айырмашылығы бола қоймайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Адилгазықызы Ж. Е. Қашықтықтан оқыту технологиясы/ Білім технологиялары - 2014. – № 1. – 8–9 б.
- 2 Алипбекова, Т. Қ. Қазақстан пәнін оқытудағы өзекті мәселелер // Білім көкжиегі = Горизонт образования. – 2014. – № 12. – 13–14 б.
- 3 Ахмет, Л. С. Қашықтықтан оқыту технологиясы / Ахмет, Л. С. Тоғузбаева, А. А. // Қазақстанның ғылыми әлемі – 2013. – № 1 (47). – 145–147 б.
- 4 Бисенғалиева, А. М. ЖОО-да қашықтықтан оқытудың заманауи технологияларын меңгеру / Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің хабаршысы. – 2022. – № 1 (123). – 136–142 б.
- 5 Қозғамбаева, Г. Б., Алпысбаева Н. К. Тарихты оқыту әдістемесі : оқу құралы / Әл-Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті. – 2-бас., өнд., толықт. – Алматы : Қазақ университеті, 2016. – 259 б.
- 6 Хазретәлі, Т. Н. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі: жоғары оқу орындарының тарих мамандығы студенттеріне арналған дәрісбаяндар жинағы– Алматы : Дарын, 2004. – 155, [2] б.
- 7 Тажкеева, Г. Х. Тарих пәнін оқыту арқылы білім алушыларды елжандылыққа тәрбиелеу / Білім көкжиегі. – 2016. – № 10. – 4–6 б.

КРИТИЧЕСКОЕ МЫШЛЕНИЕ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

БАБЫКОВА Г. К.

учитель истории, Школа-лицей №8 для одаренных детей, г. Павлодар

Методологические стратегии в современных исторических исследованиях и их практическая значимость в преподавании общественных дисциплин играют важную роль в создании эффективного учебного процесса, которая требует от учителя и учащихся широкого осмысления факторов исторического развития, понимания, оценки, анализа. Цель обучения истории и общественных дисциплин состоит в формировании и становлении личности, способной добывать, анализировать и использовать информацию [1, с.4]. Учащимся необходимо не только приобретать знания, но и владеть способностью анализировать источник и находить общий принцип каких-либо событий, их основную идею. Такое обучение является конкретной реализацией известного положения,

сформулированного лауреатом Нобелевской премии Максом Лауэ: «Образование есть то, что остается у человека, когда все выученное им забыто». Не секрет, что нынешние учебники содержат большой объем материала, что приводит к перезагрузке учеников в усвоении темы. В связи с этим, возникают вопросы: как учить детей без принуждения, как помочь им раскрыть свои возможности, как сделать предмет интересным для всех, как дать стимул к обучению? Поэтому учителю необходимо использовать в своей деятельности те методологические стратегии в преподавании общественных дисциплин, которые способствуют формированию у учащихся мыслительные умения, необходимые для жизни в современном обществе: умения критически относиться к информации, оценивать новые факты, явления, идеи, самостоятельно принимать решения и делать выводы.

Среди методологических стратегий именно стратегия развития критического мышления способствует решению этих задач. В процессе обучения центральное место занимает ученик, и именно поэтому вся деятельность учителя должна быть направлена на него, на достижение его эффективности и успешности. При планировании уроков важно знать, что урок это благоприятный ресурс, который предоставляет широкий спектр возможностей как для расширения зоны ближайшего развития учащихся, так и для обеспечения знания и опыта педагога по достижению успешности обучения. Идеи внедрения приемов развития критического мышления апробировано на уроках истории. Внедряя в педагогическую практику обучение критическому мышлению, первоочередным этапом для педагога является осмысление сущности критического мышления, которое представляет собой сложное и многостороннее явление, ключевыми компонентами которого являются: установки и готовность к тому как «мыслить о мышлении», владение набором интеллектуальных умений и навыков и наличие опыта. При проведении уроков я активно внедряла и апробировала такие приемы критического мышления, как «Фишбоун», таблица «ЗХУ», кластер, «Шесть шляп мышления», «Синквейн», эссе и прочие. Если раньше при планировании уроков мы отдавали предпочтение способам традиционной организации учебного процесса, которые позволяют учителю самому отслеживать и контролировать учебный процесс, делать выводы по своим впечатлениям от уроков. Теперь необходимо было организовать и направить учащихся на самостоятельный поиск знаний, в этом огромную роль сыграли методы критического

развития. В итоге деятельности по проведенным опросам, наблюдениям, рефлексивным анализам позволяют сделать вывод, что обучающиеся отдают предпочтение обучению «по-новому», что подтверждается повышением успеваемости, мотивации к обучению. Необходимо отметить, что данные методы внедрялись постепенно в сочетании с критериальным оцениванием. Например, составление вопросов по Блуму позволяет судить о степени понимания темы учащимися, работать в своей зоне ближайшего развития и развивать метапознавательные навыки. Чтобы оценить себя и одноклассников учащимся необходимо действовать согласно выработанных критериев, но дети не всегда объективно подходят к этому. Комментирование выставленных оценок помогает сделать первые шаги к решению данной проблемы. Это позволит в перспективе усовершенствовать техники самооценивания и взаимооценивания. При применении взаимооценивание, когда детям предоставлена возможность оценить друг друга за проведенную работу с текстом, выявлено, что даже «слабоуспевающие» ученики становились увереннее, когда они исправляли, дополняли ответы «сильных» учеников или происходило соперничество между ними в процессе формативного оценивания. Такой метод оценивания вселит чувство ответственности и уверенности в наших детях. Дети «открывают» их сами в процессе самостоятельной исследовательской деятельности. Учитель лишь направляет эту деятельность и в завершении подводит итог. На таких уроках ученики больше думают, чаще говорят, активнее формируют мышление и речь. Они учатся отстаивать собственную позицию, проявляют инициативу и в результате вырабатывают характер. Полагаю, что развитие критического мышления учащихся является одним из основных приоритетов в любой педагогической деятельности. На уроках истории педагоги часто используют метод беседы, или диалоги с учащимися, при внедрении приемов развития критического мышления отмечено, что на уроках диалоги стали более конструктивными, если предложить критерии, это помогает педагогу избавиться от привычки много говорить, учитывать мнение учащихся, учит доверять учащимся. На уроках необходимо давать возможность ученикам обучать друг друга, чаще вести диалог с одноклассниками, изменить постановку вопросов и ответов, включая больше вопросов высокого уровня, и алгоритм ответа учащегося. Ученики не сидят пассивно, слушая учителя, а становятся главными действующими лицами урока. Они думают и вспоминают про себя, делятся рассуждениями друг

с другом, читают, пишут, обсуждают прочитанное. Организация учебного процесса напоминает коллективный способ обучения А. Г. Ривина – В. К. Дьяченко, так как основой её является работа учащихся в динамических парах и группах.

Тексту отводится приоритетная роль: его читают, пересказывают, анализируют, трансформируют, интерпретируют, дискутируют, наконец, сочиняют.

Роль учителя – в основном координирующая.

Популярным методом демонстрации процесса мышления является графическая организация материала. Модели, рисунки, схемы и т.п. отражают взаимоотношения между идеями, показывают ход мыслей. Процесс мышления, скрытый от глаз, становится наглядным, обретает видимое воплощение. Графическая организация материала может применяться на всех этапах учения как способ подготовка исследованию, как способ направить это исследование в нужное русло, как способ организовать размышление над полученными знаниями. Средства технологии позволяют работать с информацией в любой области знания, а это значит, что ознакомление с ней можно организовать на любом предметном материале.

Учение, ориентированное на выработку навыков критического мышления, предусматривает не просто активный поиск учащимися информации для усвоения, а нечто большее: соотнесение того, что они усвоили, с собственным опытом, а также сравнение усвоенного с другими исследованиями в данной области знания. Учащиеся вправе подвергать сомнению достоверность или авторитетность полученной информации, проверять логику доказательств, делать выводы, конструировать новые примеры для её применения, рассматривает возможности решения проблемы и т.д.

Используя приемы развития критического мышления на своих уроках, я неоднократно убедилась в том, что данная технология способствует развитию поисковой и творческой деятельности учащихся, создает атмосферу сотрудничества учителя и учеников.

ЛИТЕРАТУРА

1 Алиев, С. З. Развитие критического мышления на уроках истории и права. История Казахстана: преподавание в школе: Алматы; №5, 2009 г.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

БАЛГОБАЕВА Р. С.

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, № 10 орта мектебі, Екібастұз қ.

Елдің болашағы жастар, демекші егеменді еліміздің бәсекеге қабілетті, ой-өрісі кең, өзіндік көзқарасы бар болашақ ұрпағын тәрбелеу ұстаздар қауымның басты міндеті. Мектеп қабырғасында жас жеткіншектерге сапалы білім беру, жаңаша оқыту, тәрбиелеу – қазіргі заман талабы. Сапалы білім негізі - оқытудың жаңа технологиясын тиімді, ұтымды пайдалану. Менің ойымша, білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім деңгейі мен іздену шеберлігіне байланысты. Инновациялық технологияны пайдалану барысында ұстаздың белсенділігі, парасаттылығы, шығармашылық ізденісі, шәкіртінің білімін бағалауы маңызды роль атқарады. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу білім жүйесін үздіксіз дамыту міндеттерін көздейді.

Жаңа инновациялық әдістерді пайдаланудың себептері неде?

Біріншіден, қазіргі уақыт – жаңалық пен инновация уақыт. Күнделікті өмірде жаңа біліммен жаңалықтарды кездестіреміз. Осыған оқыту үдерісі сәйкес болуы керек.

Екіншіден, жаңалықты пайдалану оқушының ойлау қабілетін жаңалыққа икемдеп, алдын ала болжам жасауға үйретеді.

Үшіншіден, инновациялық әдістер – бұл белсенді оқыту әдістері. Ақпаратты белсенді түрде қабылдаса, оқушы жадында өздері айтқаның сексен пайызы сақталса, өздері істегеннің тоқсан пайызы қалады. «Ауызша айтылғанды ұмытамын. Көрсетсең, мүмкін есіме сақтармын. Қатысушы болсам, яғни өзім жасасам, мен түсінемін», - деп Қытай даналары айтқандай.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- білім алушыға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- білім алушының танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;

- білім алушыға өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- шығармашылық, танымдылық икемділігін дамыту;

Жаңа технологияны пайдалану төменгідей кезеңдер арқылы жүзеге асырылуы қажет.

- 1 Оқып үйрену;
- 2 Меңгеру;
- 3 Сабақта қолдану;
- 4 Нәтижесін байқау

Осы міндеттерді негізге алып, өз тәжірибемде оқушылардың оқу-танымдылық күзіндеттілігін жетілдіру мақсатында біршене озық технологияларды сабақта қолданамын. Мысалы, сыни тұрғыдан ойлау технологисын қолдану барысында оқушылар логикалық ойлауға, жұппен, топпен жұмыс істеуге төселеді. Оқытуда тәжірибені шыңдай түсуде көп жеңілдік ашқан технологиялардың бірі – осы технология.

Мақсаты мен міндеттердің орындалуы барысында оқушыларда мынадай дағды басым болады:

- ассоциация;
- бірлестік қызмет;
- оқу үрдісіне қызығушылығы артады;
- оқушының ақпараттық сауаттылығы;
- көзқарасын талдау мен дәлелдеу, қорғау;

Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасады.

Бұл технологияның ұтымдылығы неде? Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ойтолғаныс кезеңдерден тұрады. Осы кезеңдерді сабақта «Болжау», «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау» деген әдістермен өткіземін. Ойлау мен үйренуге бағытталған бағдарламаның келесі кезеңі мағынаны ашу (түсіне білу). Бұл кезеңді көбінесе «INSERT» стратегиясы бойынша жүзеге асырамын. «INSERT» стратегиясы – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Себебі өзге ұлт өкілдеріне оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну-күрделі жұмыс. Ойтолғаныс кезеңі өзіне, басқаға сын көзбен қарауға, баға беруге үйретеді. Ойтолғаныс кезеңінде «Венн диаграмасы», «Семантикалық карта», «Шығу парағы», «Т кестесі», «Аяқталмаған сөйлем» сияқты стратегияларды сабақтың ерекшелігіне байланысты қолданамын.

Кесте 1 – RWCT сабақтарында мұғаліммен мен оқушының әрекеттері

Мұғалім	оқушы
Топқа бөліп, ой қозғайды.	Топпен жұмыс жасайды.
Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды.	Мәтінмен өздері танысады.
Мәтіннен ең маңызды ақпаратты анықтауды ұсынады.	Мәтінді әртүрлі әдістермен зерттейді.
Кейіпкерлердің ерекшеліктерін тануға бағыттайды.	Жеке кейіпкерді талдайды, мінездеме береді, егер мен кейіпкер болсам, деп салыстырады
Мәтіннің тілдік ерекшелігі туралы сұрақ қояды.	Шығарманың негізгі мазмұнын әдіс-тәсілдер арқылы анықтайды.
Өз ойларын жазуды ұсынады.	Өз ойларын қорытындылап, жүйелеп жазады.
Ойларын қорытуға бағыттайды.	Өз тұжырымдамасын жасайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сын тұрғынан ойлау технологиясы тіл дамыту мен қатар тұлға қалыптастыруда маңызы зор екендігін тәжірибемнен байқадым. Сын тұрғынан ойлау технологиясы – ойлаумен ұштастыра білім алуды бағыттайтын оқыту технологиясы. Ол білім мазмұнын жаңартуға бағытталған бірнеше басымдылықтарды оқыту үдерісінде тиімді жоспарлауға негіз болады деп есептеймін.

Жалпы жоғарғы 10–11 сыныптарда: «Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік», «Экология», «Мұнай және атом индустрия», «Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі» бөлімдерін оқыту барысында көбінесе «Проблемалық оқыту» әдісіне жүгінемін.

Сабақ жоспарымда:

- проблемалық жағдай туындату, проблема қою;
- проблемадағы сипатталған жағдайды зерттеу;
- қойылған проблеманы шешу үшін оны талдау және шешудің тиімді жолын табу;
- дұрыстығын тексеру;
- шешу жолында меңгерген жаңа білімді практикада қолдану, жалпы мүмкіндіктерді қарастыру;
- қорытындылау сияқты жұмыс түрлерін жүргізу арқылы сабақтың қойылған мақсатына қол жеткіземін.

Өз тәжірибемде өзге ұлтты ауызекі сөйлеуге үйретудің негізі іс-әрекетті білдіретін етістіктерді үйретуден бастаймын. Сөз, сөздердің синонимдерін, антонимдерін, омонимдерін мағынасын түсіндіріп, сөз тіркесін, шағын сөйлем құрастырып төселтемін:

- отбасы туралы;
- дүкенде;
- дәрігер қабылдауында;
- мектепте;
- жазғы демалыста;
- мерекемен құттықтау;

Менің хоббиім деген шағын тақырыптарды беріп диалог, монолог түрінде сөйлету арқылы ауызекі сөйлеуге үйретемін. Оқушыға көрген кино, сурет, қойылымдардың мазмұнын айтқызамын. Отбасында, күнделікті өмірден көргенін әңгімелеймін. Осы тұрғыдан ерекшеленген оқушымы алдағы уақытта әр түрлі сайыстарға, олимпиадаға дайындаймын. «Бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей шәкірттерімнің келешігін ойлап, олардың қабілеттерін шыңдауда түрлі мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық сайыстарға қатыстырамын. Мұндай дарындылығымен ерекшеленген оқушымы қосымша көру, есте сақтау қабілетінің ұзақ немесе уақытша жадылығына зерттеу барысында байқауға арналған түрлі жұмыс түрлерін ұйымдастырамын. Оларды көпшілік алдында сөйлеуге, өз ойларын жинақы жеткізуге баулимын. Тест тапсырмаларын ойын түрінде, жабық, ашық, көп жауап нұсқалы, түрінде беремін. Тест тапсырмаларының ашық түрлері оқушының ережелер мен анықтамаларын түсінуін тексеру үшін аламын. Тест тапсырмаларын тақырыптық түрде модульдеп беремін. Тақырыптық тесттің ұтымдылығы нені білмейтінін бірден байқатады. Сол тақырып бойынша қосымша жұмыс түрін ұйымдастырып, біраз уақыттан соң қайта сол тесті беріп тексеремін. Тест тапсырмаларын орындау кезеңінде үнемі орындау уақытына шектеу қоямын, бұл әдісім оқушыны түрлі сайыстарда, олимпиада өз уақытын тиімді пайдалануға үйретеді. Жалпы оқулықта грамматика дұрыс қарастырылмаған, грамматиканы презентация түрінде жүйелеп беремін. Жұмыс барысында дайын платформа Онлайн мектеп, bilimlend, test тапсырмаларын пайдаланамын.

Кабинетім 10+1 компьютер құралдарымен жабдықталған.

Менің шәкірттерім жыл сайын «Абай оқулары», «Мағжан оқулары», «Махамбет оқулары» сияқты оқуларға қатысып қала жүлделі 1, 2, 3-орындарға ие болып жүр. Сонымен қатар жылда өтетін республикалық пән олимпиадасының 1, 2, 3-орын жүлдегері атанды.

Осындай оқушымының бірі Зозуля Глеб 2021-2022 оқу жылы 5–6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінен 1-орын, облыстық кезеңінен

1-орын қанжығасына байлап, Павлодар облысының атынан республикалық кезеңіне жолдама алып, республикадан жүлделі 2-орынға ие болды. Күміс медальмен марапатталды.

Жоғарыда айтылған жетістіктерімді жаңа технологияны пайдаланып, жүйелі ұйымдастырған жұмыстың жемісі деп ойлаймын. Әрине, бұл жұмысты әрі қарай шығармашылық, педагогикалық тұрғыдан дамытып, жалғастыру керек, себебі, бүгінгі күні «үздіксіз, өмір бойы оқу» деген тұжырым бар. Жаңа технологияны қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады.

Нәтижесінде оқушылар:

- тіл байлығы жетіледі;
- еркін ойлауға мүмкіндік береді және өз ойын еркін жеткізе алады үйренеді;
- жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды;
- өздігінен іздеп-іздену қабілеті артады, ізденеді;
- ақыл – ойын дамытады, шығармашылық белсенділігі артады;
- ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді;
- ақпараттақ сауаттылығы мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады;
- оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану арқылы өзін, бір-бірін бағалау қалыптасады;

Оқушыларым қазіргі таңда топпен, жұппен жұмыс атқара біледі. Өз ойларын ашық, жүйелі түрде баяндайды. Мұғалім-ақпараттанушы, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Іздемпаз, жаңашыл мұғалімнің шығармашылығындағы ерекшелігі – оның сабақты түрлеріне өткізіп, оқушының жүрегіне жол таба білуінде. Сабақта сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны, дайын білім платформаларының Онлайн мектеп, bilimlend мүмкіндіктерін қолдану арқылы білім беріп, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын артырып отырамын. Жаңа технологияны тиімді, ұтымды пайдалансақ, өз нәтижесін береді деп ойлаймын. Қазіргі заман талабына сай жаңа технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру қажет деп айтқым келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әдістемелік нұсқау хат, 2022-2023оқу жылы.
- 2 Мұғалімдерге арналған нұсқаулық.
- 3 Қ. Өстеміров, А. Айтбаев, Қазіргі білім беру технологиялары, Алматы, - 2016 ж.
- 4 Білім. Таным. Тәрбие. Республикалық ғылыми – әдістемелік журнал І. – 2016 ж.

ВИДЫ РЕАЛИЗАЦИИ ИННОВАЦИОННЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ УЧРЕЖДЕНИИ

БАТТАЛОВ А. Б.

магистр педагогики и психологии, учитель истории,
Средняя общеобразовательная школа № 27, г. Павлодар

В настоящее время Интернет и бизнес-технологии прочно закрепились в сфере образовательной деятельности. Это объясняется тем, что цифровые ресурсы и идеи по корпоративному взаимодействию способствуют разнообразию познавательного, учебного процесса и позволяют учащимся проявить свои творческие способности. В данной статье мы рассмотрим несколько инновационных образовательных технологий, которые помогают вызвать интерес учащихся к предмету и к обучению в школе в целом.

Первая образовательная технология – это кинопедагогика. Под кинопедагогикой понимают формы и методы воспитания детей посредством экранного искусства. Известно, что телевидение и кино обладают убедительной силой воздействия на подростковое восприятие, поэтому кинопедагогика направлена на то, чтобы сформировать навыки осмысленного просмотра, уметь анализировать произведения кинематографии.

3 Ойын - болжамдар. Бұл ойындар, Не «болар еді...?», «Мен не істерп едім, егер...?» деген сұрақтарға негізделеді. Ойынның дидактикалық мазмұны балалардың алдына проблемалық міндет пен ситуацияны қоюда ерекшеленеді. Мұндай ойындар білімді нақты жағдайда қалыптастыра байланыс есептерін тағайындауды талап етеді.

4 Ойын - жұмбақтар. Жұмбақтың негізгі ерекшелігі логикалық астарын болуында, олар баланың есі әрекетін белсендіреді.

Жұмбақтар салыстыру, теңеу және сипаттау арқылы ұғымның қасиеттерін ажыратуға тәрбиелейді, оқушы қиялының дамуына әсер етеді. Әлі де болса ойынның адамның дамуына, қалыптасуына, тәрбиесіне байланысты функциялары анықталуда.

Қорыта келгенде, Математикалық ойын мектеп бағдарламасында қарастырылған білім мен дағдыларды нығайтуға және кеңейтуге көмектеседі. Оны сыныптан тыс сабақтарда қолдану ұсынылады. Бірақ бұл ойындарды балалар әдейі оқыту процесі ретінде қабылдамауы керек, өйткені бұл ойынның мәнін бұзады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шмелева О. В. ойын технологиялары-математика сабақтарында білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді құралы // Мектеп педагогикасы. – 2016. – № 3. – 19–24 б.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

ЕЛЕУКЕНОВА У. Е.
география пәнінің мұғалімі,
К. Беккожин атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазіргі қоғам өте жылдам қарқында өмір сүруде, сондай ақ даму үрдісі де өте қарышты. Заманның талабынан қалмас үшін қай салаға болмасын, қай маман иесіне болмасын инновация қажет. Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек, білімді болу үшін оқу керек, бай болу үшін кәсіп керек, ал күшті болуға бірлік керек» – деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай қазір білімдінің заманы. [1, 92 б.]. Білім беруде инновациялық модернизация керек, бұның өндіріске, экономикаға және т.б. қатыстының бөріне ықпалы өте зор. Қоғамдық процестерді түсіну қоғамды модернизациялауға мәдениет, ғылым және білім беруді инновациялауға ықпал етеді. Білімнің көрінісі адамға қызмет қылар барлық салада және жеке тұлғалық дамудан байқалады. Қолданыстағы дәстүрлі оқу, дәстүрлі еңбек, дәстүрлі механика қоғамның сұраныстарына сәйкес келмейтін жерлерде инновация қажет. Біздің бүгінгі айтпағымыз, білім беру процесінде БІЛІМНЕН ЖЕКЕ ТҮЛҒАҒА ауыстыру туралы болмақ, яғни ол қалай жүзеге асатынының жолдарын ұсынбақпыз.

Білім алушының дәстүрлі жүйеге тән алған білім білігі қазіргі жағдайда жарамсыз болуы әбден ықтимал. Егер дәстүрлі технологияда мұғалім ғана ақпараттандыру көзіне ие болса, қазіргі уақытта білім алушының мәртебесі оқытушымен тең қарым-қатынасқа дейін артқан, себебі көптеген бәсекелестер пайда болды: бұқаралық ақпарат құралдары және басқа да ақпарат құралдары. Сондықтан ендігі жердегі міндет-жаңа білімді бірлесіп іздеу және өндіру. Қазір ұстаз бен оқушы деген бөліністен гөрі, білімді бірге іздеп, бірге жүзеге асыратын серіктес деңгейінде біріккен абзал.

Бұрынғы білім берудің өмірлік маңызы жоқ деп кесіп айтпасак та, құзыреттілік сипаттамалары мен күтпеген жағдайларда өздігінен шешім қабылдау жағынан оқушыларды тығырыққа тірегені шындық. Қазіргі білім беру жүйесінде оқытушының рөлі оқытудан гөрі кеңес беруші, бағыттаушы болып табылады. Ол жаңа білімді табу және алу жолдарын көрсетеді, ал жаңа білімді мұғалім мен оқушы бірлесіп іздеуді нысан етеді [2, 67-69 б.].

Мақаланың мақсаты-инновациялық технологиялар ұғымын нақтылау және олардың қазіргі білім беру үдерісіндегі орнын түсіну, Осы бағыттағы міндеттерді белгілеу, нақты сабағымда қолданған технология түрлерімен бөлісу.

Оқыту технологиясы термині біздің елімізде 90 жылдары пайда болды, бірақ тек қазіргі заманғы модернизацияланған қоғамда қарқынды күшіне енгендей, қазіргі уақытта инновацияларға байланысты өзектілікке ие болып отыр. Бүгінгі мақаламызда география пәнінде қолдануылуға болатын тәсілдермен бөліскіміз келеді.

География – бұл адам планетасы ретінде жерді біртұтас қамтамасыз ететін жалғыз оқу курсы. Ол жалпы мәдениетті, соның ішінде экологиялық мәдениетті қалыптастырады; барлық деңгейлерде басқару шешімдерін қабылдау үшін қажет.

Ол көптеген дереккөздерден алынған ақпаратты интеграциялауды, белгілі бір халықаралық байланыс тілін-географиялық картаны пайдалануды үйретеді.

Географиялық білім-өз елінің және жерінің құлшынысты иесін адамзаттың ортақ үйі ретінде тәрбиелеудің сенімді негізі. Дәл осы білім қазіргі әлем мен адамзаттың әртүрлілігі мен бірлігіндегі бірлігі туралы саналы түсінік береді.

Оқушылар оларды қоршаған материалдық, рухани және мәдени құндылықтарды және адамның кеңістіктегі болмысының мәнін дұрыс түсінуі үшін үлкен географиялық білімнің жинақталуы қажет. [3, 7 б.].

Жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыруда оқушыларды оқытудың заманауи құралдары да маңызды рөл атқарады.

Оқытудың негізгі құралы әлі күнге дейін атласпен оқулық болып табылатыны жасырын емес. Дегенмен, тиімді оқыту оқу-әдістемелік кешен деп аталатын бірқатар және басқа оқу құралдарын (бағдарламалар, әдістемелік ұсыныстар, оқушыларға арналған жұмыс дәптерлері) пайдалануды қамтиды. Бірақ ОӘЖ-тен басқа оқытудың басқа құралдары да қолданылады: аудиовизуалды және экрандық-дыбыстық, сондай-ақ әртүрлі интерактивті оқыту құралдары (мультимедиялық энциклопедиялар мен нұсқаулықтар, бейімделген бағдарламалық-әдістемелік кешендер және оларға жақын электрондық оқулықтар, тест-бағдарламалар).

Кез-келген жаңа технологияны игере отырып, мұғалімнің жаңа педагогикалық ойлауы басталады: әдістемелік тілдің анықтығы,

құрылымы, айқындылығы, Әдістемеле негізделген норманың пайда болуы.

Сабақтарда педагогикалық технологияларды қолдана отырып, мен географияны оқыту процесін жаңа тұрғыдан қарастырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болатындығына көз жеткіздім.

Зерттеуді оқыту технологиялары.

Оқушыларды зерттеу қызметінің негіздеріне оқыту.

Проблемалық оқыту технологиясы.

Проблемаларды шешу жолдарын үйрету, проблемалық жағдайды шешуді өз бетінше таңдау үшін жағдай жасау, өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

Проблемалық оқыту, ең алдымен, студенттерді мұғалім олар үшін жаңа мәселелердің дәлелді шешімін табу процесіне жүйелі түрде қосумен сипатталатыны белгілі. Проблемалық оқытудың қажетті шарты-проблемалық жағдайды құру. Ең алдымен курстың проблемалық тапсырмалар жүйесінің міндетін қойдым. Бірақ содан кейін мен оқу проблемаларының жүйесін құрудың әртүрлі тәсілдері бар екенін түсіндім (мысалы, дидактикалық мақсаттарға байланысты-жаңа материалды зерттеу, тексеру, білім мен дағдыларды бекіту; қолданылатын логикалық операциялар және т. б.) [4, 61-б.].

Маған негіз ретінде қабылдау ең қолайлы болып көрінеді, біріншіден, оқушыларға осы ғылымның проблемаларын, екіншіден, осы ғылым қолданатын зерттеу әдістерін қолдану. Жүйені құрудың бұл тәсілі маған географияны зерттеудің мазмұнын, проблемаларын және әдістерін оқытуда толық көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, физикалық география бойынша тапсырмалар:

Бұл тапсырмаларды қою экономиканың аумақтық құрылымы және оны анықтайтын факторлар, өндіргіш күштердің дамуы мен орналасуына сыртқы және ішкі факторлардың әсері, сондай-ақ зерттеудің салыстырмалы, картографиялық және статистикалық әдістерін қолдану сияқты ғылыми мәселелерге негізделген.

Оқушылар ғылыми зерттеудің әртүрлі кезеңдерінен өтеді: нақты мәліметтерді жинау (карталар, мәтін, статистикалық мәліметтер негізінде), жиналған деректерді жүйелеу (оларды сипаттау, картаға түсіру, кестелерді жіктеу және т.б. арқылы), талдау, жалпылау және қорытынды жасау.

Ұжымдық шығармашылық істерді жүргізу технологиялары.

Оқушылардың шығармашылықта, зерттеу қызметінде, ұжымда өзін-өзі тану үшін жағдай жасау, оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыру.

Ақпараттық технологиялар.

Әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге, өзін-өзі тәрбиелеуге дайын болуға үйрету.

Қашықтықтан оқыту.

Интернеттің желілік технологияларын пайдалану.

Жоба әдісі.

Нақты білімді интеграциялауға емес, оларды қолдануға және жаңа білім алуға бағытталған педагогикалық технология.

Мұндай модельдердің ішіндегі ең маңыздысы - жобалық қызмет. География сабақтарында жобалық қызметті қолданудың кең мүмкіндіктері бар.

1. Сабақтағы шағын жобалар. Жұмыстың бұл түрі өте жиі қолданылады. Тоғызыншы сыныпта өнеркәсіптің түрлі салаларын зерделеу кезінде балалар түрлі кәсіпорындардың жобаларын, пайдалы қазбалар кен орындарын игеру жобаларын жасайды. Мұндай тапсырмалар балаларға экономика салаларын зерттеудің барлық кезеңіне беріледі. Тақырыпты оқудың соңында балалар Кез-келген өнеркәсіптік кәсіпорынның жобасын ұсынуы керек және осы тақырыпты зерттеу барысында алған білімдері негізінде өз әзірлемелерін негіздеуі керек.

2. Жобалар ұзақ мерзімді болуы мүмкін. Мысалы, 6-сыныпта балалар жыл бойы гипотетикалық материктің үлгісін жасайды.

Олар оған тақырыптық карталардың барлық түрлерін салады, оған жаңа елдер мен қалалар ойлап табады, ашылу және зерттеу тарихын жазады.

Мұндай жобамен жұмыс оқу жылы бойы жүргізілуде. Бірінші кезеңде балалар болашақ материктің картадағы орнын анықтайды. Оның географиялық орналасуы анықталады, «географиялық координаттар» тақырыбын зерттеу кезінде материктің экстремалды нүктелерінің координаттары анықталады, материк қай параллельдер мен меридиандар арасында орналасады, бұл материктің қандай мұхиттармен жуылатындығы, басқа континенттермен көршілес екендігі анықталады. Осылайша, жаңа континент әлем картасында «тіркеуді» алады.

Әрі қарай, әр жаңа тақырыпты зерттеу барысында континентте әртүрлі географиялық нысандар пайда болады.

«Литосфера» тақырыбын зерттеу барысында балалар материктің физикалық картасын салады. Жер қыртысының құрылымдық карталарына және жер сілкінісі мен вулканизм аймақтарының карталарына негізделген рельефтің негізгі формаларын белгілейді.

Атмосфера тақырыбын зерттеу кезінде, біз климаттық картаны саламыз. Өкінішке орай, 6-сыныпта балалар климаттық белдеу деген ұғымды әлі білмейді және жердің тұрақты желінің схемасымен таныс емес, бірақ олар картада материктің ең жарық, жылы жерлерін белгілеуге, жергілікті желдің кейбір түрлерін белгілеуге әбден қабілетті.

Тақырыпты зерттеу кезінде гидросфера, балалар өзен жүйелерін белгілейді, осы өзендерде тамақтанудың қандай режимі мен түрін ойластырады, үлкен көлдерді белгілейді, олардың шығу тегі туралы ойлайды.

Басқа континенттердің табиғи аймақтарына ұқсас, оқушылар өз континентінде табиғи аймақтарды орналастырады. Сонымен қатар, олар осы табиғи жағдайда қандай жануарлар мен өсімдіктер өмір сүре алатындығын ойлап табады, тірі организмдерде бейімделудің қандай әдістері бар екенін ескереді.

«Жер тұрғындары» тақырыбын зерттеу кезінде балалар «өз» материгіне мекендеушілерді орналастырады. Қалалар, елдер мен халықтар пайда болады. Бұл тақырып әдетте балалардың қиялына жол ашады. Балалар ұлттық киімдердің, тұрмыстық заттар мен дәстүрлердің ерекшеліктерін ойлап табады.

Жобаларда балалар жеке де, топта да жұмыс істейді. Топтар оқушылардың қабілеттері мен ынтасын ескере отырып тандалады. Әр топта күшті және әлсіз оқушылар болуы керек. Жұмыс әр баланың жобаға қатысуы үшін бөлінеді. Тапсырмалар әр баланың қабілеттері мен даму деңгейлерін ескере отырып тандалады. [2,77-б.].

Мультимедиялық және интерактивті технологиялар.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Бүгінгі таңда АКТ-ны меңгеру мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің қажетті шарты болып табылады.

Тұлғаға бағытталған оқыту.

Мақсаты-оқушылардың танымдық белсенділігінің көрінісі үшін жағдай жасау.

Ойын технологиясы.

Оқу процесінде оқу-танымдық іс-әрекетті жандандыру үшін әртүрлі ойындар жиі қолданылады. География сабақтарында

ойындар бұрыннан қолданылған. Оларды өткізуге арналған нұсқаулықтар шығарылды, көптеген мұғалімдер оларды өздері ойлап тапты. Ойындар негізінен оқыту әдістеріне әртүрлілікті енгізу және оқу мотивациясын күшейту тәсілі ретінде қарастырылады. Содан кейін оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытуға белсенді ықпал ететін ойындар құрылды. Сонымен, қазіргі мектеп географиясында әр түрлі ойындардың үлкен арсеналы бар, оны жеке және ұжым болып та жүргізуге болады. Олардың көпшілігі сыныпта, сабақта өткізуге арналған.

Рөлдік ойындар қарапайым және түсінікті, сондықтан аз дайындықты қажет етеді. Шағын нұсқаулық беріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 А. Байтұрсынов Шығармалар жинағы
- 2 Тұрғынбаева Б. А. Дамыта оқыту технологиялары. — Алматы, 2000.
- 3 Модернизациялық жетілдіру: дүниежүзілік тәжірибе және қазіргі Қазақстан // Республикалық ғылыми-практикалық конференция: баяндамалар және баяндамалардың тезистері-Алматы, 1995. – 171 б.
- 4 Пиаже Ж. Психология интеллекта // Избранные психологические труды. М.: Международная педагогическая академия, 1994. С. 51–226.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ИННОВАЦИЈАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ МӘНІ

ЕЛЬМУРАТОВА Б. Ж.

т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Торайғыров университеті, Павлодар к. АУБАКИРОВ М. Н.

магистр, оқытушы, Торайғыров университеті Жоғары колледжі, Павлодар к. КУЛУМБАЕВА М. Ж.

магистр, аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар к.

Экономиканың жай-күйіне, адамдардың өмір сүру деңгейіне, ұлттық қауіпсіздікке, қоғамның зияткерлік әлеуетіне айтарлықтай әсер ететін қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың қарқынды дамып келе жатқан процесі білім беруді ұйымдастыру мен сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы озық технологияларды білім беру тәжірибесінде тиімді қолдану, ең алдымен, оларды терең, жан-жақты оқып-үйренуді талап етеді. Болашақ мамандар педагогика теориясы мен практикасындағы қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларды оқу-тәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдануға тырысуы тиіс.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы ірі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. «Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э. Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация - нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс: «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз» - дейді. Ендеше «инновация» ұғымы – педагогикалық сөздік қорнына ежелден енген термин. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгізу», деп көрсетілсе, кейбіреулер оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды. «Инновация» деген сөз – латынның «novis» жаңалық және «ip» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді [1, 19-20 б.].

Сонымен бірге барлық зерттеушілер инновацияны инновациялық стихиялы ізденіс ретінде қарастырмау керек деген пікірге келеді, себебі инновация - мақсатты бағытталған, саналы өзгеріс.

Қазіргі кезеңде де инновациялық өзгерістер әртүрлі бағыттарда жүруде, мысалы білім берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру; оқытудың жаңа технологияларын өңдеу мен жүзеге асыруда; жаңа бағдарламаны меңгерудің әдістері мен тәсілдерін қолдану; мұғалім мен оқушының ойлау қабілетінде, өзара қарым-қатынастарында өзгеріс, білім беру мекемелерінде шығармашылық инновациялық ұжымды жасау және дамыту. Бұл үдерістердің барлық қарама-қайшылықтарында, кемшіліктерінде олар жағымды сипат береді. Осы инновация әлеуметтік институт ретінде білім беруге тән керітартпалықты жоюға мүмкіндік береді, әлеуметтік тапсырыс, мемлекеттің, тұлғаның қажеттілігінің өзгерісіне жедел және икемді жауап беру механизмін құру жағдайларын қамтамасыз етеді, бұл

бүгінде отандық білім беруді дамытудың өзекті міндеттері ретінде қарастырылады.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақты дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады [2, 25 б.].

«Тарих ғылымындағы инновациялық әдістер» пәнін оқу кезінде Тар-301 тобының студенттері теориялық білімдерін тәжірибемен, болашақ кәсіби қызметпен тығыз байланыстырды, бұл болашақ тарихшы маманының қалыптасу процесінің негізін құрайды. Олар инновациялық әдістер мен педагогикалық технологияларды зерттеді. Соңғы сабақта олар жоба технологиясы тақырыбынан өтті. Оқытушы, қауымд. профессор Б. Ж. Елмұратова педагогика ғылымдарының докторы, профессор Е. Ө. Жұматаевамен кездесу ұйымдастырды. Профессор Жұматаева Е. Ө. жоғары педагогикалық деңгейде осы технологияның мәнін түсіндірді [3], студенттерге ғылыми-зерттеу жұмысына түрткі болды. Сонымен, студенттердің жобалық қызметін ұйымдастыруда инновациялық технологияларды қолдану студенттердің өзін-өзі даярлау өнімділігін арттыруға; жұмысты дараландыруға; оқуға деген ынтаны арттыруға; білім беру процесінің икемділігін қамтамасыз етуге; студенттерді зерттеу қызметіне тарту мүмкіндігіне ықпал етеді.

Білім беру жүйесіне электрондық оқулықтар мен күнделіктер, on-line-оқыту практикасы, толықтырылған шындық, интерактивті такталар және т.б. енгізу оқытуды сапалы жаңа деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді және қысқа мерзімде оқуда жоғары нәтижелерге қол жеткізу мүмкін. Ақпараттық технологиялар коммуникациямен тығыз байланыста білім беру үдерісін жаңғыртуға және іске асыруға мүмкіндік береді.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл - өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамдық қажеттілігін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. Инновациялық технологиялар - ол білім саласындағы қолданатын жаңа ақпараттық технологиялар, ғылым жетістіктеріне негізделген әдістер [4, 30 б.].

Қазіргі педагогика студенттердің шығармашылығын үнемі дамытуға көмектесетін әртүрлі педагогикалық технологиялардың жеткілікті мөлшерін ұсынады [5].

Оқытуға ақпараттық технологияларды енгізу процесі қарапайым емес және түбегейлі түсінуді қажет етеді. Білім беру процесін табысты ақпараттандырудың қажетті игеруі басқару процесінде де, оқу-тәрбие процесінде де ақпараттық технологияларды енгізудің бірыңғай саясаты мен стратегиясын әзірлеу болып табылады.

Және сонымен қатар, осыған байланысты оқытушыларды оқыту өзекті болып табылады, оның мақсаты олардың дайындығын арттыру болады, ал оқытудың ақпараттық - компьютерлік технологияларын оқытушының кәсіби және жеке сапасы ретінде қолдануға дайындығын қарастыру қажет. Мысалы, Торайғыров университетінің оқытушылары 2023 жылғы қантар айында ЖББ пәндер циклі бойынша әдістемелік семинар өтті. BTS EDUCATION сарапшысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Скиба Марина Александровна жаңа, қажетті, ауқымды мәліметтермен таныстырды. Білім беру бағдарламалардың сипаттамасын әзірлеу (БББ дайындаушыларға аса қажет!), оқытудың нәтижесін қалыптастыру кезінде өзін-өзі бақылау, құзыреттер мен оқу нәтижелері арасындағы байланыс, және шет елдерінің көптеген мысалдарын келтірді. Оқытушылар өздерінің әр пәні бойынша оқыту нәтижелерін тұжырымдады, үйренді, ұсынды және көп қажет нәрсе алды.



Сурет 1 – (Фотода, сарапшы Скиба М. А. және семинарға қатысқан Торайғыров университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессорлық оқытушылар құрамы – Турлыбекова А. М., Жусупов Е. К., Кулумбаева М. Ж., Ельмуратова Б. Ж., Каскабасова А. А., Рахимов М. И., Шабамбаева А. Г.)

Қорыта келетін болсақ, кәсіптік білім берудің негізгі міндеті – өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, инновациялық қызметке қабілетті маманның шығармашылық тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Ал педагог-оқытушы осы үдерісте, әрине маңызды рөлін атқарады. Педагог тәжірибе мен білімді жинақтау арқылы кәсіби құзыретті болып шығады, яғни, ол теориялық білімнің қазіргі қоры мен өмірдің қазіргі талаптары арасындағы туындаған қайшылықтарды шеше алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет Сонда.
- 2 Жұматаева Е., Қадысова Р. Ж. Қазақстан Республикасындағы білім жүйесін басқаруда білімдену инновациялық технологияларын жүзеге асыру. – Павлодар, ҒӨФ «ЭКО», 2008. 308 б.
- 3 Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар : Оқулық. – Алматы : 2014. – 360 б.

4 Теория и практика образовательной технологии/науч.рук. В. В. Гусев. – М. : НИИ школьных технологий, 2004.

АЗАМАТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТЕГІ ПАТРИОТИЗМ

КАППАСОВА Г. М.

PhD, кауымд. профессор (доцент), Торайғыров университеті, Павлодар қ.
ЕРГАЗЫ М.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Азаматтық тұлғаны қалыптастырудағы патриоттық тәрбиенің рөлі, азаматтық мәселесін қарастыру отансүйгіштік мәселесін қарастырумен тығыз байланысты. Туған жерге деген сүйіспеншілікті білдіретін сөздер ел мен халықтың тағдыры үшін ерік-жігер мен жауапкершілікке сүйенетін іс-әрекетке ұласуы керек. Патриотизм азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың негізгі факторларының бірі болып табылады, ол «азаматтықтың» көрінісі ретінде әрекет етеді және Отан игілігіне бағытталған қызметте көрінеді.

Құрылымдық жағынан патриотизм өзара байланысты, өзара тәуелді және диалектикалық біріккен үш құрамдас бөліктен тұрады. Жаңа Қазақстан азаматының қалыпты өзіндік санасы үш принциптің бірлігі ретінде анықталады. Азаматтың өзіне өлім қаупі төніп тұрса да, өз Отанының бостандығы мен ұлттық мүдделерін қорғауға бағытталған іс-әрекеттерге дайын болуы және патриоттық сана-сезімі көрінеді.

Патриотизм қазіргі Қазақстан қоғамын біріктірудің іргелі сәті болып табылады, ал көпмәдениетті қоғам жағдайында ол сол қоғамның мәдени ерекшелігін сақтауға ықпал етеді. Патриотизмді қалыптастыру жеке тұлғаның өз халқының рухани өмірімен қосылуы арқылы жүзеге асырылады және рухани шығармашылық өзін-өзі анықтау арқылы көрінеді. Мұндағы басты мәселе – бүкіл халық үшін жалпыадамзаттық құндылық бола отырып, әрбір адамның бойында ерекшелігі мен көрінетін Отанға деген қарым-қатынас тәжірибесі мен санасы.

Патриотизмді әлеуметтік-мәдени құндылық ретінде қарастырсақ, оның қоғамды біріктіре алатын жүйе құраушы күш, тұлғаны қалыптастыру күші ретінде әрекет ететінін көреміз. Патриоттық сананы қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі – ұлттық мүддені жеке басының мүддесіне байланысты сезіну. Барлық

санаттағы азаматтарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде және олардың патриоттық санасын қалыптастыруда жүйелі көзқарас қажет.

Отанға деген сүйіспеншілік өскелең ұрпақпен тынымсыз еңбек ету арқылы жүзеге асып, нақты істермен, іс-әрекеттермен дәлелденеді. Соңғы жылдары патриоттық бағыттағы іс-шаралар мен ұйымдарға қызығушылық танытатын жастардың көбею үрдісі байқалады. Республикалық және аймақтық деңгейде жастарды патриоттыққа тәрбиелеу саласында толыққанды нормативтік-құқықтық база құрылды.

Қазіргі уақытта азаматтық тұлғаны қалыптастырудағы патриоттық тәрбиенің мәселелері мен рөліне көп көңіл бөлінуде. Бұл проблема жаһандық геосаяси аренадағы жағдайдың шиеленісуіне байланысты өзекті болып отыр.

Азаматтық мәселесі отансүйгіштікпен, туған жерге деген сүйіспеншілікпен, яғни қасиетті мағынаға ие ұғымдармен тығыз байланысты. Сонымен бірге, бұл қасиетті ұғымдар ел мен халық тағдыры үшін ерік-жігермен, жауапкершілікпен қуатталған іс-әрекеттерге ұласуы керек.

Қазіргі таңда елімізде жастарды азаматтық-патриоттық және адамгершілікке тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру, патриоттық тәрбие берудің әдістері мен құралдары, сонымен бірге осыдан туындайтын қиындықтар жөнінде жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының корреспондент-мүшелері және солардың негізінде авторлар қоғамды топтастырудағы жаңа болмысын қалыптастыруда «патриотизм» феноменінің мәні мен рөлін анықтайды. Сонымен қатар, зерттелетін социологиялық әдебиеттер патриотизм табиғатының кеңейтілген түрін ұсынады. Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, оның өткені мен бүгінгіне мақтаныш, өз мүддесін ел мүддесіне бағындыруға дайын болу, мүддені қорғауға ұмтылу болып табылатын адамгершілік-саяси ұстаным, әлеуметтік сезім ретінде анықталады.

Патриотизм елімізде қоғамды біріктірудің іргелі сәті болып табылады және көпмәдениетті қоғамда бұл қоғамның мәдени ерекшелігін сақтауға ықпал етеді.

Патриотизмді қалыптастыруда адамның Отанға деген көзқарасын қалай түсініп, қалай сезінуі негізгі мәселе болып табылады. Бұл құндылық әмбебап болып табылады, бірақ әрбір жеке тұлға үшін және оның нақты көріністері әртүрлі болуы мүмкін.

Ұлттық мүдденің мәнін өз мүддесімен байланыстыра түсіну – азаматтың патриоттық санасын қалыптастырудың маңызды

шарттарының бірі. Патриоттық сананы қалыптастырып, патриоттық тәрбие беруде жүйелі тәсілді қолданса ғана нәтижеге қол жеткізуге болады.

Өз тарихын, өткен ұрпақтың дәстүрін қастерлеу, олардың жетістіктері мен ерліктерін құрметтеу негізінде ғана адамгершілік жағынан дені сау жастарды тәрбиелеуге болады. Ұлттық намыс, ұлттық мақтаныш сезімін оятпайынша, халықты биік істерге баулу мүмкін емес.

Патриоттық тәрбие жүйесі – өзіндік мақсаттары мен міндеттері бар көп деңгейлі құрылым. Алға қойылған міндеттерді шешуді республикалық, аймақтық және муниципалдық деңгейлерде мемлекеттік органдар да, қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдары да жүзеге асырады. Дегенмен, ол қоғамның әртүрлі салаларында болып жатқан және заманауи жағдайларға сәйкес келетін өзгерістерге байланысты жетілдіруді және үнемі жаңаруды талап етеді. Бұл істі ең алдымен өзіңізден және жақын адамдарыңыздан, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастырып, мемлекеттік құрылымдар, қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдар жүргізіп жатқан жаппай патриоттық жұмыстарға белсене атсалысудан бастау қажет.

Өскелең ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру ешқашан өзектілігін жойған емес. Қазір де солай. Ата-бабаларымыз жастардың бойына еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті оятып, ұлттық салт-дәстүрді бойына сіңіруге ұмтылған. Бұл рухани тартымдылық бүгінге жетті. Жаңа ғасыр тоғысында 30 жылдық тарихында тұғыры биік қазақ елі ұлтжандылардың мекеніне, өзгелерге үлгі, біз үшін игілікке айналды.

Біздің заманымызда жаһандану ұғымы технологиялар мен ғылыми-техникалық жетістіктер ғана емес, сондай-ақ, елдің абыройын асқақтату, халықтың талап-тілектерін қанағаттандыру, орындау жолында патриоттық сезімі жоғары адамдардың бәсекесі.

Отансүйгіштікке тәрбиелеу – мемлекеттік ой, қоғамның әлеуметтік міндеті. Патриотизм ақыл-ойы түрге тұлғалы жоғары әлеуметтік көздейді белсенді. Өйткені оның жұмысында табысқа жету үшін қоғам өркендеп, сұраныс артады, талғамы жоғары адамдарға қызмет көрсетуде үлкен серпіліс болуы керек.

Ғылымда патриотизм қалыптасуы мен бағытына қарай ақпараттық, этникалық және төл патриотизм болып жіктеледі. Бұл патриотизмнің күрделі әлеуметтік-мәдени құбылысы, идеялардың, сезімдердің, әрекеттердің заңдылығы ретінде

байқалады. Еліміз мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақ халқының этникалық патриотизм кезеңінен өтті. Бұл ретте Мемлекет басшысы қазақстандық патриотизмнің басты көрінісі және онымен тығыз байланысты мәселе мемлекеттік тіл мәселесі екенін атап өтті. Сондықтан қазақстандық патриотизм барша қазақстандықтарды тамаша болашаққа сендіріп, жасампаз енбекке шақырып, береке-бірлікті, бірлік пен ынтымақты орнықтыруы тиіс. Қазақстандық патриотизм – экономиканың негізі, саясаттағы табыстарымыздың нәтижесі. Патриотизм сезімі қоғамның бірлігі мен ынтымағын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазақстан халқын біріктіруші факторлар ретінде азаматтық сәйкестіктің болуы, көпшіліктің Қазақстанды болашақта – көпұлтты ел деп тануы, сондай-ақ байлық пен өркендеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, заңдылық пен тәртіпті сақтау және басқа да басымдықтар сияқты біріктіруші құндылық бағдарлар саналады.

Бүгінде алпауыт елдің дүниетанымдық менталитетінің байлығы, беделі биік ел ретінде көрініс табуда. Осындай жетістікке халқымызды жасампаздыққа жұмылдырып, еліміздің тарихындағы жаңа орнын айқындаған Елбасының еңбегінің арқасында жеттік деуге нық сеніммен айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Иманбаева С. Ұлттық патриотизм негіздері. Оқу құралы / Алматы, 2008.
- 2 Жастарды патриотизмге тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті // Қазақстан орта мектебі – № 9. – 2005. 7–9 б.
- 3 Патриоттық тәрбие берудің әдіснамалық негіздері // Бастауыш мектеп. – 2005.
- 4 Қазақстандық патриотизмнің негізгі тірегі // Қазақстан мектебі.-2005.
- 5 Назарбаев Н. Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде. – Алматы : Қазақстан, 1993.

НАБОР УСПЕШНЫХ ИНСТРУМЕНТОВ ПРИ ПОДГОТОВКЕ К ОЛИМПИАДАМ РАЗЛИЧНОГО УРОВНЯ (ОБОБЩЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОПЫТА)

ЕРЖАНИНА Н. В.

педагог-мастер, учитель математики, Школа-лицей № 8
для одаренных детей, г. Павлодар

Ежегодно проводятся предметные олимпиады школьников разного уровня, различного формата. Одна из целей проведения предметных олимпиад – это развитие творческих способностей учащихся, развитие интереса к знаниям, выявление и мотивация способных и одаренных детей. Участник олимпиады по математике должен уметь решать задачи. И возникает вопрос «Как научиться решать задачи?». Ответ прост: надо решать задачи. Снова и снова, пробовать, разочаровываться, изучать способы решения, снова решать, получать удовольствие от процесса поиска решения.

Вы решили подготовить одного или нескольких учеников для участия в олимпиаде по математике. С чего начать свою работу? Сформулируем основные вопросы, которые может задать себе начинающий тренер: каким должен быть формат занятий (как организовать работу), чем наполнить эти занятия (какое будет содержание, где взять контент) и какой будет локация участия (где, в каких олимпиадах можно и полезно участвовать)?

Привлекать учащихся к олимпиадной подготовке необходимо уже в 5 классе. Ранняя подготовка позволяет развить интерес к предмету. В этом возрасте учащиеся охотно работают в группах, с желанием демонстрируют свои решения задач, не стесняются формулировать гипотезы. Решение нестандартных задач развивает мышление, занятия в паре или группе учат командной работе, учат внимательно слушать своего оппонента, формулировать уточняющие вопросы. Организовать решения нестандартных задач можно во время урока. Так в начале урока можно провести устный счет, дать интересную задачу в качестве домашнего задания или в качестве длительного задания на неделю. Проверку решения можно осуществить разными способами: оформить на доске, оформить презентацию, отправить в общий чат фотографию решения. После другим ученикам предложить проверить решение, проверить решение на непротиворечивость или дать возможность предложить другой способ решения. Формат занятий каждый учитель может выбрать по своему усмотрению, всё зависит от условий и

возможностей, будут ли это индивидуальные консультации, или работа в малых группах. Полезно создавать разновозрастные группы, когда учащиеся 6-7-го класса объясняют решение задачи ученику пятого класса. В 5-7 классе математические тренировочные игры помогут разнообразить трудоемкий процесс обучения решению олимпиадных задач. Тренировочные игры и турниры способствуют формированию волевых качеств, позволяют ученику понять какого уровня он достиг в своем обучении. В 7-м классе после объяснения темы можно предлагать для разбора задания с готовыми решениями. С седьмого класса подготовка к олимпиаде всё больше и чаще носит индивидуальный характер. Во время занятий необходимо давать время на обдумывание и решение задачи, потом обсуждать вместе с группой. Если ученик оказался в затруднительной ситуации, формулируем наводящие вопросы, или предлагаем подумать над другой задачей или предлагаем показать решение на доске. В ходе совместного обсуждения всегда появляются идеи для решения. Необходимо, чтобы ученики вели записи решений задач. Начиная с пятого класса, надо давать возможность учащимся принимать участие в олимпиадах различного уровня. Олимпиады могут разного формата: устные, письменные, в виде тестов. И, чем выше будет уровень олимпиады, тем полезнее будет опыт участия. Победы на определенных этапах приводят к повышению результативности занятий учащихся математикой. Сам опыт участия в олимпиаде бесценен.

Что использовать при подготовке к занятиям? Задачи, которые есть непосредственно в учебниках математики для пятого и шестого класса: задачи в синей рамке, задачи со звездочкой, задачи на смекалку [1, с.2, с.34].

Определить темы для занятий, составить план занятий помогут печатные издания серия книг «Школьные математические кружки» авторов А.Д. Блинков, А.И. Сгибнев [2], [3], серия пособий А.В. Фаркова Школьные олимпиады [4].

Заочные математические школы СУНЦ МГУ, СУНЦ НГУ позволят расширить список тем для изучения. Как проходит обучение в заочной физико-математической школе специализированного учебно-научного центра НГУ? Обучение в школе ведется круглогодично, обучение можно начать в любое время. Поступать можно в любой из классов. Приём на математическое отделение ведется с 5 по 11 класс. Заочная школа СУНЦ НГУ сотрудничает с учителями образовательных школ, включенных в систему

«Коллективный ученик». В рамках данной системы учитель общеобразовательной школы организует факультативные группы школьников для специализированного изучения математики.

В течение учебного года учителя – руководители групп получают методические материалы Заочной школы СУНЦ НГУ, задания по темам программы, решения заданий. Руководитель (учитель) группы сам определяет временные рамки прохождения каждой темы. В конце четверти учитель отправляет табель с оценками учащихся в заочную школу. В конце учебного года заочная школа присылает сводный табель с результатами обучения учителю.

Если вы хотите расширить свои возможности, рассмотреть больше тем с заинтересованными учениками, зайдите на сайт Малый Мехмат МГУ [5]. Здесь можно найти архив занятий кружков малого мехмата с пятого по одиннадцатый класс. В рубрике «Малый мехмат школе» есть возможность скачать пособия для занятий с учащимися, которые содержат раздаточный материал и пособия для учителей с решениями.

В списке необходимых для подготовки к олимпиадам тем на первом месте Теория делимости. Вопросы делимости изучаются в школьном курсе математики, данная тема способствует приобретению и развитию практических умений и навыков. Теория делимости является базой для изучения операций с обыкновенными и десятичными дробями. Список тем, порядок их изучения, теоретический материал и задания для решения представлены в Разделе 6*. Дополнительные материалы учебника Алгебры 8 класс автор А.Н. Шыныбеков [6]. Развитие теории делимости рассматривается в теме Арифметика остатков. Материал и задания по этой теме можно найти в учебнике автора Л. Г. Петерсон Математика 7 класс часть 1 [7].

Подготовка к олимпиаде и участие в ней учат рассматривать задачи с разных сторон, подбирать разные способы решения, развивают уверенность в себе. Любой участник олимпиады желает добиться лучших результатов. Достичь поставленных целей помогут упорство и трудолюбие. Кропотливое изучение теоретического материала, способов решений задач, разбор задний олимпиад прошлых лет, чтение книг по логике, создадут необходимую теоретическую базу. На сайте «Олимпиады по математике, физике, информатике, задачи, решения» [8] много полезного материала. Данный сайт посвящен математическим олимпиадам, проводимым в Казахстане и за его пределами. На сайте есть ссылки на олимпиады

городского (г. Алматы), республиканского и международного уровня по математике. На главной странице есть информация о сроках, условиях и площадках проведения ближайших по времени олимпиад. В разделе Олимпиады можно найти архив заданий комментариями и решениями всех этапов Республиканской предметной олимпиады школьников с 1998 по 2021 год. В разделе Книги представлена «Олимпиадная литература»: сборники заданий олимпиад различного уровня от областного до Республиканского этапов, книги по логике, комбинаторике, теории чисел.

Для лучшей организации занятий с учащимися полезно пройти курсы для учителей-тренеров. Это необходимо чтобы понять, как развивать предметные навыки при подготовке к олимпиаде; как формировать мотивацию к изучению разделов олимпиадной математики; какие психологические аспекты учитывать при подготовке учащихся. В большинстве случаев очные или заочные школы олимпиадной подготовки нацелены на детскую аудиторию. Учителю приходится довольствоваться самостоятельным изучением литературы. Помощь в самообучении окажет онлайн школа Фоксфорд, которая предлагает специализированные курсы по олимпиадной подготовке учащихся.

Где же школьник, интересующийся математикой, может проявить себя? Впитать соревновательный дух, почувствовать вкус успеха? Для учащихся среднего звена в школе-лицее № 8 г. Павлодара проводятся две значимые олимпиады: олимпиада имени основателя и первого директора лицея Виталия Петровича Никитенко и олимпиада имени Давида Григорьевича Ганелина, учителя математика воспитавшего многих победителей олимпиад.

Олимпиада им. В.П. Никитенко – командная олимпиада по математике для учащихся 4-6 (5-6 классов) проводится для учащихся Павлодарской области по формату республиканской олимпиады Бастау для младших школьников.

Олимпиада имени Д. Г. Ганелина – устная математическая олимпиада для учащихся 5–6 класса школы-лицея № 8 по формату юниорской олимпиады школьников.

Олимпиады областного и республиканского уровня:

Республиканская олимпиада для учащихся 5-6 классов по общеобразовательным предметам;

Республиканская олимпиада для учащихся 7-8 классов по общеобразовательным предметам;

Интеллектуальная олимпиада «Ақбота» для общеобразовательных школ;

Олимпиада им. Ш. С. Смагулова для учащихся 6 -7 классов;

Олимпиада им. Л.Эйлера для учащихся 7 - 8 классов;

Олимпиада им. Г.П. Кукина для учащихся 5-11 классов (г. Омск РФ).

В большинстве своем указанные олимпиады носят массовый характер, позволяют охватить большое число участников, способствуют пропаганде математики, создают условия для поддержки школьников.

Данный набор методических инструментов способствует развитию интереса к дополнительному изучению предмета, позволяет успешно готовиться учащимся к олимпиадам. Результат работы – призовые места учащихся на олимпиадах:

Областной этап республиканской предметной олимпиады для учащихся 5-6 классов (1 место, 2020 год),

Областной этап республиканской предметной олимпиады для учащихся 5-6 классов (1 место, 2021 год),

XII президентская олимпиада (1 место, 2019 год),

XII президентская олимпиада (3 место, 2019 год),

XIV президентская олимпиада (3 место, 2021 год),

Республиканская олимпиада школьников среди 5-6 классов (3 место, 2021 год), IX Региональный турнир юных математиков (3 место, апрель 2022 год),

X олимпиада им. К. Сагпаева (Почетная грамота, 2022 года),

Областной этап республиканской олимпиады по математике им. Ш.С. Смагулова (2 место, 2022 год) – 2 ученика,

Областной этап республиканской олимпиады по математике им. Ш.С. Смагулова (3 место, 2022 год) – 3 ученика,

V республиканская олимпиада по математике им. Ш.С. Смагулова (Почетная грамота, 2022 год).

ЛИТЕРАТУРА

1 Алдамуратова Т. А. и др. Математика, Учебник для 6 класса общеобразоват. шк. В 2 частях/ Т.А. Алдамуратова, К.С. Байшоланова, Е. С. Байшоланов. – Алматы: Атамұра, 2018. – 224 стр. Ч. 2

2 Блинков А. Д. Классические средние в арифметике и геометрии. – 4-е изд., стереоти. – М. : МЦНМО, 2019, -168 с.: ил.

3 Сгибнев А. И. Делимость и простые числа. – 5-е изд., испр. – М.: МНЦПО, 2018. 120 с.: ил.

4 Фарков А.В. Математические кружки в школе, 5–8 классы / А. В. Фарков. –3-е изд. М.: Айрис-пресс, 2007. – 144 с. – (Школьные олимпиады).

5 <http://mmmf.msu.ru/> Малый мехмат МГУ. Официальный сайт

6 Шыныбеков А. Н. и др. Алгебра: Учебник для 8 кл. общеобразоват. шк./ А. Н. Шыныбеков, Д. А. Шыныбеков, Р. Н. Жумабаев – Алматы: Атамұра, 2018. – 208с.

7 Петерсон Л. Г., Абраров Д. Л., Чуткова Е. В. Математика. Алгебра. Функции. Анализ данных. Учебник для 7 класса. Часть 1 / Л. Г. Петерсон, Д. Л. Абраров, Е. В. Чуткова. – М. : Издательство «Ювента», 2011. – 136 с.: ил.

8 <http://matol.kz/> Казахстан на предметных олимпиадах

ДІН ЖӘНЕ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ – ЛАҢКЕСТІККЕ ҚАРСЫ ТҰРУ ЖОЛЫ

КАППАСОВА Г. М.

PhD, кауымд. профессор (доцент), Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЖАНАДИЛОВА А. Д.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Дін мен қоғам бір – бірінен ажырамайтын феномендер. Дін қоғамдық құбылыс, ал қоғам мемлекеттің субстанциясы. Дін адам мен шексіз болмы арасындағы байланысты білдіретін сана. Ешбір ғылым, ешбір білім саласы адамның бүкіл ғаламдық болмыспен байланысын да дін сияқты айта алмайды. Діннің өрбитін, өсетін, өнетін, көркейетін жері – бір ұлттың, бір аймақтың сол жердегі әлеуметтік уақытына байланысты. Діннің тарихи – табиғи негізін дұрыс түсіну 4461 басты мәселе. Дінді дұрыс түсіну және түсіндіру (діннің адам, қоғам өмірінде алатын маңызын) мемлекеттіміздің өркениетті дамуына апарар даңғыл жол.

Діни экстремизм мен лаңкестік – бүкіл әлемдік құбылыс. Қазіргі кезеңде лаңкестік пен экстремизмге қарсы қоғам болу күресу мәселесі туындауда. Бүгінгі таңда ақпарат құралдары және көптеген саясаткерлер лаңкестікті XXI ғасырдың өте қауіпті дерті деп бағалауда. Исламның өз болмысында ешқандай да агрессияшылдық жоқ. Алайда өз басым экстремизм мен лаңкестікті дінге байланыстырып атауға қарсымын.

Лаңкестіктің өсуіне мынадай факторлар әсер етеді: саяси-әлеуметтік және экономикалық дағдарыс, халықтың өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуі мен жұмыссыздықтың өсуі, ұлттық және діни қайшылықтардың шиеленісуі, т.б. Лаңкестікке қарсы алдын алу шараларының қатарына: қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақтылығын, азаматтардың экономикалық, саяси, ұлттық, діни, т.б. құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету; адам құқығы жөніндегі мемлекеттік органдар мен қоғамдық органдардың жұмысын жетілдіру; қоғамда жоғары саяси және құқықтық мәдениет қалыптастыру; қару-жарақ рыногіне, соның ішінде жаппай қырып-жою құралдарына мемлекеттік және халықаралық бақылау жасау, т.б. Дүниежүзілік қауымдастық Лаңкестікке қарсы бірқатар халықаралық-құқықтық құжаттар қабылдады (Әуе кемелеріне жасалған қылмыстық және басқа да әрекеттер туралы конвенция (1963); Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күрес туралы конвенция (1971); Лаңкестікті қаржыландыруға қарсы күрес туралы конвенция (1999), т.б. 1994 ж. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 49-сессиясында қабылданған «Халықаралық лаңкестікті жою шаралары туралы» декларацияда Лаңкестікпен күрестегі халықаралық ынтымақтастық шаралары белгіленді. ТМД мемлекеттері арасында көпжақты келісімдер жасалып, Лаңкестікке қарсы орталық құрылды (2000). Орта Азия мемлекеттері 2000 ж. Ташкентте өткен саммитте «Лаңкестікпен, саяси және діни экстремизммен, трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен, тұрақтылық пен қауіпсіздіктің басқа да қатерімен күресте бірлескен іс-әрекет туралы» келісімге қол қойды. Сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде халықар. Лаңкестікпен және экстремизммен күрес шаралары белгіленген [1, 880 б.].

Ислам діні ешқашан қатыгездік пен қантөгісті үндемеген. Қазақстанның тарихы, мәдениеті және біздің болмысымыз ғасырлар бойы Ислам дінімен сусындалып, шариғат заңдары салт-дәстүрімізбен қатар қалыптасқан.

Ата-бабамыз асыл дініміз Исламды ерікті түрде қабылдап, әдет-ғұрып, салт – дәстүр, тәрбиемізбен ұштастыра білген. Мәселен, қазақта «Өлімнен ұят күшті» деген нақыл сөз бар. Ұрпақты қашанда жаман, арсыз істен аулақ болу мақсатында ұят болады деп ескертіп отырған. Хадисте: «Ұят – иманнан» делінген. Адам баласында ұят сезімі болмаса, ол арсыз, намыссыз болады. Адамзат баласы үшін ұят сезімі басты қасиет болып табылады. Ислам ахлағында («Ахлақ» - мінез-құлық тәрбиесі) ұялудың екі түрі айқындалған,

Жаратушысынан ұялу, өзі сынды пенделерден ұялу. Ғұлама Жүсіп Баласағұн:

- Бек кісіге – керек ұят, ақыл, ар,
- Зұлмат күш жоқ, ақыл – арды жапырар.
- Ұятыбарамдарпәк, момында,
- Ұяттыіскетигізбейдіқолында.
- Кімге төңір берсе ұят, намысты,

Оған қоса бергені құт, даңқты! –деп ұят туралы ойын жеткізеді [2,54 б.].

Орта ғасырда қазақ даласынан шыққан ғұламалар Әл-Фараби мұрлары, Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы»), Жүсіп Баласағұнның 4462 «Құтты білік», Ахмет Йасауидің «Диуани Хикмет» («Ақыл кітабы»), Мұхаммет Хайдар Дулатидың «Тарих и Рашиди», «Жаһан наме» еңбектері, Ахмет Иүгінекидің «Хибатул Хақайк» («Ақиқат сыйы»), Сүлеймен Бақырғанидың «Бақырған кітабы», хусам ад-Дин Сығанақи – еңбектері Ислам мәдениеті аясында жазылған жәдігерлер [4,9 б.].

Жоғарыда аталған түркі ойшылдары Ислам мәдениеті мен ғылымының өркендеп өсуіне елеулі ықпалын тигізді. 960 жылы Қарахан елінің мемлекеттік діні Ислам діні болып жарияланды. Қарахандықтар дәуірінде қала мәдениеті дамып, мұсылмандық сәулет өнерінің ескерткіштері Алаша хан кесенесі, Әулие Ата, Айша Бибі кесенелері, мешіттер мен медреселер, кітапханалар Қарахан мемлекетіндегі рухан-мәдени және әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары болғанын дәлелдейді. «Қарахан мемлекетінің рухани-мәдени ұстанымы ислам діні болды» [5, 54 б.].

Қазіргі кезде діни экстремизм ғасыр індетіне айналып, әлеуметтік ғылымдарының әр түрлі салаларының назарын өзіне аудартуда. Оны саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, конфликтология бойынша мамандар, әлеуметтік және мінез-құлық психологтары, теологтар, криминологтар, философтар, заңгерлер және басқа мамандық иелері зерттеуге талпынуда. Бұл зерттеушілер өз пәндерінің аспектілері бойынша зерделеу, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатса да, әлі де барлығының бірлескен ұжымдық кешенді зерттеу еңбектері жеткіліксіз. Себебі діни экстремизм өте күрделі әлеуметтік-құқықтық, саяси және этно-психологиялық мәселе бола отырып, көпаспектілі болып табылады, яғни артықшылық, діни алауыздық, жеккөрушілік, дінді саясаттандыру және тағы басқа сияқты ең шеткі қисынсыз көзқарастары мен әрекеттері арқылы пайда болатын қоғамға қауіпті құбылыс болып табылады.

Діни экстремизм мен лаңкестіктің ұшқындауы мемлекеттік аппараттың әлсіздігіне, ішкі және сыртқы саясаттың аумағындағы үлкен есептерге, тарихи, этнопсихологиялық заңдылықтардың туындауына байланысты болады. Әр түрлі қоғамдық топтардың, бұқаралық ақпарат құралдардың бұл құбылысқа қатынастарының жүйесі, терроризмнің дамуына немесе оны қорғаштаудың жанама факторы болып табылады. Көбіне лаңкестік әрекеттерге жағдайдан шығудың жолын таба алмау түрткі болады. Яғни өзінің жағдайын психологиялық тұрғыдан кемсітілген болып саналуына, әрі солай бағалауға итермелейді. Көптеген жағдайда лаңкестіктің пайда болуы, сылтауы ұқсас: біздің халық, біздің мәдениет, біздің тіл, біздің сеніміз жоғалудың шегінде тұр, бізге бәрі жаман қарайды, әрі санаспайды деген сөздер.

Лаңкесші тұлғаның мінез-құлқына тән, оған түрлі лаңкестік әрекетке итермелеуші бірқатар факторлар бар. Алғашқысы адамның өзін-өзі төмен санауы немесе соған қарама-қарсы өзін басқалардан артық деп бағалауы. Басындағы ірілі-ұсақты мәселелерге өзін емес қоғамды кінәлі деп табады. Бұл жағдайда ол өзінің заңсыз әрекеттерін бүркемелеудің, әрі өз-өзін моралдық қорғаштаудың, ақталудың құралы ретінде пайдалануына түрткі болады. Осындай жағдайлардан кейін, құрылымсыз, жүйесіз, негізсіз дүниетаным мен дүниені сезіну туындайды. Бұның детерминациясында түрлі этностардың сәйкессіздігі, этнопсихологиялық қарама қайшылығы жатыр. Құрылымсыз культтардың ядросы болып, өзінің сенімі үшін өлімге бас тігуге дайын тұратын фанаттардың іс-әрекеттері болады.

ДАИШ содырларының бүгінгі ұстанымы ақиқатты тек өздері ғана танып, түсінгендей, әлемге ислам жолын қайта жасап жатқандай насихаттау екендігі мәлім. Ұлыбританиялық басылым «Ислам мемлекеті» ультра-радикал діни ұйымы таратты деп сипатталған қазақ тілінде көмелетке толмаған жас балалар түскен бейне жазба жариялады. Сол сияқты, содырлардың «ӘлХаят» атты медиа орталығы даярлаған бейне жазбада адамдар арабша жіне қазақша сөйлейді. Үш қатар субтитрлердің бірі ағылшын тілінде жазылған. Басылымның сипаттауынша, бейнематериалдың толық нұсқасының басында «хижра жасап, Аллаға оралған қазақстандық бауырлар» деп сипатталатын бір топ адамдар көрсетіледі. Негізінен, Аллаға оралудың мекені Сирия емес, ол әркімнің жүрегінде, санасында, танымында, өз елінде болатындығына ой жүгіртпеген кез келген мұсылман осы тұзақтың құрбаны бола береді. Ал үзінді видеода өзі 4463 сияқты әскери форма киген қатарластарының

алдында шамамен бастауыш сынып жасындағы бала Калашников автоматын жылдам құрастырып, нысана көздейді. Одан кадр сыртындағы адам қазақша: «Атың кім? Қай жақтан келдің? Қайда тұрасың? Өскенде кім боласың?» деген сұрақтар қояды. Ол: «(атым) Абдулла. Қазақстаннан (келдім). Ислам халифатында (тұрамын). Өскенде кәпірлер, сендерді бауыздайтын муджахид болам» деп жауап береді. Міне, нағыз «исламофобия», мұсылманды, қазақты басты құндылығы рухани тірегі исламнан безіндіру дегеніміз осы деп философия және теология ғылымдарының докторы, профессор Досай Кенжетай ағамыздың «Аллаға оралу мекені» Сирия емес, әркімнің жүрегінде, өз отанында атты мақаласында айтады [6, 15 б].

Өкінішке орай, соңғы жылдары дәстүрлі дінімізге жалған күйе жағушылар көбейіп, Қарахан мемлекетінен бастау алған дініміз Ислам жалпақ тілмен айтқанда саяси сотқарлардың ойыншығына айналып барады. Нәтижесінде қоғамда дін атын жамылушылар салдарынан адамның рухани байлығы дін мен оған үш қайнаса сорпасы қосылмайтын экстремизм мен лаңкестік сөзін бір-біріне тіркестіріп, қоғамда діни экстремизм мен лаңкестік сөздері пайда болып кеңінен таралуда. Профессор Әшірбек Мүминов қазіргі Қазақстандағы діни ахуалға сыртқы күштердің ықпалы бар екенін және оның артында үлкен қаржы жатқаны құпия еместігін айтады. Араб елдері, парсы әлемі және тағыда басқа елдер өз ықпалдарын жүргізу үшін үлкен ойын ойнап жатыр. Бұл ойынның негізгі факторы - дін. Себебі қоғамды, отбасын іштен құлдыратуға діннің ғана шамасы жетеді. Ал дін адамның рухани байлығы, азығы. Мәшһүр Жүсіп руханилық негізі - имандылық жолы мен дінде деп көрсетеді. Дінді толық түсіне алмаған адам шектен шығып, діни фанатизмге соқтығып жатады. Біздің қоғамда жасыратыны жоқ, өзіміздің қарақөз бауырларымыз.

– Когнитивті – оқушылардың жеке психофизиологиялық қасиеттеріне сәйкес таңдаған мамандығы бойынша жұмыс істеу дәрежесі туралы хабардар болуы.

– Мотивация-қажеттілік – кәсіптер белсенділігі, қызығушылықтардың құндылық бағдарлармен байланысы, эмоционалдық тәжірибелердің қарқындылығы арқылы оқушылардың күш-жігері мен назарын болашақтың маңыздылығына аудару.

– белсенділік-практикалық – корреляциялық қабілеттілік - олардың жеке ерекшеліктері мен кәсіби таңдаған кәсіп пен иелікке қатысты талаптар. Өз еңбектерінде Е. А. Климов кәсібиліктің екі деңгейін анықтайды өзін-өзі анықтау, бірінші деңгей диагностикалық, оған сана мен өзіндік сананы қайта құрылымдау кіреді, ал екінші деңгей практикалық, содан кейін адамның әлеуметтік статусында нақты өзгерістер болады. Оның үстіне Е.А.Климовтың схемасы бойынша нәтиже кәсіби өзін-өзі анықтау мамандықтар таңдау шешімі болып саналады [б. 112]. Бұл схема мыналарды қамтиды:

1 Мамандықтар әлеміне жалпы шолу бағдарын өздігінен құрастыру;

2 Мүмкіндіктер мен шектеулерді өздігінен анықтау, шындықпен байланыстыру

3 Резервті ескере отырып, таңдаған мамандығы бойынша ақпарат жинау;

4 Мамандықты меңгерудегі қадамдық әрекеттерді ойластыру;
5 Жеке тұлғаның құрылымы арқылы психикалық ойлау кәсіби жоспар;

6 Мамандық таңдау бойынша түпкілікті шешім қабылдау.

Жоғары сынып оқушыларының көпшілігі үшін мамандық таңдау қоғамда қалыптасқан стереотиптерге негізделеді. Олар сондай-ақ өз жолын табуды қиындатады, кәсіби әлемде өздерін психологиялық дамытуда қиындықтар туғызады. Мұндай мәселелерге «жұмыс» пен «кәсіп» және жалақы арасындағы сәйкессіздік әрекеттер мен жеке хобби туралы идеялардың алшақтығы жатады. Негізінен жоғары сынып оқушылары мамандық таңдауда бойындағы ең басым қасиеттерге арқа сүйейді. Мысалы, мұнда моральдық-еріктік, интеллектуалдық және ұйымдастырушылық сапасы жатады. Бірақ, өзін-өзі бағалау туралы ұмытпаңыз, оған көп нәрсе байланысты. Көбінесе жасөспірімдер өздерінің мүмкіндіктерін асыра бағалайды немесе керісінше бағаламайды. Бірінші жағдайда да, екінші жағдайда да егер орта мектеп оқушысы өз мүмкіндіктерін асыра бағаласа, көп жағдайда нәтижесі төмен болады, содан кейін болашақта ол кәсіп оны сәтсіздіктерге душар етеді. Тиісінше өзін-өзі төмен бағалаған кезде де осындай жағдайлар орын алады. Кәсіби өзін-өзі анықтауға қатысты тағы бір мәселе -оқу мотивациясының өзгеруі. Көптеген жасөспірімдер оқуды болашақ кәсіби қызмет үшін қажетті негіз ретінде қарастырады. Көпшілікті болашақта қажет заттар ғана қызықтырады. Бірақ, егер сіз 9-сыныптан кейін кетуге бірінші рет шешім қабылдаған кезде оқу үлгеріміне алаңдай бастайды. Демек, «қажетсіз» оқу пәндеріне назар аудармай, немқұрайлы қатынастан бас тартады. А.В.Петровскийдің айтуы бойынша жоғары сыныпта жасына қарай оқуға саналы көңіл бөле бастайды. Сонымен қатар, кейбіреулер мамандықты, университетті тандап, қайда оқитынын болжай бастаса, басқалары осы уақытта неден бастарын білмей қалады. Мұнда ата-аналар мұндай жоғары сынып оқушыларына көмектесу үшін керісінше психологиялық тұрғыдан өз балаларына қысым жасап бастайды. Дегенмен, мұның бәрі жоғары сынып оқушыларында мұндай қысымның тек келеңсіз нәтижелерге себеп болады. Нәтижесінде, олардың хоббиіне кірісуі алаңдаушылықтың жоғарылауы мен көбінесе жоғары сынып оқушысының кәсіби өзін-өзі анықтаудан бас тартуына әкеледі. Негізінде, ата-аналар баласына қысым жасамауы керек, оған өзін-өзі анықтауға көмектесетін басқа әдістерді қарастырғаны дұрыс. Қалай болғанда да жоғары сынып оқушысы үшін ең бастысы – ата-анасының қолдауы мен

дер кезінде көмек көрсетуі. Сондықтан, қосымша мамандық таңдауда қиындықтар туындаса, мектептерде кәсіптік бағдар беру жұмыстарының жеткіліксіздігі, екіншіден, осыған байланысты университеттер туралы ақпараттың жоқтығы. Сондықтан осы мәселелердің барлығын шешу үшін оқу орындары жоғары сынып оқушыларына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуі керек, бұл оларға бейіндік бағдарлауда және кәсіби түрде өзін-өзі анықтауға көмектеседі. Сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қолдаудан басқа, жоғары сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысын жандандыруды қажет етеді.

Өйткені, біз білетіндей, кәсіби өзін-өзі анықтау кәсіптік бағдармен тығыз байланысты және күрделі динамика ретінде қарастырылады.

Мектептегі психологиялық қызметтің оқушылармен, ата-аналармен және мұғалімдермен жұмысының әртүрлі бағыттарын біріктіретін жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың кешенді бағдарламасының тиімділігі эксперименттік жұмыста тексеріледі. Оны жүзеге асыру жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауының онтайлы деңгейін қалыптастыруда оң динамикасын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Қорытындылай келе, кәсіби өзін-өзі анықтауға жауапкершілікпен мән беру қажет екенін айтқымыз келеді. Ал мектеп пен ата-ана жоғары сынып оқушыларына көмектесуі керек, өйткені, егер сіз дер кезінде көмектессеңіз, сіз жағымсыз жағдайдың алдын аласыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Практическая психология образования; Учебное пособие 4-е изд. / Под редакцией И. В. Дубровиной — СПб.: Питер, 2004.
- 2 Белоусова В. В. Самоопределение студентов и школьников в сфере профессий, связанных с информационными технологиями: Автореф. дис. канд. психол. наук. М. : МГУ, 2017. 26 с.
- 3 Абрамова Г. С. Практическая психология. М. : Академия, 2017. 368 с.
- 4 Булатова М. А. Представления педагогов о современных подростках [Электронный ресурс] // Материалы VIII Международной студенческой электронной научной конференции «Студенческий научный форум». 2017. URL: <http://www.scienceforum.ru/2017/2360/29611>

5 Нигметжанова Г. К Тұлғаның өзін-өзі тану мәселесінің психологиялық ерекшелігі Вестник КАСУ №4 - 2005: <https://www.vestnik-kafu.info/journal/4/149/>

6 Климов Е. А. Образ мира в разнотипных профессиях. М.М.: Изд-во МГУ, 1995

ЖЕКЕ ТҰЛҒА ЖӘНЕ ОНЫҢ МАМАНДЫҚҚА СӘЙКЕСТІГІ

ЖУМАБАЕВА Э. Т.

магистрант, 2 курс, М01109-Педагогика және психология БББ,
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.
ЗЕЙНЕЛБАЙ Р.

магистрант, 2 курс, М01109-Педагогика және психология БББ,
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Бұл мақалада тұлға және оның мамандыққа сәйкестігі жайлы жазылған. Қазіргі қоғамда жоғары сынып оқушыларының кәсіби іс – әрекет пен мамандық таңдауға байланысты проблемаларын, яғни, сол әрекеттерге саналы дайындығының ішкі субъективті және объективті факторларын зерттеудің психология ғылымы үшін қажеттілігі әрқашан да зор. Сондықтан да жеке тұлғаның мамандық таңдау процесінің дұрыс бағытталуы, жасөспірімдерді жаңа мақсаттар мен келешекті саналы, ұғынымды өмірлік жоспарын құруға, өз іс – әрекет нәтижелерін таратуға жетелеуі мақаланың негізі.

Кілтті сөздер: Кәсіптік бағдар беру, мамандықтар, психологиялық қолдау, психологиялық-педагогикалық қолдау, қабілет, талан, еңбек.

Жеке тұлға және оның мамандыққа сәйкестігін жеке тұлға бойындағы негізгі қасиеттер мен мамандықтың оған қоятын талаптары негізінде сипаттауға болады.

Жеке тұлға деген ұғым жөніндегі түрлі көзқарастарға жасалған талдауды қорытындылай келе, В. С.Леднев жеке тұлға адамның дербес құрылымдық компонент ретіндегі әлдебір оқшауланған жағы емес, әлеуметтік тұрғыдан алғанда адамның қасиеттерінің бүкіл жиынтағымен тұтас алғандағы нақты адамның ерекше пішімі. Жеке тұлғада тұтас тұлға ретіндегі адамның қырлары жоғалып кетпейді, тек осы тұрғыдан алғанда арнайы көрініс табады, – деп атап өтеді [1].

Жеке тұлға деген ұғымға көзқарастардағы айырмашылықтар жеке тұлғаның бітімі жөніндегі көзқарастардағы айырмашылықтарды туғызады. В. С. Леднев, А. Г. Ковалевтің, К. К. Платоновтың, М. Н. Непомнящаяның М. С. Каганның жеке тұлға бітімі жөніндегі тұжырымдамаларын қарастырады, бірақ бұл еңбекте шетелдік зерттеушілердің айқындамаларына талдау жасалмайды. Аталмыш зерттеушілер ұсынған жеке тұлғаның бітіміне түрліше көзқарастардың мазмұнына талдау жасай келіп, В. С. Леднев түрлі авторлардың жеке тұлға бітімінің үлгілерін қорытындылауында үш компонент баяндалатынын атап өтеді, олар:

- 1) жеке тұлғаның тәжірибесі,
- 2) психикалық тетіктері,
- 3) жеке тұлғаның типологиялық қасиеттері.

Бірінші компонент екі топтан тұрады:

- а) білім, білік, дағды;
- ә) бағыттаушылық, таным, еңбек, қарым – қатынас, эстетикалық сапалар, дене тәрбиесі.

Жеке тұлға тәжірибесіне қарым – қатынас тәжірибесін қосуды арнайы атап өтеміз. Айтқандайын, М. С. Каганның тұжырымдамасында қарым-қатынас тәжірибесі жеке тұлға бітімінің компоненті ретінде айтылады, ол жеке тұлғаның бітімін адам әрекетінің көзге көрінетін құрылымынан шығарып тастайды және оны бес әулетпен сипаттайды, олар:

- 1) гнесеологиялық әулет,
- 2) аксиологиялық әулет,
- 3) шығармашылық әулет,
- 4) қарым – қатынас әулеті,
- 5) көркемдік әулет [2].

Психика тетіктері қабылдаудан, ойлаудан және сөйлеуден, зердеден, психикалық қозғалыстан, басқарудың ішкі жүйесінен («мен») құралады. Мінез, дағды, білік, дамудың онтогенетикалық ерекшеліктері және тұлға бітімінің үшінші компонентін құрайды. Жеке тұлғаның бітіміне өзін-өзі икемдеудің жоғары деңгейін жүзеге асыратын басқару жүйесін («менді») оның компоненті ретінде қосу және тұлғаның ізденімпаздығы тұрғысынан маңызды.

А. Г. Ковалов, К. К. Платонов, С. М. Каган талдап жасаған және В. С. Леднев қорытындылаған жеке адамның бітімі жөніндегі тұжырымдамаларды қорытындылай келе мынаны атап өтеміз:

1. Жеке тұлға бітімінің компоненттері тіпті де тең құқықты емес. Мәселен, психикалық тетіктер, білік кез келген әрекеттің

негізі болып табылады, демек, жеке тұлға тәжірибесінің де негізі болып табылады. Психика тетіктерінен тыс әрекет жоқ және болуы мүмкін емес. Психика тетіктері үшінші компонентке қатыссыз емес, ал үшінші компонентке мінез, темперамент, дағды мен білік жатады; өз кезегінде үшінші компоненттің элементтері жеке тұлғаның тәжірибесінде көрініс табады. Мінез, темперамент, біліктен психикалық тетіктерден тыс түсінілуі мүмкін емес. Оның үстіне, мысалы, мінез өмір шындығының қайсыбір жақтарына қатынасында, не әрекетте ғана көрініс табады. Сонымен, қарастырылған тұжырымдамаларда жеке тұлғаның бітімі компоненттерінің арасында ең болмаса шартты шекара болмағанымен, кейбір элементтері түрлі компоненттердің мазмұнына кіреді. Сонан соң бітім тек компоненттерді білуді ғана емес, сонымен бірге олардың арасындағы байланыстарды да білуді көздейді, ал соңғысы тұжырымдамалардың бірде – біреуінде ажыратылмаған. Бұл компоненттердің қандай негізге сүйеніп ажыратылғаны да күңгірт күйде қалған.

В. С. Ледневтің компоненттердің үш тобы жеке тұлға бітімінің бейне бір статистикалық үлгісін (статистикалық «бөлігін») сипаттайды деген ескертпесін де атап өтеміз. Оны тұтас күйінде ұсыну бұл үлгіні әрекет пен даму аясында қарастыруды талап етеді. Жеке тұлға тұжырымдамасын дамытудағы бұл бағыттар тым бертінгі еңбектерде көрініс тапты. Сондықтан кемелдену үстіндегі жеке тұлғаның бітімі жөніндегі көзқарастарға талдау жасау қажет. Алайда мұны жүзеге асырмастан бұрын мына қағидаға назар аударамыз.

2. Жеке тұлға жөніндегі тұжырымдамалардың авторлары жеке тұлғаның әлеуметтік мәнін бірінші орынға қояды. «Жеке тұлға – адамның «әлеуметтік келбеті», онтегенез барысында жеке адам әлеуметтендірудің жемісі». Сондықтан «жеке тұлға» ұғымы «қоғам» ұғымында өзінің диалектикалық жұбын табады (Каган, 1974). Жеке тұлға ұғымының келтірілген анықтамасында «жеке тұлға – қоғам» жұбының жұмыс істеуі күңгірт күйінде қалып отыр. Анықтаманың бірінші бөлімі қоғамның жеке адамға ықпалын мегзейді, алайда жеке тұлғаның қоғамға ықпалы да даусыз ақиқат, мұны дербестендіру нәтижесі айғақтайды. Бірқатар еңбектерде жеке тұлғаның қоғамға ықпалы да даусыз ақиқат, мұны дербестендіру нәтижесі айғақтайды. Бірқатар еңбектерде жеке тұлға ұғымының мазмұны оның жоғарыда қаралған бітім компоненттерінің бірі арқылы ашылады [3].

Мәселен, А. Ф. Лазурскийдің еңбектерінде жеке тұлға түрлі қатынастардың: табиғат және қоғам құбылыстарына, өз басына, құндылықтарға қатынастарының (ол қатынастардың небәрі 15 тобын анықтаған) субъектісі ретінде сипатталады; Р. Кэттел жеке тұлғаны осы тұлға жатқызылған қоғамдық қатынастарға тәуелсіз, биологиялық түзілім ретінде және оның қоғамдық жұртшылықтың мүшесі ретінде де қарастырылуы да мүмкін екендігін айтады [4].

Адамның бүкіл алуан түрлі қасиеттерінен жеке тұлғаға тән қасиеттер ретінде, - деп жазды С. Д. Рубинштейн, - әдетте адамның қоғамдық мәні бар мінез – құлығы немесе әрекетін туғызатын қасиеттері ерекшеленеді. Сондықтан олар уәждер және адам қоятын міндеттер жүйесі, адамның қылығын туғызатын мінезінің ерекшеліктері (олардың адамның басқа адамдарға қатысынан іске асыратын немесе білдіретін әрекеттері) және адамның қабілеттері, яғни адамды қоғамдық пайдалы әрекеттің тарихи түрде қалыптасқан Р. Кэттелдің жеке тұлғаны сипаттардың жиынтығы ретінде қарастырылу жөніндегі идеясы тым бертінгі зерттеулерде дамытылды. Авторлар ұжымы ұсынған «Педагогическая диагностика» кітабындағы жеке тұлға бітіміне тоқталайық. Жеке тұлға бітімі, - деп атап өтеді авторлар, - бір жағынан, оның қоғамдық болмысы мен санасының бейнесі, екінші жағынан, әрекеттің жетекші түрлерін адамның жетекші қажетсінуі мен қабілеттерінің көрінісі. Бұл айтылға пікірден осы көзқарастардың авторлары бітімді анықтау кезінде жеке адамның қатынастарын әлеуметтендіру мен оның дара-типологиялық ерекшелікте өзінше ұштастыруды басшылыққа алғандары анық болып отыр. Авторлар төрт бітімдік кешенді бөліп көрсетеді, олар: ақыл-парасат (сана), адамгершілік (мінез-құлық), ерік және сезім (өздігінен икемделу тетіктері). Еңбек субъектісі ретінде адамның дамуын педагогикалық басқару, кәсіби өзін - өзі анықтау, кәсіби кеңес берудің теориялық негізінде адамның мамандық түріне сәйкес келуі жатады. Осындай теориялық және практикалық негіздер нәтижесінде адамға еңбектің қалыптасақан талаптарымен келісу немесе жұмыс орнын ауыстыру тура келді.

Осыған байланысты жеке тұлға мен мамандық арасындағы сәйкес келмеушілікті жоюдың дәстүрлі жолдарын қарастыру қажет.

Стихиялық кәсіби саралау деп аталатын құбылыс. Онда адам өзіне сәйкес келмейтін кәсіби білім беру жүйесіне тап болғанда жағымсыз қобалжуларды сезінеді.

Бұндай қобалжу түрлері ол таңдаған кәсіби жолына сәйкес келмеуінің көптеген себептеріне байланысты туындайды. Бұның нәтижесінде оқушы сабағын тастап немесе жұмысынан кетіп, өзіне лайық әрекет түрін таңдауға тырысады.

Аталған құбылыстар нәтижесінде адамдар бір жағынан, белгілі бір кәсіби жолында өзін табатын болса, екінші жағынан өздерін сәтсіз адам ретінде сезінуі мүмкін. Ақырғысы жеке тұлғаның өзі үшін де, қоғам үшін де зиян.

Жалпы орта білім беретін мектептің жоғары сынып оқушысы бола тұра ол мамандық таңдау жайында ойланып, болашақ өмір жолдарының мүмкін болатын жолдарын қарастырып, жоспарлайды.

Осының алдында адамдарды белгілі нұсқаларға «итермелеу» туралы айтылса, мында жеке тұлға үшін басты орында сәйкес мамандықты таңдау жөнінде айтылады.

Кейде болашақ кәсіби жолын таңдауға байланысты көмек көрсететін педагогикалық басқарушылық болмай, ол өз еркімен жүретін болады. Бұндай жағдайда оған құрбыларының немесе ата – аналарының кеңестері маңызды рөл атқарады. Осындай жағдайда оптант (латын тілінен аударғанда «ortatio» таңдау дегенді білдіреді.), яғни, еңбек субъектісі өз еркімен шешім қабылдауға мәжбүр. Оның қабылдаған шешімі оның жас ерекшелік ойлау мүмкіндіктеріне және білімі, тәжірибесіне тәуелді болады. Нәтижесінде таңдауды дұрыс жасамау ықтималдылығы да жоғары.

Жүйелі түрде кәсіби білім алуға мүмкіндіктің болмауы салдарынан адам өз бетімен білім алуға, үйренуге кіріседі. Кейде бұл жақсы көрсеткіштерге де ие болады, дегенмен сәтсіздікке әкелу ықтималдығы да жоғары дәрежеде.

Пайда болу, қалыптасу, өңделу – тек қана жеке бас кәсіби бағалы қасиеттеріне ғана тән емес, ол әрекеттіліктің әдістері мен сыртқы жағдайларын да сипаттайтын құбылыстар. Мұнда кәсіпкерлердің рационалды белсенділіктері жайлы сөз етіледі.

Мамандық таңдау субъектісі болып табылатын адам педагогикалық басқарушы тарапына ие делік. Мектепте немесе басқа да білім беретін мекемелерде кәсіптік білім бағдар беру жұмысы жақсы дмыған болуы мүмкін, немесе оптантқа болашақ еңбек жолында көмектесетін, кеңес беретін тәжірибелі адамдардың болуы ықтимал.

Мамандық таңдау жағдайында оптант мамандық жайында компетентті кеңес түрлеріне ие болып, өзін тәрбиелеу жөнінде,

жұмысты атқарудың оптималды индивидуалды стилі жөнінде түрлі бағдарларға ие.

Мамандық таңдау жайлы дұрыс кеңес беру жұмысы – кез келген педагогикалық әрекет тәрізді екі жақты процесс. Ол бір жағынан дамып, өсіп келе жатқан адамның тәжірибелі, машықтанған кәсіпкермен өзара әрекеті болып табылады.

7. Егер кеңес беру жағдайында субъектілі және объектілі мүмкіндіктер есепке алынатын болса, онда кәсіби білім берудің түрлі формаларында адамның мамандыққа дайындығын қалыптастыру, осы кезде маңызды рөл атқарады.

8. Қоғамда дамыған еңбек құралдарының жаңа түрлерін қалыптастыру немесе іске асыру ресми түрде жүзеге асуы тиіс.

Әркімнің өмірі әр түрлі болғандықтан өмір жолында түрлі жағдайларға – шамадан тыс авторитаризмге, кәсіби өзін - өзі анықтауда дерективті жағдайларға тап болуы мүмкін.

Мамандықты таңдау жөніндегі кеңес беруді де басқару ретінде түсінуге болады (шахмат тахтасындағы пешкаларды манипуляциялау сияқты).

Кәсіпкердің қалыптасуында авторитарлы тенденциялардың болуы мүмкін («Білмесен – үйретеміз, істей алмасаң – көмектесеміз, істегін келмесе мәжбүрлейміз» ретінде).

Еңбек құралдары мен жаңа жағдайларды жоспарлау жұмыстары адамың ерекшеліктерінің спецификасын есепке алмау нәтижесінде де шешілуі мүмкін. Тіпті оны өндіріс ортасынан шығарып тастауға дейін баруы мүмкін.

Адамның мамандыққа жарамдылығын адаммен ғана ұштастыруға болмайды, себебі, нашар жоспарланған, еңбек жағдайларын сәтсіз ұйымдастырған шаралар да адам мен мамандық арасындағы сәйкессіздіктің бірден – бір себебі.

Адамның кәсіби әрекеті икемдеу барысында оның индивидуалдық – өзіндік жүйелілік ұйымы қалыптасады. Күнделікті міндеттерді атқарып отырғанда іске асуы мүмкін. Мысалы, кей адамдар жұмыс істер алдында көп ойлаып толғанады да кейін жұмысты жақсы атқарады. Ал басқалары жұмысқа тез кірісіп, жіберген қателерін де тез түзейді. Бірақ осы екі жүйе әр түрлі екені анық.

Әрекеттің стилі – әрекеттің өзі сияқты өзгеріп отыратын функционалдық объект. Кәсіпкердің стилі жайлы материалды жинақтау, өңдеу және интерпритациялау бағдарламасын құрғаннан кейін білуге болады. Индивидуалды әрекеттің сол уақыттағы

көріністерін тану мен зерттеу арқылы да, сонымен бірге кәсіпкер еңбегінің қорытындыларын интерпретациялау анализі нәтижесінде анықтауға болады. М. Р. Щукиннің айтуы бойынша әрекеттің нәтижесіндегі индивидуалды ерекшеліктерді әрекет типтерінің жылдам және нақты көріністерін қарастыру қажет [5].

Сол себепті, мамандық таңдауды анықтайтын факторлардың ішіндегі ең маңыздысы сол кәсіпке нақты көрінген қызығушылықтар жүйесі жатады; Мамандық таңдауда жоғары сынып оқушысының ішкі факторларға сүйену әрекеті, яғни, әрекетті өз бетімен орындай алуы, ептілігі, ішкі дайындығы, жоғары адекватты өзіндік бағалау ерекшеліктері мамандық таңдау процесінің психологиялық мазмұнын құрайды. Мамандық таңдауға байланысты қызығушылықтардың мақсатты – бағытталған түрде жүйелі дамуы, жоғары сынып оқушыларында кәсіби өзіндік анықталу процесінің қалыптасу негізін құрайды, және оның басты мотиві болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Гусев Н. Г., Калашников А. В., Качанов. Профессиональная ориентация молодежи и организация приема в высшие уч. заведения. М.: Высшая школа, 1982.
- 2 Профессиональная ориентация учащейся молодежи: Межвузовский сборник научных трудов. Новосибирск, 1980.
- 3 Профессиональная ориентация учащихся: Учебное пособие для студентов пед. Ин-тов; под ред. А.Д. Сазонова. М.: Просвещение, 1988.
- 4 Профессиональная ориентация школьников: Межвузовский сборник научных трудов. Ярославль: ЯГПИ им. К.Д. Ушинского, 1987.
- 5 Щукин М. Р. Структура индивидуального стиля деятельности и условия его формирования: Автореф. Дис. ... д-ра психол. Наук. – Новосибирск, 1994.
- 6 Ярошенко В. В. Школа и профессиональное самоопределение учащихся. – Киев, 1983.

АКТУАЛЬНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

ЖУМАГАЛИЕВА Д. С.
преподаватель общественных дисциплин, Павлодарский
машиностроительный колледж, г. Павлодар

В Послании Президента народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» [1]. одним из приоритетных направлений работы в сфере образования названы: «модернизация методик преподавания и активное развитие онлайн-системы образования».

В настоящее время образование в Казахстане претерпевает значительные изменения, связанные с внедрением в учебный процесс новых информационных технологий. Задачи и методы обучения меняются принципиальным образом, максимально приближаясь к индивидуализации при подготовке учащихся. Наряду с этим информационно-коммуникационная среда, в которую помещен каждый современный обучающийся, создает все условия для активного использования компьютерных средств и технологий в учебном процессе, повышая при этом значимость и эффективность самостоятельной работы.

Сегодня, молодежь уже не оторвать от компьютеров, смартфонов: эту тягу надо не пресекать, а использовать эффективно. Нужно учить грамотному, вежливому и сетевому общению, предметно и наглядно убеждать в красоте, поощрять любые попытки самостоятельных аналитических исследований компьютерных образовательных ресурсов. Что касается постепенной утраты духовной связи с учениками при переходе на новые методы обучения, то единственный для преподавателя путь хоть как-то эту связь поддержать – перейти на тот язык, которым новое поколение разговаривает – компьютерный. Информационные технологии сближают нас преподавателей с молодым современным поколением учащихся, от уровня владения новыми информационными технологиями, уровня развития нашей информационной культуры будет зависеть продуктивность обучения.

В XXI веке компьютерная техника, интернет, цифровые образовательные ресурсы проникли во все сферы человеческой деятельности и открыли огромные возможности поиска и выбора источников информации, применение информационных технологий в

образовании, преподавании общественных дисциплин. Увеличивается количество методической литературы по данной теме.

Использование информационных технологий на уроках общественных дисциплин позволяет обучающимся проявить творческие способности, больше самостоятельности в работе, воспитывает информационную культуру не только преподавателя, но и студента. Как считает К. Роджерс, на традиционных уроках, происходит авторитарное обучение, а не демократическое, то есть несвободное обучение, преобладает когнитивный тип обучения, в котором процесс учения сводится к усвоению учебной программы и знаний, отобранных учителем [2, с. 3–6].

М.Т. Студеникин в книге «Современные технологии преподавания истории в школе» подчёркивает, что применение технических средств - одна из характерных черт современного развития школы и педагогики. В предлагаемом им пособии раскрывается опыт работы учителей по применению информационных технологий обучения. Студеникин М.Т. также останавливается на методике применения видеоносителей, компьютерных технологий, возможностей Интернет-ресурсов на уроках общественных дисциплин [3].

Н. Шевченко в статье «Интерактивные формы обучения как средство развития личности школьника» подчёркивает, что современное обучение трудно сегодня представить без технологии мультимедиа. Мультимедиа программы открывают широкие возможности для учителей и учеников [4].

Аствацатуров Г. в статье «Технология конструирования мультимедийного урока» подчёркивает, что творцом урока является учитель, который в свою очередь организует творчество детей, они занимаются сотворчеством [6]. Автор отмечает, что практика применения информационно-коммуникативных технологий в овладении методикой по-прежнему велика. Учитель должен помочь ученику ориентироваться в условиях «информационного обвала». Аствацатуров рассказывает об опыте применения информационно-учебного комплекса состоящего из 4-х компонентов:

- Информационно-энциклопедический центр;
- Продукция, позволяющая осмыслить и закрепить материал;
- Развитие практических умений и навыков, развитие интуиции;
- Система автоматизации (пакеты прикладных программ, система автоматизации).

Автор нацеливает учителя на творческое освоение информационных технологий, подчеркивает актуальность и необходимость их использования [5].

Казахстанский исследователь Ж. Ш. Бактыбаев в своем исследовании доказал, что использование информационных технологий, в частности электронных культурологических программ, представляет широкие возможности учителям общественных дисциплин для развития личностных качеств учащихся, формирования их нравственности. Надо особо отметить, что вопросам нравственного воздействия информационных технологий, влияющих на формирование тех или иных качеств личности, ее ценностных ориентаций, посвящено считанное число исследований, как у нас в республике, так и за рубежом [6].

Захарова И. Г. в книге «Информационные технологии в образовании», подчёркивает важность и необходимость применения информационных технологий, – «иначе трудно двигаться дальше».

Уже сейчас большое количество учебных познавательных и развивающих материалов по преподаваемым мною дисциплинам «Основы права», «Культурология» представлены в электронном виде., и это не только презентации, творческие, проблемные задания, но и авторские видеоролики и фильмы «Культура Казахстана 18. 19 веков», «Курган Иссык», деловая игра «Брейн-ринг» по различным разделам «Основ права».

В авторском учебном пособии представлена классификация программных средств информационных технологий обучения. Рассмотрены принципы и возможные пути интеграции информационных технологий обучения в учебно-воспитательный процесс, даны практические рекомендации по применению гипертекстовой технологии для создания гипертекстовых электронных учебников и авторских, образовательных Web-сайтов силами педагогов [7].

В сборнике «Цифровые образовательные ресурсы в учебном процессе педагогического ВУЗа и школы» опубликованы тексты докладов I региональной научной конференции, которая была посвящена созданию и использованию электронных образовательных ресурсов нового поколения, повышению информационно-коммуникативной - компетентности педагогов общеобразовательных учреждений, внедрению инновационных образовательных технологий, а процесс обучения [8].

На уроках общественных дисциплин, как показывает личная практика использование цифровых образовательных ресурсов просто необходимо, а вот создание авторских цифровых образовательных ресурсов позволяет раскрыть не только профессионализм, но и творческий потенциал преподавателя, уровень его информационной культуры.

В учебных заведениях сегодня активно идет разработка различных вариантов содержания образования, внедряются новые педагогические технологии, в том числе и совершенствуются информационные технологии.

Компьютер в организациях образования позволяет создавать учебные материалы нового поколения, использующие возможности видео, графики, звука, анимации. Проведение урока с использованием информационных технологий требует от учителя наличие пользовательских умений и навыков, навыков владения компьютером и мультимедийными приложениями, огромной подготовительной работы, занимает длительное время. Но вложенный труд накапливается в виде целых циклов уроков и практикумов, которые составляют интеллектуальное богатство учителя. И лучшей наградой служит возрастающий интерес учащихся к предмету, радостное ожидание ими каждого следующего урока, их желание помочь учителю подготовить очередной урок с применением информационных технологий [7].

Жизнь современного общества неразрывно связана с повсеместным внедрением информационных технологий, следовательно, учащийся, в ходе обучения должен подготовиться к жизни в этом обществе. Не секрет, что низкая мотивация учения - одна из главных проблем современной школы. Информационные технологии являются мощным средством обучения, которое способно повысить его эффективность, создать большую мотивацию учащимся.

Использование средств новых информационных технологий позволяет усилить мотивацию учения благодаря не только новизне работы с компьютером, которая сама по себе нередко способствует повышению интереса к учебе, но и возможности регулировать предъявление задач по трудности, поощряя правильные решения, не прибегая при этом к нравоучениям и порицаниям. Работая на компьютере, ученик получает возможность довести решение любой учебной задачи до конца, поскольку ему оказывается необходимая помощь, а если используются наиболее эффективные обучающие системы, то ему объясняется решение, он может

обсудить его оптимальность и выявить наиболее рациональные решения. Компьютер может влиять на мотивацию учащихся, раскрывая практическую значимость изучаемого материала. Все это способствует формированию положительного отношения к учебе. Однако необходимо обращать внимание на то, чтобы занимательность не стала преобладающим фактором в использовании компьютера и не заслонила учебные цели. Применение средств новых информационных технологий в учебном процессе позволяет индивидуализировать и дифференцировать процесс обучения, реализуя интерактивный диалог, предоставляя возможность самостоятельного выбора режима учебной деятельности и компьютерной визуализации изучаемых объектов. Фронтальная форма работы и ориентация на среднего ученика в таких условиях себя не оправдывают и приводят к потере интереса к происходящему на уроке у самых способных и невозможности для наиболее слабых учащихся активно включиться в учебный процесс. Индивидуальная работа ученика за компьютером создает условия комфортности при выполнении заданий, предусмотренных программой: каждый обучающийся работает с оптимальной для него нагрузкой, так как не чувствует влияния окружающих [6, с. 43].

Наличие программно-методического обеспечения, ориентированного на поддержку преподавания различных предметов, а также учебного и демонстрационного оборудования, сопрягаемого с компьютером, позволяет организовать в учебном процессе исследовательскую деятельность, обеспечить возможность самостоятельной учебной и предметной деятельности со средствами новых информационных технологий. Компьютер позволяет качественно изменить контроль за деятельностью учащихся, обеспечивая при этом гибкость управления учебным процессом. При работе на компьютере каждый ученик может обдумывать ответ столько времени, сколько ему необходимо. Снимается вопрос о субъективной оценке знаний при опросе, так как оценку выставляет компьютер, подсчитывая количество верно выполненных заданий. При этом происходит мгновенный анализ ответа, что дает возможность опрашиваемому либо утвердиться в своих знаниях, либо скорректировать неверно введенный ответ, либо обратиться за помощью к учителю. Подача эталонов для проверки учебных действий (через учебные задания или компьютерные программы), анализ причин ошибок позволяют постепенно обучать учащихся самоконтролю и самокоррекции учебно-

познавательной деятельности. На этапах урока, когда основное обучающее воздействие и управление передается компьютеру, учитель получает возможность наблюдать, фиксировать проявление таких качеств у учащихся, как осознание цели поиска, активное воспроизведение ранее изученных знаний, интерес к пополнению недостающих знаний из готовых источников, самостоятельный поиск. Это позволит учителю построить собственную деятельность по управлению учебным процессом и постепенно работать над развитием творческого отношения учащихся к учению. Однако, эффективность процесса обучения с использованием компьютерных технологий возможна только в том случае, если созданы необходимые для этого условия. Их отсутствие может привести к нежелательным последствиям в личностном развитии ребенка: отчуждению детей друг от друга, ограничению их подвижности, ухудшению зрения, утомляемости и т.д. [4].

Таким образом, компьютерная технология должна быть органично включена в целостный процесс обучения при изучении различных учебных дисциплин. Именно в этом случае компьютерные технологии смогут стать мощным фактором повышения эффективности обучения по всем учебным дисциплинам. Применяя компьютер на занятиях необходимо, чтобы использовались предметно-ориентированные программно-методические комплексы, соответствующие содержанию и логике изучения учебного предмета. Благодаря этому будет реализована дидактическая роль компьютера как инструмента познания.

Использование компьютерной техники и информационных технологий значительно повышает эффективность процесса обучения благодаря его индивидуализации, наличию обратной связи, расширению наглядности. То, что невозможно сделать при помощи традиционных технологий на уроках, позволяют во многом реализовать информационные технологии.

Во-первых, компьютер позволяет оптимизировать труд учителя. Он дает возможность упорядоченно хранить огромное количество материала и готовых разработок уроков. Во-вторых, имея компьютер, учитель получает неограниченные возможности в изготовлении раздаточных печатных материалов к каждому уроку с учетом целей и задач обучения и индивидуальных особенностей учащихся. В-третьих, компьютер позволяет использовать готовые электронные программные продукты. Это мультимедиа учебники, энциклопедии и справочники, галереи, тестовые программы и т.д.

В-четвертых, компьютер позволяет творческому учителю создавать свои образовательные ресурсы, то есть создавать собственные презентации [5].

Уже сегодня можно утверждать, что внедрение новых информационных технологий обучения способствует:

- индивидуализации учебно-воспитательного процесса с учетом уровня подготовленности, индивидуально-типологических особенностей усвоения материала, интересов и потребностей обучаемых;
- повышению познавательной, творческой активности учащихся, развитию большей самостоятельности, личностно-ориентированного и научно-поискового характера;
- стимулированию стремления учащихся к постоянному самообразованию, самосовершенствованию и готовности к самостоятельному переобучению;
- усилению межпредметных связей в обучении, комплексному изучению явлений и событий;
- развитию гибкости, мобильности учебного процесса, его постоянному и динамическому обновлению;
- изменению форм и методов организации вне учебной жизнедеятельности воспитанников и интересной организации их досуга [5].

Таким образом, внедрение информационных технологий в образовательный процесс – не просто требование времени, но и прекрасная возможность повышения эффективности обучения.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Послание Президента народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства»;
- 2 Кастельс М. Информационная эпоха: Экономика, общество и культуры / Пер. с англ., под ред. О. И. Шкаратана. – М. : ГУВШЭ, 2000. – 630 с.;
- 3 Студеникин М. Т. «Современные технологии преподавания истории в школе»;
- 4 Шевченко Н. статья «Интерактивные формы обучения как средство развития личности школьника»;
- 5 Аствацатуров Г. Технология конструирования мультимедийного урока / Г. Аствацатуров // Учитель истории. - 2002. – № 2. – 2–6 с.;

6 Бактыбаев Ж. Ш. Методика подготовки будущих учителей к формированию нравственных качеств учащихся на основе электронных культурологических программ [Текст] : автореферат дис. канд. пед. наук : 13.00.08 / Ж. Ш. Бактыбаев ; Каз. ун-т междунар. отношений и мировых языков. – Алматы, 2006. – 26 с. - Библиогр.;

7 Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании / - М.: Академия, 2007 г.; Дахин А. Н. Образовательные технологии: сущность, классификация, эффективность / А.Н. Дахин // Школьные технологии. – 2007. – № 2.;

8 Цифровые образовательные ресурсы в учебном образовательном процессе педагогического вуза и школы: Тезисы докладов I региональной научно-практической конференции. - Воронеж: ВГПУ, 2007. – 140с.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

ИГЛИКОВА Г. К.

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,

Дарынды балаларға арналған № 8 лицей - мектебі, Павлодар қ.

Ұлттық бірегейлікті сақтауда қанымызға сіңіп, тұрмысымызға айналған салт-дәстүрлердің маңызы жоғары екендігі баршамазға белгілі. Салт-дәстүр арқылы сіңірілетін рухани құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, сабақтасуы-мәңгілік ел болудың негізгі өзегі. Сол себепті де ұлттық бірегейлікті сақтау жолында дәстүр мен ғұрпымызды, мәдениетіміз бен әдебиетімізді жүйелі жаңғыртып байланыстыру керек. Әсіресе ақпарат пен сан түрлі мәдениет тоғысқан жаһандану заманында ұлттық код пен рухты бекем ұстаудың маңызы жоғары екендігі айтпаса да түсінікті. Сондықтан қазақ әдебиеті пәнін ұлттық құндылықтарға арнайы сабақтастырып, рухани мұрамызды түгендеп, жаңғыртып, озығын саралаудың өзектілігі жоғары.

Қазақ әдебиеті пәнінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған көркем шығармалардың маңызы зор. Олар оқушы бойында адамгершілік, адалдық қалыптастырып ұлтымыздың асыл мұрасын ардақтауға үйретеді.

Ұлттық құндылықтар - әрбір ұлттың жаны, тірегі. Ұлттық құндылығын сақтаған ел ғана толлыққанды ел бола алады. Балалардан жеткен асыл мұрамызды сақтап ардақтау-әрбіріміздің

міндетіміз. Сондықтан әрбір сабақта ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы зор. Оқушыға білім мен тәрбиені қатар беру-білім саласының басты нысаны. Ал осы тәрбие мен білімді ұлттық құндылықтарға негіздеу жаһанданудан аман алып қалатыны сөзсіз. Ал бұл орайда қазақ әдебиеті пәнінің орны ерекше. Өйткені қазақ әдебиеті арқылы оқушыларға ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған арнайы оқу мақсаттары бар. Осы оқу мақсаттарын басшылыққа ала отырып, әрбір тапсырманы ұлттық құндылықтарды білуге, үйретуге бағыттау арқылы оқушыларды Отансүйгіш азамат ретінде қалыптастыра аламыз.

Ұлттық құндылықтар аясында халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі және ұлы тұлғаларымыздың ел үшін сіңірген еңбектерін үйрету қазақ әдебиетінен таңдау курстарында да, негізгі сабақтарда да жүзеге асады. Әсіресе, таңдау курстарында ұлттық құндылықтарды насихаттау аса қажет. Сондықтан «Қазақ әдебиеті және ұлттық құндылықтар сабақтастығы» тақырыбында жазылған бұл бағдарламада халқымыздың ұлттық құндылығының негізгі көзі салт-дәстүр мен әдет-ғұрпына басымдық берілген. Себебі қазіргі жастар ұлттық салт-дәстүрлерімізден ажырап барады. Олар осы арқылы ұлттық құндылықтарымыздан ажырап, халқымыздың тағылымынан қол үзуде. Сондықтан бұл бағдарлама осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған.

Курстың ерекшелігі: оқушының өз-өзіне деген сенімділігін арттырады, өзін еркін ұстай білуге баулиды, оқушыларды шығармашылық жұмыстарға бағыттай отырып, ізденімпаздыққа үйретеді, салт-дәстүрімізді терең біле отырып, қазақ халқының ұлттық мінез-құлқын, қасиеттерін таниды. Ою – өрнектерін, зергерлік әшекей бұйымдарын, қолөнерін көре отырып, өз бойларындағы қабілеттерін аша білуге ықпал етеді.

«Мәңгілік Ел» идеясының философиялық мәдени астарын талдауда ерекше назар аударатын мәселе - ұлттық тәрбие. Тәрбие тал бесіктен басталады десек, ұлттық тәрбие отбасынан бастау алуы керек. Отбасылық тәрбие мәдениетті тұлғаларды қалыптастыруда басты мақсат ретінде ұстануы керек. Бұл жолдау үлкенді құрметтеу мен ата-ананы сыйлауды, ар, намыс, ұят сынды құндылықтарды жастар санасына сіндіруді басты идеологиялық ұстанымға айналдырудың маңызы зор. Қазақ болашағы тектілік пен кісілікті, бірлік пен татулықты, білім мен адамгершілікті ұштастыру негізінде жүруі тиіс. Отбасы мемлекет пен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуі қажет. Отбасы болашақ жастарды ұлттық құндылықтар

негізінде тәрбиелей отырып, олардың санасына патриоттық сезім ұялатуы тиіс.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған оқытудың әдіс тәсілдері білім алушыларға құбылыстардың себептерін толық ұғынуға, ережелер мен заңдылықтардың сырларын терең түсінуге, олардың ғылыми білімдегі орнын аңғаруға қолайлы жағдаяттар жасайды. Мұндай әдістер, әсіресе, табиғатынан тұйық, өз ойын тәптіштеп түсіндіруге баяндалған тақырып мазмұнынан шалағай, өздеріне сенімсіздеу, талданған мәселелерден, тиісті байлам, түйін жасауда жасқаншақтық байқататын оқушыларға пайдасы ұшан теңіз екеніне көзіміз жетті. Сабақ барысында шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға еркін ойлауға, байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділігі жоғарылайды, ұжымдық ойласу, ұжымдық тұжырымдар жасауға белсене атсалысады, ұжымдық қорытындыда өз үлесі бар екенін сезіп, қуаттана марқаяды, келесі мәселелер түйінін шешуге еркін араласады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді, сөйтіп өзін келесе мәселені талдауға дайындайды.

Заманауи әдіс-тәсілдер сабақ барысында шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға еркін ойлауға, байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділігі жоғарылайды, ұжымдық ойласу, ұжымдық тұжырымдар жасауға белсене атсалысады, ұжымдық қорытындыда өз үлесі бар екенін сезіп, қуаттана марқаяды, келесі мәселелер түйінін шешуге еркін араласады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді, сөйтіп өзін келесе мәселені талдауға дайындайды. Оқушы бұрын тек тындаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші

болады, ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады.

Курс жұмысының мақсаты:

√ қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарын, тұрмыс – салт дәстүрлерін, ата кәсіп, әлеуметтік-мәдени салт – дәстүрлерін үйрету;

√ оқушының ой-өрісін, сөйлеу тілін, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

√ өз бойларындағы қабілеттерін аша білуге ықпал жасау;

√ жас ұрпақты ұлттық салт - дәстүрімізді қадірлеуге, бағалай білуге тәрбиелеу;

√ жас ұрпақтың білім алу мәселелеріне кеңес беру және оларды ғылыми- зерттеу жұмыстарымен айналысуға тарту;

√ дарынды және талантты балаларды оқыту;

оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту.

Міндеттері:

√ ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың мәдени күзінеттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу;

√ оқушылардың мәдени күзінеттілігін қалыптастыруда ұлттық құндылықтарды пайдалану мүмкіндіктерін айқындау;

√ оқушылардың мәдени күзінеттілігін қалыптастыруда ұлттық құндылықтарды пайдалану әдістемесінің тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру.

Жалпы оқу үрдісінің сипаттамасы, әдістері, жұмыстың түрлері:

– сөздік жұмысы, анықтамаларды, сөз үйрету техникасын қолдану.

– тіл дамыту жұмыстары.

– пікірлесу, сұхбат алу, талқылау.

– слайд, презентация жасау.

– мәтін құрастыру, эссе жазу, баяндамалар т.б.

– ойындар, қойылым, көрініс көрсету

– мұражайларға экскурсия

– заманауи талапқа сай киіз үйдің макеттерін жасау, колөнер түрлерін жасап үйрену.

– зерттеу жұмыстарын жүргізу, жоба қорғау.

– Күтілетін нәтижелер және оларды тексеру әдістері:

– Оқушылар ұлттық құндылықтардың қаншалықты қымбат екендігін түсінеді;

– Халқымыздың ұлттық құндылықтарының молдығына көз жеткізеді;

- Халық даналығын бойға сіңіреді;
- Ұлттық құндылықтарды терең меңгереді;
- Функционалдық сауаттылықтары артады;
- Қосымша әдебиеттермен жұмыс жасауға дағдыланады;
- Тіл байлығы артады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 С. Қалиев, М. Оразаев, М. Смайылов. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, «Рауан», 1994ж.
- 2 Фабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, «Мектеп», 1987ж.
- 3 «Мәңгілік ел» идеясы - ұлттық идеология. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру
- 4 Салт-дәстүр сөйлейді «Отбасы хрестоматиясы» Құрастырғандар: Мұхит Төлеген, Әділбек Нәби, Асылтай Тасболат Алматы «Орхон» Баспа үйі 2017 ж
- 5 Дәстүрінді сақтай біл 1-2-3-кітапша Жинақ Алматы «Жазушы» баспасы 1992 ж

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ МОНИТОРИНГІ – САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ

ИДРИСОВА К. Ш.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Дарынды балаларға арналған № 8 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Білім сапасын тексеру – сол білім мазмұнының қоғам үшін қаншалықты қажеттілігі мен оның тәжірибелік әлеуетін сынау. Сондықтан да білім қай кезеңде де түрлі талаптар негізінде тексеріліп, болашақ мүмкіндіктері мен дамуы анықталып отырады. Осы ретте, қазіргі білім беру мазмұнын тексеруде бірнеше үлгілер бар. Солардың қатарына біз білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингін аламыз.

Жаңартылған білім мазмұны оқушылардың білім сапасын теориялық және тәжірибелік бағытта дамытуды басты талап етеді. Сол себептен де, білім алушылардың білім сапасы жан-жақты және толық басты белгіреімен анықталуын қамтамасыз ету керек. Қазіргі білім мазмұны оқушының шығармашылық дамуы мен адамшылық қасиеттерінің бірлікте үйлесуіне көңіл бөледі. Мектеп

бағдарламасындағы білімнің мазмұны жалпы адами және ұлттық құндылықтарды қамти отырып, оқушылардың толыққанды толыққанды дамуы мен әлеуетін ашуға бағытталады. Осы білім мазмұнының сипаттары бірнеше шарттар негізінде тексеріліп те отырады. Бұларға:

- білім мазмұнының бала жасы мен даму ерекшеліктеріне сай үйлесімділігі;
- қоғам дамуы мен жаңа ақпараттық технологиялар қарқынына ілесе алу деңгейі;
- оқушылардың қоғамдық ортадан өз қажеттеріне қарай білімді ала алу мүмкіндіктері;
- пәндер арасындағы сабақтастықтың нәтижелілігі;
- оқушылардың бір буындағы білім негіздерін игеру мүмкіндіктері мен шамаларын анықтау.

«Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады» [1, 7].

Мектеп оқушы үшін тек теориялық білім алу ордағы ғана емес, ол пәндерді оқыту мен білім, ғылым негіздерін танытушы ғана болмайды. Оқушылар мектептегі білімдері арқылы:

- шығармашылық дағдыларын;
- зерттеушілік қабілеттері мен ынталарын;
- эмоционалдық сезімдері мен көңіл күйлерін;
- көркем-эстетикалық талғамдарын;
- адамгершілік қасиеттерін де қалыптастыратын орта болуы

шарт. Осы шарттардың орындалуы әр буында қалай жүзеге асырылуы керек, болмаса, осы құндылықтар мен дағдылар қазіргі оқушылар бойында қаншалықты орын алып, өз жетістіктерін көрсете бастады немесе білім мазмұны мен оның әдістемесі, теориясында нендей кемшіліктер бар екендігін анықтау үшін оқушылар біліміне тексеру жүргізіледі.

Бұл тексеруді – білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингі деп атайды. Бұл мониторинг оқушылардың білімдерін бірнеше деңгей бойынша анықтайды.

1. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен әр буындағы білімді игеру деңгейлері.

2. Оқушылардың білім мазмұнын тәжірибемен байланыста алу қабілеттері.

3. Оқушылардың жаратылыстану пәндері бойынша білім деңгейлері.

Осы шарттар оқушылардың білім деңгейін:

- 1-4 сынып бойынша бір мониторингке;

- 5-9- сыныптар бойынша бір мониторингке біріктіреді.

Мектеп жұмысында оқушылардың білім жетістіктерінің мониторингісі белгілі бір буындағы білім деңгейлерін қамтиды. Осы кезеңде оқушылар үшін білім мазмұны мен дағды, құндылықтарға нелер алынды, оларды оқушы қалай меңгерді деген мәселелер тексеріледі. Ал мониторингке дайындық жұмыстары осы аралықтағы тұтас кешенді жұмыс түрлерін толық сабақтастыра алады.

Оқушылардың білім мониторингісі: «4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында БЖМ МЖБС талаптарына сәйкес жалпы білім беретін пәндерді және (немесе) кәсіптік модульдерді немесе жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді меңгеру нәтижелерін анықтау мақсатында жүзеге асырылады.

5. Қағидалар меншік нысанына, ведомстволық бағыныстылығына, түріне қарамастан, орта (бастауыш, негізгі орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына қолданылады» [2].

«Оқушылардың оқу жетістігін бағалау жүйесі халықтың функционалдық сауаттылығын дамытуға әсер ететін бірден-бір жетекші фактор болып табылады. Бағалау оқу үдерісіне қатысты тек бақылаушы элемент қана болмай оқытудың маңызды бөлігі болатындай дәрежеге ауысты. Халықаралық мектептердегі бағалау моделіне жүргізілген қысқаша шолу мектептегі бағалауды түсінуде және оны жүзеге асырудың жолдарының ұқсастығы мен айырмашылығын анықтауға мүмкіндік берді. Әрине, бағалаудың дәстүрлі жүйесі халықаралық тәжірибені есепке ала отырып, білім беруді реконцептуализациялауды және мұқият қайта ойластыруды талап етеді» [3, 8].

Оқушылардың білім жетістіктерін бағалаудағы басты материалдар тобына келесі үлгіні алуға болады.

1. Білім алушылардың білім жетістіктерін бағалаудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі.

2. Ақпараттық жағынан қамтамасыз етілуі.

3. Кадрлық қамтамасыз етілуі.

Білім жетістіктерін мониторингілеу үшін оқушылар бірнеше пәндерден тес емтихандарын тапсырады. Білім алушылар үшін оқу жылы соңында бір буындағы білім мазмұнын меңгеру деңгейі келесі пәндер негізінде тексеріледі.

1. Оқу сауаттылығы – 30 тест тапсырмасынан тұрады. Соның ішінде қазақ, орыс және шет тілінен оқу сауаттылығына арналған тест тапсырмалары беріледі.

2. Математикалық сауаттылықтан – 13 тест тапсырмасы ұсынылады.

3. Жаратылыстану пәндерінің әрбірінен 8-ден сұрақтар барлығы – 32 тест сұрағы болады. Жаратылыстану пәндеріне: химия, биология, физика, география кіреді.

Білім алушылар тест тапсырмаларын арнайы бекітілген бағдарлама кабинеттерінде тапсырады. Олардың әрқайсысының жеке парақшалары мен сол парақшадағы жұмыс үстелі болады. Бұл қазіргі ақпараттық технологияны оқушының білім алу үшін ғана емес, білім деңгейін көрсету мен бағалау үшін пайдалана алуына, төселуіне көмектеседі.

Білім саласына мониторинг жасау – оның сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау. Осы ретте, бұл ағымдағы жағдайды әр қырынан бағалауға мүмкіндік береді. Білім алушылардың білім жетістіктерін бағалауды тек оқушының мектепте алған білімінің деңгейі деп қарастымау керек.

1. Бағадарламалардың тиімділік деңгейі.

2. Адами және ақпараттық-технологиялық мүмкіндігінің дәрежесі.

3. Қаржылық және мектеп білім саласын қамтитын өзге қорлардың да деңгейі деп алу қажет.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 9 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізгі бөлігі болып табылады. Қазіргі білім мен ғылымның дамыған заманда білім беру жүйесінде «Функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру ең өзекті мәселеге айналып отыр. «Функционалды сауаттылық» оқушының мектептегі алған орта білімінің күнделікті өмірінде және болашақтағы көп қырлы қызметінде кездесетін тұрмыстық қоғамдық, әлеуметтік экономикалық проблемаларды шешуде табысты қолдана алуын қамтамасыз етеді.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз адамдардың сыртқы ортамен, әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, қарым-қатынасқа кіру қабілеттілігі, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, ілесіп отыруы, өз білімін үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Тұлғаның оқу, ұғыну, қысқа мәтіндерді жасау және жеңіл арифметикалық амалдарды орындаудағы қарапайым сауаттылығына қарағанда, жеке тұлғалық сауаттылықтың айырмашылығы тұлғаның нақты мәдени ортада тіршілік ету үшін біліктілік, икемділік пен дағдылар, яғни функционалдық сауаттылық болып табылады.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың психологиялық негіздері.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – олардың психологиялық қырынан даму мәселесін де қарастыруды қажет етеді. Оқушының дамуы

дегеніміз – оның өмірлік күш-қуаты мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы. Сондықтан сол дамытатын қабілеттерді және олардың оқу-танымдық процестегі қызметі ерекше қажет. Ал оқушыны белгілі бір психикалық алғышарттарға ие болып келетін, танып-білу мүмкіншіліктері мол жеке тұлға деп қарастыру – теориялық ұғым жасаушы субъектінің болмысын анықтау болып табылады. Психологияда баланың дамуы туралы екі түрлі бағыттағы көзқарас бар: бірі – баланың дамуын жеделдетуге болады деген болса, екіншісі – баланың дамуын табиғи күйінде қалдыру керек, тіпті мүмкін болса, тежеңкіреу керек. Өйткені қоғам баланы ертерек есейтуге әрдайым бейім тұратындықтан, оның өмірлік күшінің толық пісіп-жетілмеуі мүмкін. Ол үшін кез келген тілдік оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Мұндай сөйлеу тілдік жағдаяттары арқылы оқушылар қазақ тілін саналы түрде меңгере алады.

Тілдің саналы түрде игерілуі баланың танымдық қабілеті мен таным күштерінің бірігуі арқылы іске асып отырады. Баланың дамуға бейім таным күштерін байқаған мұғалім арнайы жұмыс арқылы оны ұштай түсуі тиіс. Мұғалім оқушының қазақ тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жөн. Осы кезеңдегі оқушының қабылдауы, зейіні, қиялдауы туралы мәліметтер алуы қиын болғанымен, ес пен жады, сөйлеу мен ойлау сияқты таным процестерін тану мүмкіндіктері мол.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы оқушылардың тілдің кумулятивтік қызметін меңгеруі арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады.

Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану керек. Бұл ретте оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту формалары, оқушының білімін тексеру мен бағалаудың жаңа формалары, жаңа оқыту технологиялары, білім мазмұнын

сұрыптаудағы жаңашыл әдістер т.б. мәселелер аса өзекті болып табылады.

Қазақ тілін функционалдық бағытта оқытуда дәстүрлі дидактикалық және қазақ тілін оқыту ұстанымдарының жүйесі қатарында мынадай педагогикалық ұстанымдар басшылыққа алынғаны дұрыс деп санаймыз: когнитивтік ұстаным, креативтік ұстаным, рефлексивтік ұстаным. Көрсетілген ұстанымдардың оқушының ой операцияларының логикалық-сабақтастық желісін құрап, ауызекі сөйлеу мен жазу сауаттылығын қалыптастырып, дамытуда орны ерекше екендігін соңғы жылдардағы көптеген педагогикалық зерттеулер мен еңбектерде дәлелденіп келеді.

Қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік грамматикасы – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың негізі.

Қазақ тілі жүйесінен білім алу, қазақша тіл мәдениетін қалыптастыру, қазақша тіл және сөйлеу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту арқылы қазақша тілдік тұлға қалыптастыру қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың басты мақсаты болып танылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгертілуі басты орында болуы керек. Қазіргі қазақ мектептеріндегі қазақ тілі әлі де болса, формалдық грамматика логикасы негізінде оқытылып келеді. Оның салдары – меңгертілетін таза грамматикалық ережелер мен сабақта, сабақтан тыс орындалатын жаттығулардағы тілдік талдаулардың оқушылардың күнделікті өмірінде қажетін атқара алмауына әкеліп отыр. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік бағдарда оқытуда «тілден – тілдік форма мен тілдің функциясына» және «тілдің функциясынан тілге» қарай жүру логикасы ұсталынады. Тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің қызметі – өзінен жоғары тұрған тіл бірлігін құруға қатысуы, сөйтіп адам сөйлеуінде барлық тіл бірліктерінің қызметінің көрініс табуы тілдің функционалдық ерекшелігі болып табылады. Осы ретте Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы» мен Құдайберген Жұбановтың «5-класқа арналған қазақ тілі грамматикасы» оқулығындағы тілдің кіші бірліктерінің кірпіш ретінде сипатталып, ең кіші кірпіш дыбыс делініп, одан бұрын, олардан сөз құралатыны айтылуы қазақ функционалдық грамматикасының бастау көздерінің қалыптасуы екенін көреміз.

Қазақ тілінің коммуникативтік қызметі дегенде, жай сөйлемнің, құрмалас сөйлемнің, мәтіннің адам ойын білдірудегі құрылымдық-жүйелік, мағыналық ерекшеліктері басты назарда болуы туралы айтылып отырғаны белгілі. Сөйлемнің коммуникативтік типі дегеніміз – коммуникациялық актідегі сөйлем шегіндегі айтылымның функционалдық қолданыс мақсатын анықтайтын категория. Сөйлемнің ең басты қызметі де, белгісі де — коммуникация бірлігі ретіндегі болмысы. Сондықтан да сөйлемнің басты жіктемесі дәстүрлі тіл білімінде «коммуникацияның мақсаты» леп аталатын коммуникативтік ұстанымға негізделеді. Бұл ретте қазақ тілін қазақ мектебінде оқытудағы және қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы құзыреттердің басым орны танылады.

Қазақ тілі жүйесінің барлық ішкі элементтері мен категорияларының қызметі, түптеп келгенде, қазақ тіліндегі мәтінді құруға бағытталады, соған арналады. Қазақ тілінің иегері болып табылатын әрбір адамның танымдық үдерісін санасына тіл арқылы таңбалауы, ішкі сезімін тіл көмегімен сыртқа шығаруы, басқа адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсуі – қазақ тілі жүйесіндегі кішісінен бастап ең ірісіне дейінгі элементтердің түрлі грамматикалық байланыстарға түсуі арқылы сөйлеуші адамды «коммуникантқа» айналдыру қызметі деп түсініледі. Қазақша сөйлеуші адамның толыққанды коммуникантқа айналуы үшін оның тек сөздің тура мағынасын біліп қоюы, сол тура мағынадағы сөздерді ғана грамматикалық байланыстар мен қатынастар арқылы сөйлем етіп құра алуы тым жеткіліксіз. Бұл мәселе тек қазақ тілін үйренуші өзгетілді адамдарға ғана байланысты деп ойламауымыз керек.

Қазақ тілі сабақтарының тиімділігін арттырып, оқушылардың алған білімінің сапалы болуына не ықпал ете алады? Қазақ тілі сабақтарының тиімділігі, ең алдымен, оқушылардың іші пыспайтын, оқу іс-әрекеттеріне толы, нәтижесі жоғары деңгейде болу белгілерімен танылады. Ол үшін мұғалім сабаққа даярлығын тиімділікті арттыру мақсатында құруы керек. Сөз жоқ, мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен білімінің жан-жақтылығы, деңгейі жоғары болуы бұл ретте үлкен орын алады.

Қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Мұндай сөйлеу тілдік жағдаяттары арқылы оқушылар қазақ тілін саналы түрде меңгере алады. Мұғалім оқушының қазақ тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық

қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жөн. Әрине, даму барысы оның физиологиялық даму мүмкіндіктерімен үйлесе келуін де қажет етеді. Мұғалім оқу-танымдық процестің жетекшісі мен ұйымдастырушысы ретінде оқушының биологиялық және әлеуметтік дамуын үйлестіріп отыруды баса назарда ұстайды. Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы оқушылардың тілдің кумулятивтік қызметін меңгеруі арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады.

Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану керек. Бұл ретте оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту формалары, оқушының білімін тексеру мен бағалаудың жаңа формалары, жаңа оқыту технологиялары, білім мазмұнын сұрыптаудағы жаңашыл әдістер т.б. мәселелер аса өзекті болып табылады.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың сауаттылығын қалыптастыра отырып, тіл үйрену белсенділігін арттыру үшін интернет-технологияны қазақ тілін оқыту әдістемесінің орнықты бір компонентіне айналдыру керек. Мұндай істің бүгін үшін де, болашақ үшін де маңызы зор. Интернет-технологияны енгізудің қаншалықты маңызды екендігін соңғы 5–7 жылда барлық білім алушылар да, білім берушілер де анық түсінді деп айтуға болады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгертілуі басты орында болуы керек. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік бағдарда оқытуда «тілден – тілдік форма мен тілдің функциясына» және «тілдің функциясынан тілге» қарай жүру логикасы ұсталынады. Тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің қызметі – өзінен жоғары тұрған тіл бірлігін құруға қатысуы, сөйтіп адам сөйлеуінде барлық тіл бірліктерінің қызметінің көрініс табуы тілдің функционалдық ерекшелігі болып табылады. Сондай-ақ, оқушылар функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті мәтіннің қолдану жағдайы немесе мақсаттары аспектісін үйренеді, мәтінді толық түсінгенін дәлелдейтін машықтары дамытылады.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтің сабақ өту шеберлігі,

яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.

2 Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы: Атамұра, 1982. – 204 б.

3 Құрман Н., Есенова Г. Қазақ тілінен коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері. — Ақтөбе, 2010. – 144 б.

4 Құрман Н. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. – Астана: Таным, 2008. – 162 б.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

САРСЕНОВА А. Т.
Биология пәнінің мұғалімі,
2 Ертiс ЖОББМ, Ертiс ауданы

Мақалада білім берудегі инновациялық технологиялардың мәселелері ашылады. Білім берудегі Инновация-өзекті проблемалық жағдайды шешуге арналған инновация (оқу процесін оңтайландыруды қамтамасыз ету, білім беру сапасын арттыру немесе материалды игерудің қолайлы жағдайларын ұйымдастыру мақсатында), бір немесе бірнеше тармақтардағы елеулі өзгерістер: білім беру мазмұны, оқыту әдістері, оқыту сапасын бақылау нысандары. Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар мұғалімнің кәсіби қызметінде маңызды орын алады. Мұғалімдердің жұмысында АКТ құралдарын қолдану қажеттілігі оқушылардың жас

ерекшеліктеріне, атап айтқанда оқу материалын, процестер мен құбылыстарды көрнекі көрсету қажеттілігіне байланысты.

Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар адамның өміріне тереңірек еніп келеді, сондықтан ақпараттық құзыреттілікті күшейтуге мән беріп, сол арқылы білім деңгейін анықтауды жолға қою керек. Бастауыш мектептен бастап ақпараттық мәдениетті дамыту қажет, Мектеп- білім берудің негізі, мектепте алынған білім-білік өмір бойғы қажеттілігіне жарап, заманына қарай жан жақты дамыған азамат боп қалыптасуына, қоғамға үлес қосуына әсер етеді. Инновациялық технологияларды енгізу ел тағдыры үшін жауапкершілік сезімі дамыған, заманауи білімді, адамгершілік, белсенді адамды қалыптастыруға бағытталған, мұғалімдердің жұмысы оқыту сапасын жақсартуға, білімнің қолжетімділігін арттыруға, ақпараттық кеңістікте бағдарланған оқушының жеке басының үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолдану оны модернизациялауға ғана емес, сонымен қатар тиімділікті арттыруға, оқушыларды ынталандыруға және әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін саралауға мүмкіндік береді [1, 23 б.].

Инновация (ағылш. Innovation-инновация) - оқыту, білім беру және ғылым саласында жаңа нысандарды, тәсілдер мен дағдыларды енгізу. Негізінде, кез-келген әлеуметтік-экономикалық инновацияны әлі де кеңінен таратылғанға дейін инновация деп санауға болады.

Білім берудегі инновация-бұл өзекті проблемалық жағдайды шешуге арналған жаңалық (оқу процесін оңтайландыруды қамтамасыз ету, білім беру сапасын арттыру немесе материалды игерудің қолайлы жағдайларын ұйымдастыру мақсатында), бір немесе бірнеше тармақтардағы елеулі өзгерістер: білім беру мазмұны, оқыту әдістері, сабақтарды дайындау және оларды өткізу, оқыту сапасын бақылау нысандары [2, 36 б.].

Ақпараттық технологиялар мұғалімнің кәсіби қызметінде өте маңызды орын алады. Мұғалімдердің жұмысында ақпараттық технологиялар құралдарын қолдану қажеттілігі оқушылардың жас ерекшеліктеріне, атап айтқанда оқу материалын, сабақты барынша көрнекі көрсету қажеттілігіне байланысты. Оқу процесіне ақпараттық технологияларды енгізу әртүрлі ақпараттық құралдарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді және оқыту мазмұнын байытуға ықпал етеді, логикалық және ізденушілік сипат береді, сонымен қатар оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру, олардың

шығармашылық қабілеттерін дамыту, психикалық белсенділікті ынталандыру жолдары мен құралдарын табу мәселелерін шешеді. Ақпараттық-технологиялық құралдарды қолдануда оқушы өзі білімді іздеуші, жинақтаушы, қажетіне жаратушы болып табылады, Мұғалім көбінесе белсенділікке бастап, бастамашылықты ұйымдастырып, білім беру жүйесін дамытудың инновациялық тенденцияларын ынталандыратын көмекші рөлін атқарады. Ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқыту оқушыларға белгілі бір білім мөлшерін жеткізу ғана емес, сонымен қатар балалардың танымдық қызығушылықтарын, іске шығармашылық көзқарасын, білім мен дағдыларды өз бетінше «өндіруге» және байытуға деген ұмтылысын дамыту болып табылады. Мұғалімдердің ақпараттық технологияларды қолдану тәжірибесі келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді: сабақтарда ақпараттық технологияларды қолдану дәстүрлі технологиялармен салыстырғанда келесі артықшылықтарға ие.

1. Оқу материалының заманауилығы және өзектілігі.
2. Қосымша және ілеспе материалдың көмегі.
3. Эстетикаға үйрету және көрнекі болуы.
4. Оқушының жеке әрекет жасауы үшін материалды басып шығару мүмкіндігі.
5. Тақырыпты тұтас көру, жанөжақты қамту арқылы ілгерінді оқу мүмкіндігі.
6. Ойын немесе практикалық әрекеттер арқылы оқыту.
7. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Мұғалімнің қызметін неғұрлым нақты ұйымдастыру. Осылайша, ақпараттық технологияларды қолдану сабақтың барлық кезеңдерінде оқушылардың білімі мен дағдыларының сапасын арттыруға ықпал етеді [3, 45-54 б.].

Білім беру ерекшелігі әртүрлі технологияларды қолдануға ерекше талаптар қояды, өйткені оқушымен тікелей қарым-қатынасқа түседі, оны технологиялық білім беру операцияларымен, өнеркәсіптік өндіріспен салыстыруға болмайды. Білім беру қызметін технологияландырумен қатар, оны ізгілендіру процесі сөзсіз болуы керек. Оқушының әр ісі танымының көрінісі, түйсігінің, адамдық, азаматтық қалыбы болып табылады. Білім берудегі инновациялар тек оқушының тұлға боп қалыптасуына қызмет жасау керек. Біздің елімізде де, шетелде де білім беру жүйесінде болып жатқан инновациялық жаңалықтар білім берудің идеологиясы мен әдіснамасының қалыптасуына алып

келеді. Оқытудың инновациялық технологиялары жаңа білім беру парадигмасын жүзеге асыруға болатын құрал ретінде қарастырылуы керек [3, 67-69 б.].

Инновациялық қызметтің мақсаты-дәстүрлі жүйемен салыстырғанда оқушының жеке басын сапалы өзгерту. Адамның адамгершілік тұрғыда өзін-өзі жетілдіруге бағытталған, өйткені адам сонысымен қоғамдағы барлық қолданыстағы тәжірибелердің түрленуін қамтамасыз ете алады. Іс-әрекеттерді ынталандыру, алынған ақпаратты өз бетінше бағдарлау, шығармашылық ойлауды қалыптастыру, ғылымды өмірде пайдалану мен практиканың жаңа жетістіктерін пайдалана отырып, олардың табиғи қабілеттерін барынша ашу есебінен балаларды дамыту-инновациялық қызметтің негізгі мақсаты.

Жаһандық ақпараттық қоғамға көшу жолында білімнің қалыптасуын ескере отырып, білім берудің қазіргі және болашақтың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктеріне сәйкестігін ескерген жөн. Бұл техникамен жабдықтау немесе сабақ барысында жаңа әдіс тәсілдерді енгізу ғана емес, сонымен қатар кадрларды даярлау, сабақтың мазмұны мен қолданылған технологиялары ғылыми зерттеулерге негізделгені дұрыс. Елдің зияткерлік әлеуетін жаңғыртатын білім беру ошақтары озық дамуға, қоғамның, нақты тұлғаның және әлеуетті жұмыс берушінің мүдделеріне жауап беруге қабілетті болуы тиіс. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану ақпаратты іздеу және беру процесін едәуір жеделдетуге, ақыл-ой әрекетінің сипатын өзгертуге, адам еңбегін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Білім беру қызметіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және дамыту деңгейі кез-келген компанияның жетістігін анықтайды. [2, 76 б.].

Дәстүрлі білім беруде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқушылардың оқу процесін олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып ажыратуға мүмкіндік береді, шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімге оқу ақпаратын ұсыну тәсілдерінің сан түрін кеңейтуге мүмкіндік береді, оқу процесін икемді басқаруға мүмкіндік береді. Бұл - сондықмен әлеуметтік маңызды және өзекті болып табылады. Ақпараттық технологиялар оқытудың қосымша құралы емес, оның тиімділігін едәуір арттыратын және мектеп жасындағы балалардың интеллектуалды, эмоционалды және жеке салаларын жан-жақты дамытуға барынша ықпал ететін тұтас білім беру процесінің ажырамас бөлігі болуы

керек. Осылайша, білім қазірдің өзінде инновация болып табылады. Осы технологияларды инновациялық оқытуда қолдана отырып, мұғалім процесті толық, қызықты, бай етеді. Жаратылыстану ғылымдарының пәндік салаларының қиылысында мұндай интеграция қажет

Мен іс жүзінде қолданатын танымдық ойындардың кейбір мысалдарын келтіріп өтейін:

а) «Эстафета» - сынып бірнеше командаларға бөлінеді. Топ мүшелері бірінің артынан бірі отырады. Бірінші үстелге қағаз парағы қойылады және тапсырма беріледі, мысалы, қағаз парағына Омыртқалы жануарлар тұқымдасының бір белгісін (немесе кез-келген басқа) жазып, оны артқы жағында отырған адамға беру. Соңғы ойыншы аяқталғаннан кейін ол қолын көтереді. Тапсырманың дұрыстығы мен жылдамдығы бағаланады, ең жылдам болып шыққан команда жазған белгілер оқылады. Басқа командалар аталған белгілерді парақтарынан алып тастайды. Жеңімпаздар дұрыс белгілері жоқ және басқалардан бұрын ойынды аяқтағандар.

ә) «Артық» - тақтада белгілі бір белгілер бойынша топтастырылған организмдердің немесе жабайы табиғат құбылыстарының атаулары жазылған. Бір атау артық, сіз бұл жазбаны анықтауыңыз керек. Мысалы, 1-дуадақ, 2-үкі, 3-стрепет (косымша 2-үкі отряды, 1,3-дуадақ отряды)

б) «Жалға» - бір тақырыпқа қатысты сөздер тізбегі берілген, бірақ оған қосу керек бірнеше ұғымдар жетіспейді.

в) «Тізбек» - «азық-түлік байланыстары» тақырыбын зерттеу кезінде қолдануға жақсы. Бір ойыншы фотосинтезге қабілетті ағзаны атайды, екінші ойыншы алдыңғысымен қоректенетін ағзаны атайды (шөпқоректі), келесісі деп атайды жыртқыш организм және т.б. тізбектің келесі мүшесін атай алмайтын адам айыппұл ұпайын алады және ойынды қайтадан бастайды. Ең аз айыппұл ұпайларын жинаған адам жеңеді.

д) «Фоторобот» - оқушылар тобы-бұл полиция бөлімі. Жетекші ойындар жоғалған өсімдікті (ботаниканы зерттеу кезінде) немесе жануарды (зоологияны зерттеу кезінде) табу үшін полиция бөліміне көмек сұрайды. Сыртқы құрылымның немесе физиологияның ерекшеліктерін ескере отырып, объектіні сипаттау немесе оның фотороботын жасау қажет.

Осылайша көптеген мысалдар келтіріп, оны АКТ бойынша жасатып, сабақты түрлендіре беруге болады. Білім беруде әлеуметтік инновациялардың негізін білім беруді жаңғырту және

ақпараттандыру құрайды. Білім беруді жаңғыртудың негізгі мақсаты білім беру жүйесінің орнықты даму тетігін құру, оның ХХІ ғасырдың сын-тегеуріндеріне, ел дамуының әлеуметтік және экономикалық қажеттіліктеріне, жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің сұраныстарына сәйкестігін қамтамасыз ету болып табылады [4, 24 б.]. Қазақстандық білім беруді жаңғырту-бұл мамандықтардың, білім беру деңгейлерінің, оқу орындарының және ақпараттық-білім беру ресурстарының кең ауқымы бойынша оқушылардың білім беру қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға бағытталған бүкіл білім беру жүйесін қайта құрудың инновациялық процесі. Бұл ретте білім беру оқушының орналасқан жеріне, сондай-ақ білім беру ресурсына немесе оған қажетті қызметке қарамастан, ең заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, күтілетін нәтиже беруі тиіс. Модернизацияның нәтижесі жаңа жетістікке жету болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бөрібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Алматы: 2014. – 360 б.
- 2 Құрманалина Ш., Мұқанова Б., Ғалымова Ә., Ильясова Р. Педагогика. Астана: Фолиант, 2020. – 656 б.
- 3 Абасов З. Инновации в образовании и синергетика // Almatmater. 2017. № 4.
- 4 Алексеева Л. Н. Инновационные технологии как ресурс эксперимента/ Л. Н. Алексеева// Учитель. - 2004. - № 3. - С. 78.
- 5 Бексултанова З. М. Использование произведений русской литературы на уроках биологии в целях повышения познавательного интереса учащихся/З. М. Бексултанова, Л. Л. Джамалдаева, Р. А. Гакаев//Инновационные педагогические технологии: материалы II междунар. науч. конф. (г. Казань, май 2015 г.). -Казань: Бук, 2015.

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫХ ШКОЛ С СОКРАЩЕННОЙ УЧЕБНОЙ НАГРУЗКОЙ

СЕЙСОВА А. Б.

Докторант PhD, Павлодарский педагогический университет

имени Әлкей Марғұлана, г. Павлодар

ХАМЗИНА Ш. Ш.

к.п.н., профессор, Павлодарский педагогический университет

имени Әлкей Марғұлана, г. Павлодар

Совершенствование системы образования является одним из важнейших приоритетов долгосрочной Стратегии «Казахстан–2030». Главной целью процессов реформирования и модернизаций является адаптация системы образования к новым, быстро изменяющимся социально-экономическим условиям и интеграция Казахстана в мировое образовательное пространство. Президентом Республики Казахстан была поставлена задача о вхождении республики в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных стран мира. Совершенствование системы образования играет важную роль в достижении этой цели [1].

Результаты международных сопоставительных исследований свидетельствуют о том, что в школе сохраняется большой разрыв в качестве образования. Так, Казахстан четырежды принимал участие в международной программе ОЭСР по оценке 15-летних обучающихся PISA (2009, 2012, 2015, 2018) и в международном исследовании IEA оценки качества школьного образования TIMSS по читательской, естественнонаучной и математической грамотности (2007, 2011, 2015, 2019). Итоги исследования выявили существенный разрыв в успеваемости по регионам, территориям (город-село), учебным организациям, языку обучения и социально-экономическому статусу семьи. Так, в разрезе регионов разница между самым низким и высоким показателями PISA соответствует 3 годам обучения. Сложившаяся ситуация недопустима для унитарного государства [2].

Функциональная грамотность на сегодняшний день одна из главных тем в сфере образования. Современный мир с появлением новых технологий, профессий, сфер экономики, а также с социально-психологическими изменениями самого человека стал сегодня гораздо сложнее, чем раньше. Эти сложности требуют особого подхода в воспитательном процессе и педагогике: это связано с тем,

что окружающий мир больше не аналогово-текстологический, ему на смену пришел визуально-цифровой – и это требует расширения и переосмысления понятия «функциональная грамотность». Само понятие было впервые употреблено на Всемирном конгрессе министров просвещения в 1965 году, и тогда под функциональной грамотностью подразумевалась «совокупность умений читать и писать для использования в повседневной жизни и решения житейских проблем» [3].

Однако революция в науке и технике внесла свои коррективы в развитие и функциональной грамотности, и самого понятия о ней. Многие ученые приводят все новые и новые формулировки, стараясь наиболее полно описать функциональную грамотность современного человека. «Функционально грамотный человек – это человек, который способен использовать все постоянно приобретаемые в течение жизни знания, умения и навыки для решения максимально широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений». Алексей Алексеевич Леонтьев, академик РАО. Актуальность функциональной грамотности в современном мире и роль читательских способностей как никогда занимают лидирующие позиции образования. Так как функциональная грамотность сегодня это базовое образование личности. Современному ребенку необходимо сегодня обладать: 1) готовностью успешно взаимодействовать с изменяющимся окружающим миром; 2) возможностью решать различные (в том числе нестандартные) учебные и жизненные задачи; 3) способностью строить социальные отношения; 4) совокупностью рефлексивных умений, обеспечивающих оценку своей грамотности и стремление к дальнейшему образованию.

На современном этапе развития общества все очевиднее становится роль естественнонаучного образования для решения глобальных проблем человечества и реализации концепции устойчивого развития. Не случайно в различных странах мира столь пристальное внимание уделяется совершенствованию системы естественнонаучного образования, в том числе и химического. Развитие системы образования при этом предполагает ее открытость и вариативность, многообразие форм и методов организации учебной работы, т.е. дифференциацию обучения. Фактически речь идет об использовании подхода, позволяющего с одной стороны предоставить каждому учащемуся уровень знаний, достаточный

для достижения функциональной грамотности, позволяющий реализовать свои образовательные потребности с учетом направления дальнейшего обучения [4].

Химия, являясь естественнонаучным предметом, обладает громадным потенциалом обучения и развития. Без знания и понимания химической формы движения материи невозможно представить себе современную научную картину мира, так как окружающий нас мир – это, прежде всего, мир веществ, постоянно претерпевающих изменения, являющихся основой живой и неживой природы. При этом важно и то, что специфика языка, объектов и законов химии создает условия для включения обучаемых в деятельность по работе с информацией на разных уровнях ее использования и для решения разнообразных познавательных и практических задач. Не вызывает сомнения, что изучение химии на разных этапах образовательного процесса должно преследовать разные цели, осуществляться разными методами и приводить в итоге к разным результатам [5]. В специализированной школе для одаренных детей с музыкальным направлением ученики обучаются по программе с сокращенной нагрузкой по общеобразовательным предметам, химия и биология в том числе. Поэтому особо актуально считается внедрение педагогических технологий на уроках химии и биологии с целью повышения сформированности уровня функциональной грамотности учащихся. На данный момент существует большое количество новых современных педагогических технологий, однако считаем, что к каждой науке и предмету необходим особый подход к выбору применения таковых в учебном процессе.

Одним из эффективных методов обучения на уроках химии с целью формирования функциональной грамотности является применение на разных этапах уроков комплексов подобранных заданий на развитие функциональной грамотности. Все задания имеют различные способы выполнения, они не однообразны, чтобы учащиеся всегда проявляли интерес. Приводим пример ситуационных задач на формирование читательской и естественнонаучной грамотности у учащихся 8 классов:

Ситуация № 1.

Класс не проветривался в течение 6 уроков. Спустя вышесказанное время у учеников упала работоспособность в сравнении с 1 и 2 уроками. Некоторые жаловались на головную боль

и недомогание. С чем это связано? Найдите возможные причины сложившейся ситуации.

Примерным ответом учеников 8 класса может быть следующим: исходя из того, что класс не проветривался в течение 6 уроков, не было притока кислорода, углекислый газ, выдыхаемый учениками накапливался в течение всего учебного процесса. В связи с этим у учеников понизилась работоспособность. Недостаток кислорода и избыток углекислого газа стали причиной головной боли учащихся.

Ситуация № 2.

Вова дома решил провести опыт. Он взял гранулы цинка и соляную кислоту. Получившиеся газ собрал в пустую жестяную банку, к которой поднес лучинку. Раздался ... Допишите уравнение реакции, которые произошли у Вовы. Какие правила были нарушены?

Ответом на данную ситуацию будет таковым, что раздался взрыв. Это связано с выделением водорода, который был собран Вовой в емкость, и поднесения к нему огня. Первое: Вова нарушил правила техники безопасности. Второе: эксперименты необходимо проводить исключительно в лаборатории и с обязательным присутствием специалиста.

Ситуация № 3.

Катя играла во дворе в футбол. В ходе последних минут игры она упала, поранив ногу. По приходу домой девочка взяла перекись водорода и обработала ранку. Зачем она это сделала, что произошло в ходе этой процедуры? Напишите уравнение химической реакции.

Данная процедура необходима для обеззараживания нарушения атомической целостности покровных тканей. В ходе данной процедуры перекись водорода, под действием фермента (каталазы) разложилась до воды и кислорода.

Ситуация № 4.

В подводных лодках, в специальных контейнерах находится вещество, (пероксид натрия) которое решает две проблемы. Но в связи с халатностью работников пероксид натрия заменили на оксид. Подводники чувствовали недомогание. С чем это связано? Напишите уравнение реакции.

Как известно, пероксид натрия – универсальное вещество. Оно решает сразу две проблемы, а именно: связывание углекислого газа и выделение кислорода. Но так как пероксид натрия был заменен другим веществом, углекислый газ связывался, но

кислород не выделялся. Поэтому подводники чувствовали себя неудовлетворительно.

Приведенные задачи корректно применять на этапе повторения учебного материала в начале урока, либо на этапе закрепления изучения новой темы. Целесообразно не загружать большим количеством заданий на развитие функциональной грамотности, однако на наш взгляд необходимо систематическое применение различных подобранных и разработанных заданий на развитие читательской, математической и естественнонаучной грамотности у учащихся.

На данный момент применяемая нами методика с целью повышения формирования функциональной грамотности проходит апробацию в 8–9 классах с русским и казахским языками обучения. Планируется выявить основные противоречия, позволяющие определить и решить актуальные задачи по разработке технологии обучения химии учащихся 8–9 классов специализированной школы с сокращенной учебной нагрузкой.

ЛИТЕРАТУРА

1 Бекишев К. Тенденции развития естественно-научного образования в Республике Казахстан. – В сб. Современные тенденции развития химического образования / Под ред. В.В. Лунина и Н.Е. Кузьменко. – М.: Изд-во Моск.ун-та, 2010, С. 53–61

2 Государственная Программа развития образования Республики Казахстан на 2020–2025годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 988.

3 Фролова П. И. К вопросу об историческом развитии понятия «Функциональная грамотность» в педагогической теории и практике // Наука о человеке: гуманитарные исследования. 2016. № 1 (23). С. 179–185.

4 Хвалюк В. Н., Василевская Е. И., Шиманович И. Е. Структура и содержание химического образования в средней школе Республики Беларусь // Современные тенденции развития химического образования: интеграционные процессы. под ред.акад. РАН В.В.Лунина М.: Изд-во МГУ, 2008. – 150 с.

5 Пак М. С. Дидактика химии: Учебник для студентов вузов / М. С. Пак. – Издание 2-е, переработанное и дополненное. – СПб.: ООО «ТРИО», 2012. – 457 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

СЕЙТКАЛИЕВА Д. А.

қазақ тілі және әдебиеті оқытушысы,
Ақсу қара металлургия колледжі, Ақсу қ.

Педагогикалық өміріне 70 жылдай ғұмырын арнаған, Нағыз ұстаз, оқушыға білім нұрын сыйлаған. Павлодардың құрметті ұстаздарының тағдырын, «Ұстаз-ұлағатты ұғым» кітабінде ол жазған. Облысымыздың Құрметті ұстазы, профессоры Тажибай Рахметтулаевич Шаймерденов. Өңірімізде білім мен ғылымның дамуы жайлы жазып, Тарихымызға үлкен мұра қалдырған.

Сабақ – бұл жастары шамалас, құрамы тұрақты оқушылар топтарымен, оқытуды ұйымдастыру формасы, тұрақты кесте және барлығына ортақ оқыту бағдарламасымен сабақ өткізу болып табылады.

Сабақ өткізгенде ұстаздар өздеріне және оқушыларға қолайлы оқыту әдісін тандайды. Сондай-ақ, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу және дайындау білім бағдарламасының өзекті мәселесі. Ең басты нәрсе – жеке тұлғаның қабілетін ашу. Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту арқылы олардың бойынан жақсы қасиеттерді көру. Яғни, адамгершілік, дүниетаным, ізгілік, жоғары мәдениеттілік, белсенділік сияқты қасиеттердің адам бойынан табылуы. Сол себепті мұғалім жан-жақты, сабаққа жаңашылдықты енгізетін болу керек.

Қазіргі инновациялық технологиялар – білім сапасын арттырудың бір кепілі. Оны өз дәрежесінде пайдалану – оқушыны шығармашылыққа итермелеуге ықпалы өте зор. Мен қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында оқытудың тиімділігін арттыру үшін жаңа технологияларды қолданамын. Жаңа технологиялардың ерекшелігі – оның оқушыға жан-жақты ықпал етуі. Тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту, көру), өзін-өзі өзектендіру, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, оқу-танымдық ынтасын жетілдіреді және жеке тұлғаны дамытуға жетелейді.

Менің ойымша әрбір ұстаз заман талабына сай өз сабақтарында оқушылардың біліктілігін арттыру үшін жаңа әдіс-тәсілдерін кеңінен пайдаланғаны жөн. Жаңа технологиялардың арқасында оқушылар қызуғышылыққа, жаңашылдыққа қол жеткізеді. Жалпы технология деген сөз гректің «techō» өнер, шеберлік, және «logos» ғылым деген сөзінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым деген мағынаны» білдіреді.

Т. И. Шамова мен П. И. Третьяковалардың еңбектеріне сүйенсек «Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, яғни жаңалық енгізу, әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз». Басқаша айтқанда «Иновация» деген сөз – латынның «novus» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан. Оның қазақ тіліндегі аудармасы жаңалық, жаңашылдық, жаңару, өзгеру деген мағынаны білдіреді. Қазақстанда ең алғаш «Инновация» сөзіне анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол инновация, және инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – «білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, менгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Немеребай Нұрахметов «Инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда кеңес табады деп көрсетіп, өзінің жіктемесіндегі инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөлді: жеке түрі (жеке дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке – дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын түрі).

Сабақ барысында жиі қолданылатын оқыту технологиялардың түрлері:

- модульдік оқыту технологиясы;
- сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы;
- дамыта оқыту технологиясы;
- тірек-сызба технологиясы;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- ойын арқылы дамыту технологиясы;
- өздігінен даму технологиясы.

Мен өзімнің сабақтарымда студенттердің оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын арттыру үшін жаңашылдықты қолданып отырамын. Біз қолданатын сабақтың жаңа түрлері де сабақтың мазмұнын, мақсатына, жүру барысына қарай дамытпалы қазақ тіл немесе әдебиет әлеміне саяхат жасау сабақтары, аралас сабақ, дәріс сабақ, логикалық-ойын, жарыс сабақтар, ертегі-сайыс сабақтар, тест

әдісімен өткізіледі. Осы өзімнің мақаламда жаңа инновациялық технологиялардың бірнеше түріне тоқталатын боламын. Ол ойын технологиясы, проблемалық технология және сыни тұрғыдан ойлау технологиясы.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында ойын арқылы студенттерді тапқырлыққа, ой-белсенділігін арттыруға бағыттаймын. Оқушылар логикалық ойындарды өте ұнатады. Логикалық ойын кезінде оқушылар бір-бірімен бәсекелесіп, көбірек дұрыс жауабын таңдап, ұпайларын көбейту үшін ат салысады. Мысалы, оқушыларға Әріптер жазылған қиылған түрлі-түсті карточкаларды таратамын. Кім жылдам? Ойыны арқылы балалар сөзді не болмаса бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтайды. Осыған қоса, қазақ халқының киелі сандарымен таныстыру жүзеге асады, мұнда: 3,7, 9,13 сандардың мағынасын терең түсіну де орын алады.

Сабақта 9 санының қасиетті екенін түсіндіріп, ұқыптылыққа, сыпайылыққа, ұжыммен жұмыс істеуге тәрбиелеу көзделеді. Сабақтың тақырыбы, мақсаты түсіндіріледі де, бұл сабақтың ойын түрінде болатындығын алдын-ала айтамын.

9 саны қазақтың ескі салтынан орын тепкен қасиетті сан. Бір рудың екінші руға, бір кісінің екінші кісіге сыйлайтын сыйының, кейде төлейтін айыбының «бір тоғыз», «үш тоғыз», «тоғыз тоғыз» болып келуі осыны толығымен айқындайды.

Тоғыз санымен байланысты тіркестер: «тоғыз ай, тоғыз күн бала көтеру», «тоғыз әйелдің толғағы бір күнде келді», «тоғыз жолдың торабы», «тоғыз қабат торқа қию», «бір тоғыз, екі тоғыз, үш тоғыз (құдалықта орындалатын дәстүр)», «тоғыз жау».

Көшпенділер тоғыз санын болмыстың шыңы деп санаған, олардың салт-дәстүрлері мен наным-сенімдерінде тоғыз саны қасиетті болып есептелген. Тоғыз санының омонимі ол «ұзақ өмір» дегенді білдіреді. Сонымен қатар қазақтарда тоғызқұмалақ ойыны бар. Соңғы деректерге сүйенсек, бұл ұлттық ойынның шығу тарихы төрт мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандар, оның бұдан да ерте пайда болғаны туралы деректер келтіріп жатады. 9 санына байланысты деректерді жинақтаған соң, төмендегі тапсырмаларды орындауға кірісеміз:

9-ға байланысты: ана құрсағында тоғыз ай, тоғыз сөз табы туралы, тоғызқұмалақ ойыны туралы әңгімелеу;

Поэзия минуты: Өлеңдер оқылып, кімнің өлеңі, қашан, қайда жазылғандығын айтады. 9 мақал-мәтел айтады.

Сергіту сәті: 9 сөз табы арқылы сөздерді сөз табына бөледі де 9 түске бояйды.

«Адасқан сөз таптары» ойыны. 9 бала тақтаға шығып 9 сөзді талдайды.

«Тоғызқұмалақ» ойынының мән-мағынасын ашып, өздерін бағалайды.

Жаңа технология жүйесінде проблемалық ойын арқылы оқыту өте маңызды. Балалар түрлі проблемаларды талдайды да проблеманы шешу жолдарын іздейді. Осындай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, олардың пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, өмірде кездесетін әр түрлі қиыншылықтарды жеңуге тәрбиелейді. Осы оқытудың ойын түрін 3 кезеңге бөліп, қарастырамыз:

1-кезең. Дайындық (оқушыларға рөлдерді бөліп беру, топтарға бөлу, проблемаларын алдын-ала таныстыру және ақпараттарды жинау);

2-кезең. Ойын кезеңі (оқушылардың жинаған ақпараттарын тыңдау, қабылданған шешімді талдап, пікірталас өткізу, проблеманы шешкен шешімді қабылдау);

3-кезең. Қорытындылау (проблемаларды шешу жолдарын табу).

Сондай-ақ, өз сабағымда сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша оқыту түрін қолданамын. Оның басты ерекшелігі оқу үрдісін жаңа бағытта ұйымдастыру, студенттердің немесе оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіреді, өз бетінше білім алу үрдісінде бірлесе әрекет ету болып табылады. Сабақта мақсатқа жету оқушының өзі арқылы жүзеге асады. Оқытушы тек ұйымдастырушы, бағыт беруші.

Жаңа және пайдалы ізденістердің бірі қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданылып жүрген әдістердің бірі – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясы. Аталған технология оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, ойлау белсенділігін, тапқырлығын, өзіне деген сенімділігін, іскерлік дағдысын қалыптастырады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша сабақта қызуғышылықты ояту, ой толғаныс кезеңдерінен тұрып, әр кезеңдегі тәрбиелік және оқу мақсаттары әр түрлі стратегияларды қолдана отырып, алға мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздену, оқушылардың өз ойларын анық және ашық айта білуге тәрбиелейді.

Сын тұрғысынан ойлау төмендегі үш құрылымнан тұрады:

– қызығушылықты ояту;

– мағынаны тану;

– ой толғаныс;

Сабақ барысында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың белсенділігі артады, қоғам талабына сай ой-өрісі дамып, шығармашылығы кеңейіп, дамып, терең білімге, бәсекеге қабілетті, заман талқаптарына сай ізденімпаз тұлға қалыптасады.

Студенттердің шығармашылық қабілет одан әрі артуы үшін сабақтар мынадай жолдармен өткізіледі:

Сабақта көрнекі құралдарды және техникалық құралдарды пайдалану, АТҚ қолдану;

Сабақты түрлі қызықты әдістермен өткізу;

Сабақта оқушылар жасаған суреттерін, пакет, схемаларын барынша қолдану;

Сабаққа байланысты отандық, кейде әдеби-тарихи фильмдерді, бейнетаспаларды көрсету;

Аудиожазбаларды тыңдау арқылы тыңдалымнан нәтижеге жету.

Тіл дегеніміз – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Тір арқылы сөйлесу адамға ғана тән. Адам бірнеше тілде сөйлей алады. Тіл – заман талабы мен уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп тұрады. Орыс мектептерінде өтетін қазақ тілі мен әдебиеті сабағының мақсаты – оқушылардың сөздік қорын дамыту, сауатты жазып, дұрыс сөйлеуге үйрету, оқу техникасын қалыптастыру, сөйлем құрылысын меңгерту, қазақ тіліне тән дыбыстарын айтып, сөйлем және сөз арасынан ажырата білуге үйрету.

Қазіргі кезде оқу процесінде оқытудың қалыптасқан негізгі әдістері мен қатар оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері, яғни инновациялық әдістері де жиі қолданылады:

– Мысалы: қалыптасқан әдістер:

– Мәтін бойынша әңгімелесу;

– Аударма;

– Сөйлем және сөзді толықтыру;

– Жаңа сөздерді үйрену;

– Суретті немесе көрнекіліктерді пайдалану;

– Мақал-мәтелдер жарысы;

– Өлең және тақпақтар жарысы;

– Сұрақ, жауап;

Тестпен жұмыс.

Аталған әдістердің барлығы сабақ барысында өте пайдалы болып табылады. Балалардың оқуға қызығушылығы артып,

жаңашылдықты үйренуге ынталары болады. Жоғарыда көрсетілген жаңа инновациялық технологиялардың барлығы оқытушы мен білім алушы үшін өте тиімді болып табылады. Жаңа инновациялық технологиялардың арқасында оқушы оқуда жетістікке жетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. Жоба. // Алматы, 2005;

2 Батышева С. Я. Профессиональная педагогика. – М.: Ассоциация «Профессиональное образование», 1999. – С. 904

3 Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.// Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде, 2004 – №1 – Б. 24–27.

4 Инновация – Жаңашылдық – Педагогикалық инноватика – Инновациялық іс-әрекет – Бағдарлама үлгісі –Педагогикалық мифтер – Педагогикалық технология – Топтық әдіс- Морфологиялық анализ.

5 Бітібаева Қ. Педагогикалық технология талаптары, оқытудың жаңа әдістері // Қазақ тілі мен әдебиеті 2000 № 3 Б. 3–8.

6 <https://umihelp.com/news/90-letie-zasluzhennogo-uchitelya-kazssr-otmetili-v-pavlodare>

7 <https://bilimainasy.kz>

8 https://ustaz.kz/materials/word/qazaq_tili_sabagynda_oqytydyng_janga_tehnologiyalaryn_paidalany-248476.html

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА «СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ»

СЕРГАЗИНА Г. С.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
№ 9 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Мектепте жұмыс атқаратын әрбір мұғалімге қазіргі таңда талап өте үлкен болып отыр. Мұғалім өзінің инновациялық іс – әрекетін қалыптастырып, оны меңгеріп, сол жаңа педагогикалық технологияларды оқу – тәрбие үрдісінде жүйелі пайдаланып, оқушылардың білім сапасын арттыру қажет.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру. Оқушылардың сөздік қорын дамыту, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, оқу техникасын қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, сөйлем құрылысын меңгерту, қазақ тіліне тән дыбыстарын айтып, сөз ішінен ажырата білуге үйрету. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кез болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Мен үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Себебі, жаңа технологияларды меңгерту мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Мұғалім қызметінің мақсаты – оқушының өзін – өзі тұлғалық дамытуға жағдай жасау. Міне, осы тұрғыдан келгенде, бізге сыни тұрғысынан ойлау технологиясы көмекке келеді. Сыни тұрғысынан ойлауды оқытудың негізгі шарттары бар, олар төмендегідей:

Оқушыларға ойлануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.

Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.

Оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенділіктерін мадақтау.

Оқушыларға еркін жағдайда жұмыс істейтіндіктеріне мүмкіндік беру.

Сыни ойлау тәжірибесі үшін уақыт және қолайлы ортамен қамтамасыз ету.

Кез – келген оқушының өзіндік шешімді қабылдай алатын қабілетіне сенімділік туғызу.

Өзін – өзі бағалау.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақ барысында қолдана отырып ойлау, ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіру тәсілдері.

Мен өз тәжірибемде оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, ойлауға үйрету үшін төмендегі әдістерді жүйелі түрде қолданып келемін:

Сұрақ – жауап әдісі – бұл ең тиімді әдіс, оқушылардың көру қабілеттерін ойлау қабілеттерімен ұштастыра дамыту;

Сұхбаттасу әдісі – оқушылардың өз ойларын сыртқа жүйелі түрде беруге үйрету;

Өз ойын айту әдісі – оқушылардың ойлану, ойлау үрдісі арқылы ойын ауызша жүйелі айтып беруге дағдыландыру.

Міне, осы жоғарыда көрсетілген әдістерді бүгінде сыни тұрғысынан ойлау технологиясымен ұштастырып қолданып жүрмін. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасын жүзеге асыру бағдарламасының құрылымы негізгі үш кезеңнен тұрады. Олар мынадай сатылармен аталады: қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс. Бұл сатыларды дәстүрлі сабақ өткізу жүйесіндегі атаулармен салыстырсақ, онда сабақтың құрылымдық кезеңдері деп те атауымызға болады. Сыни тұрғысынан ойлау жобасымен жұмыс істейтін мұғалімдер өздерінің сабақ жоспарларын осы үш саты бойынша құрастырады. Әр кезең «стратегиялар» арқылы жүзеге асады. Сын тұрғысынан ойлау жобасында 80-ге жуық «стратегиялар» бар. Оларды мақсатты, тиімді қолдана білу әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Менің өз сабақтарымда жиі қолданып, іс – тәжірибеден өткізіп жүрген сыни тұрғыдан ойлаудың негізгі стратегиялары мыналар дер едім: «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Т кестесі», «Балық қаңқасы», «Кілтті ұғымдар», «ЖИГСО», «INSERT», «Бес жолды өлең», «ББҮ», «Семантикалық карта», «Хикая картасы», «Қос диаграмма», «Екі жақты түсіндірме күнделігі», «Қалпақ кигізу», «Салыстыру кестесі», «Шиыршық», «Түйінді ой», «Еркін жазу» т.б. Мұғалім үшін ең басты мәселе – оқытудың тиімді әдістерін таңдау. Міне, осы көрсетілген әдістерді бүгінде сыни тұрғысынан ойлау технологиясымен ұштастырып қолданамын. Сабағымда көбіне мынадай стратегияларды қолдана отырып, оқушылардың ойлау, ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіруге баса назар аударамын.

I кезең. Қызығушылықты ояту. ББҮ стратегиясы арқылы ой қозғау.

